

НАМАЗАЛЫ ОМАШҰЛЫ

АЙШУАҚ АЛПЫС

Сурет 1

Астана, 2010

Сурет 2



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы

АЙШУАҚ АЛПЫС

Профессор Намазалы Омашұлы өмір жолының 60 жылдық, ғылыми-шығармашылық, педагогикалық қызметінің 35 жылдығына орай жазылған лебіздер мен ғылыми-публицистикалық еңбектерінің биобиблиографиясы

Құрастырушылар: Қ. Сақ, К. Хамзақызы, М. Мұқашева, Ғ. Ақсейіт.

Астана, 2010

АҒАЛАР МЕН ӘРІПТЕСТЕР ЛЕБІЗІ

Зейнолла ҚАБДОЛ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі,
Қазақстанның Халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

Мен жазған кітаптардың ішіндегі классикасы

– ...Намазалы айналайын, іші мен тысы үйлескен, гармониясы келіскен, симметриясы сай жан. Сыртқы түріне ішкі сыры үндесу кез келгеннің маңдайына жазыла бермейді.

...Ұстаз деген ардақты атты кіршіксіз таза күйінде алып жүргендердің бірі, бірегейі десе де болады, ол – мына отырған менің Намазалы шәкіртім. Біреулер кресломен көркеюге барады, біреулер креслоны көркейтуге келеді. Шырағым, біз таныған қалпыңда тұр! Әрбір менің ұстаздық тәрбиемді алып, түлеп ұшқан шәкірт – менің қолымнан шыққан төлтума кітабым іспетті. **Мен жазған кітаптардың ішіндегі классикасы – Намазалы Омашұлы!**

Зәки АХМЕТОВ,

филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

Журналистиканың туын осылайша жоғары ұста!

– ...Намазалы докторлығын журналистика мамандығы бойынша жақсы қорғады. Кейін өзі журналистика мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғататын Кеңес ашты. Намазалының еңбегін айтып та, жазып та жүр.

Ғалымның жұмыс істейтін кезі – жетпіс пен жетпіс бес дейді. Сенің ғылым саласында жүретін әлі жиырма бес жыл үлкен жолың бар. Сол жолың жарық болсын! Журналистиканың туын осылайша жоғары ұста!

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ,

филология ғылымдарының докторы, профессор,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

Намазалының қарқынына көз ілеспейді

– Намазалы Омашевтің есімі бүгінгі күндері республика ғылыми жұртшылығына ғана емес, шет ел оқымыстыларына да танымал. Өндірдей жас жігіт талап тұлпарына ырғып мінгені күні кеше ғана сияқты еді. Енді бір қарасам қасымыздан зу етіп өте шығып көз ұшында самғап кетіп бара жатыр. Біз де өзімізше бірсыпыра еңбек еткен сияқты едік, бірақ мына Намазалы інімнің қарқынына, тіл-аузым тасқа, көз ілеспейді. Өз қатарында бірінші болып ЮНЕСКО профессоры атануының өзі не тұрады. Әйтеуір мен алмақ тұрсын естімеген атақтары, Кембридж университетінің «Жыл адамы» дей ме, тағы да бір «Құрмет медалі», «Тану декларациясы» дей ме, т.т. шап етекпен. Оған өзімізден берілген марапатты қосыңыз: Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығы бойынша «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, журналистік «Алтын самұрық», Ахмет Байтұрсынов атындағы Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты... толып жатыр. Ол Лас-Вегас (АҚШ), Монреал (Канада), Париж (Франция), Мәскеу және басқа да шет шаһарларында өткізілген ғылыми конференциялардың мінберінен баяндама жасап, қазақ журналистикасының қол жеткізген табыстарына ілтипатты баға алып беріп жүрген ғ

Әбілфайыз ЫДЫРЫСОВ,
профессор, ҚР еңбегі сіңген мәдениет
қызметкері:

Халқының ұлы бола білген азамат

– Ұл боп туатын ұл бар, құл боп туатын ұл бар. Ал, Намазалы – Абай атамыз айтқандай атаның ұлы болмай, халқының ұлы бола білген азамат. Қазіргі мынадай алмағайып заманда журналистика көтерер жүк ауыр. Соның басында отырған Намазалы туралы айтылар сөз романның сөзіндей ұзақ сөз, ақын жырындай ұзақ жыр. Бұл қазақ журналистикасы үшін бұрын-соңды болмаған той. Той-тойға ұлассын, Намазалыдай біртуар ұлдың жасы ұзақ болсын!

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым
Академиясының президенті, ҚР ҰҒА-ның
академигі:

Сіздің еңбектеріңіз қандай құрметке де лайық

– Құрметті, Намазалы Омашұлы! Біз Сізді өркениет жолында нық қадам басып келе жатқан тәуелсіз еліміздегі қазақ журналистикасы ғылымын ұйымдастырушылардың бірі, ұлағатты ұстаз ретінде жақсы білеміз. Қалың оқырман қауымға қазақ радиосы мен теледидарының тарихы мен теориясы туралы салиқалы да терең ғылыми зерттеулеріңізбен танылған Сіздің нәрі мол еңбектеріңіз қандай құрметке болмасын әбден лайық. Сіз қазақ журналистикасы саласындағы саусақпен санарлықтай ғалымдар шоғырындағы филология ғылымдарының докторы, профессоры ретінде талай-талай тамаша игілікті істердің бастауында болып келесіз.

...Сіз қазақ журналистерін даярлаудағы кең көлемді жұмыстарыңыздың, ғылыми қабілетіңіз бен ақыл-ойыңыздың гүлденер шағына келдіңіз. Олай болса, қадамыңыздың қарымы қарыштай берсін!

Ақселеу СЕЙДІМБЕК,
профессор:

Қазақ қаламгерлерінің бас журналисі

Бітер істің басына, жақсы келер қасына. Біздің бүгінгі қонағымыз – Намазалы Омашұлы. Дәл осы мектептің өз ішінен ұшқан түлек, қаламы шыңдалған журналист, жүрегі ізгі ұстаз. Рухы жоғары ұйымдастырушы, жауапкершілік жүгін арқалаған жетекші. ЮНЕСКО-ның профессоры, филология ғылымдарының докторы, ұлттық университетіміздің проректоры, дәлірек айтсақ, Қазақстан қаламгерлерінің бас журналисі. Кездесуіміздің әр сәті журналистік білімнің теориясына, тәжірибесіне, оқу методикасы мен оқу ісін тиімді

астастыруға арналуы қуантады. Көзқарасымыз бен талпыныстарымыздың қолдау табуы, білім мен тәжірибені ұштастырудағы мол тәжірибе мүмкіндігі пайдалы жағынан көрініс табуда.

Рымғали НҰРҒАЛИ,
академик:

Жаңа идеяларды іске асырады

Осыдан қырық жыл бұрын еді. Қазіргі Алматыдағы Өнер институтының ғимараты ол кезде Қазақ ұлттық университетінің Бас корпусы болатын. Филологтар, журналистер сонда оқиды. Әуелде үкімет үйі ретінде салынғандықтан, қанша өзгерткенмен, лекция оқуға лайық үлкен аудиториялар шамалы. Біздің «Әдебиет теориясы» курсымыз бірінші қабатта, күн сирек түсетін, ала көлеңкелеу аудиторияда өтсе де, оқуға енді ғана түскен, журналистиканы мамандық етіп таңдаған студенттердің дәріске қатысуы, семинарларда білімін көрсетуі, берген тапсырмаларды орындауы көңіл көншітеді. Сол көп көгенкөзден кейін айтулы журналистер, белгілі ғалымдар шықты. Филология ғылымының докторлары Бақытжан Майтанов, Тұрсын Жұртбаев, әйгілі публицист Жанболат Аупбаев, талантты ақын Несіпбек Айтөв және таза журналистика бойынша Мәскеудегі Ломоносов атындағы мемлекеттік университетте докторлық диссертация қорғаған, профессор Намазалы Омашев осы қатарда.

Курстастарынан Намазалының бір ерекшелігі ол Қазақ радиосында қызмет істеп, көп мектептен өтіп, университетке оқытушы болып оралды; кандидат, доктор болды; декан ретінде жас қаламгерлер дайындау ісіне үлес қосты; жаңа кафедралар ашуға күш салды; қазақ журналистикасын әлемдік контексте танытуда белсенділік көрсетіп, нақты нәтижелерге қол жеткізді. Ғылым ретінде кенжелеу дами бастаған қазақ журналистика тану саласында Намазалы өзі бас болып, шәкірттері жалғастырып, бірқыдыру шаруа бітірді, әсіресе радиожурналистика, тележурналистика туралы ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектер берді.

Ұзақ жылдар кафедра меңгерушісі, декан, проректор болып мол тәжірибе жинаған профессор Н.Омашев қазір Еуразия университетінде ашылған журналистика зерттеу институтында жаңа идеяларды іске асырады деген сенімдеміз. Өйткені профессор Намазалы Омашев алдына қойған мақсатты міндетті түрде орындайтын талантты әрі қажырлы адам.

Мырзатай СЕРҒАЛИЕВ,
ҚР ҰҒА академигі:

Сыртқы келбет пен таза ішкі жан дүниесі келісім тауып тұрғандай

«Кемедегілердің жаны бір» деген сөз бар. Алғаш естігенде қорқыныштылау көрінгенімен, осы халық даналығында бір мақсаттағы, бір ниеттегі үлкенді-кішілі адамдарды туыстастыратын, жақындастыратын философия бар екендігі көңілге қуаныш ұялатады. Осы философияны басшылыққа алып, алдыңғы толқынның жақсылықтары жұғысты болса екен дейміз; замандас құрбыларымызға қарап қатар түзегіміз келеді; қолдан келгенше кейінгі

буынға үлгі-өнеге болсақ деп армандаймыз. Әсіресе, өкшемізді басып келе жатқан ғылымды зерттеушілерге, білім берушілерге назарымыз көптеп ауады. Олардың жақсы істері көңілге қуаныш, бойға қуат береді.

Көрнекті журналист – ұстаз әрі ғалым Намазалы Омашев танысқаннан бері жылы ілтипатымды тугызып жүрген азаматтарымыздың бірі. Келісті сыртқы келбет пен таза ішкі жан дүниесі келісім тауып тұрғандай көрінеді де тұрады. Әлдебіреуді сырттай жамандап немесе әлдебіреуге жұдырығын түйіп тұрғанын көрген емеспін. Осындай әділдігі және жарасымдылығы үшін оны студенттері де қадірлейді, ағайын-туыстары да қатты сыйлайды.

Намазалының өзіне еріксіз тартатын, еріксіз қадірлеттіретін келесі бір үлкен қасиеті – оның ғылыми ізденімпаздығы. Ол бүгінгі таңда қазақ радиожурналистикасын жан-жақты, терең зерттеп, қомақты еңбектер беру жағынан осы саладағы ғалымдардың алдыңғы сапынан көрінеді. Омашев зерттеулерінің басты ерекшелігі – қазақ журналистикасының тарихын, қазіргі даму үрдісін шет елдік журналист-ғалымдардың зерттеулерімен, еңбектерімен баспасөздің даму мәселелерімен тығыз байланыстылығы. Ол алыс-жақын шетелдерде жиі болып, олардағы журналист мамандарды дайындау тәжірибесінің үлгілі жақтарын Қазақстандағы журналист-студенттерге сабақ беру барысында кеңінен пайдаланады.

Ғұлама ғалым, тәжірибелі ұстаз Намазалы Омашұлы Омашевқа зор денсаулық, толағай табыс тілейміз.

Гадильбек ШАЛАХМЕТОВ,
заведующий кафедрой телерадио и связи с общественностью,
академик Академии журналистики

Патриарх национальной журналистики

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева собирает ученых, известных во всем мире. Один из них – мой коллега Намазалы Омашев, который является директором института по изучению проблем журналистики и в этом отношении это для университета открывает новые границы для его деятельности. Прежде всего хочу подчеркнуть, что Намазалы Омашев является ученым, признанным во всем мире. За время своей научной биографии он издал 5 монографий, 6 учебника, 5 научно-публицистических очерковых книг, напечатал свыше 250 научных статей. Под его научным руководством было защищено 20 кандидатских диссертаций, 3 докторских диссертаций. И для нас очень важно, что новый институт журналистики под руководством Намазалы Омашева будет продолжать эту необходимую, важную, целенаправленную работу. В частности, для меня очень важно, что появятся новые учебники в области телевидения и радио. И первый такой учебник – «Казахская радиожурналистика» выходит в свет к 60-летнему юбилею автора. Мы договорились о том, что вслед за учебником по радиожурналистике появится книга о тележурналистике и необходимая для нынешнего поколения студентов учебник по интернет-журналистике.

Важно, что Намазалы Омашев является не просто ученым, но и патриархом национальной журналистики. Долгие годы в КазНУ им. аль-Фараби вместе со своими коллегами Т. Амандосовым, М. Барманкуловым, С. Козыбаевым они воспитали целую плеяду отечественной журналистики. Его ученики успешно работают на телевидении, радио и в

печати, возглавляя крупные издания, телерадиоканалы страны. Помогает в этом и то, что Намазалы Омашев долгие годы работал заведующим кафедрой ЮНЕСКО. Его научные и публицистические труды известны в Москве, Париже, Монреале, Лас-Вегасе. Я желаю нашему юбиляру крепкого здоровья и новых научных свершений на благо казахской журналистики.

Абдул-Хамид Ф. МАРХАБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор:

Өзінің Апексіне асығулы

— ...Жұлдызнама ғылымында «апекс» деген термин бар. Ол — Геркулес пен Лира жұлдыз шоғырларының арасынан орын алған «нүкте». Күн өз планеталарын орбиталарынан шашау шығармай, Галактикадағы сол «нүктеге» бағыт алып, «ұшумен» келеді...

Ал, біз болсақ, Журналистика Галактикасының Радио мен Телевизия шоғырлары, Баспа ісі және редакциялау мен Мерзімдік баспасөз, солармен қоса-қабат Журналистика тарихы мен Халықаралық журналистика шоғырлары аралығындағы өзінің Апексіне асығулы **Оны** көреміз!... **Намазалы Омашевті!**

Серік НЕГИМОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор:

Алты асқардың басында

Профессор Намазалы Омашевтің шығармашылық еңбегіне, өнегесіне, адамгершілік мәдениетіне, рухани келбетіне ой жарығын түсірер болсақ, оның болмысына тән бір-бірімен тамаша үйлескен үш нәрсені немесе айрықша үш қырын айтуға болады.

Біріншіден, ғылыми-ұйымдастырушылық қабілеті. Н.О. Омашев журналистика факультетіне басшылық жасаған жеті жылдың ішінде факультет халықаралық деңгейге көтерілді. Факультет республикадағы барлық БАҚ-тарға журналист мамандар даярлайтын нағыз ұстаханаға айналды. Жеті кафедрада 80-ге жуық профессорлар мен оқытушылар қызмет атқарды, 1000-ға жуық студенттер білім алды. Факультетте радио-теле-фотостудия, компьютерлік класс, шағын баспахана, параболантикалық антенна орнатылған ЮНЕСКО кафедрасы жұмыс істеді.

Білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде журналистік білім дамуының Тұжырымдамасы, “журналистика” мамандығы бойынша мемлекеттік білім стандарты, бакалаврлар мен магистрларға арналған квалификациялық стандарттар мен типтік оқу жоспарлары жасалынды. Сол сияқты жаңа мамандықтар: “Баспа ісі”, “Қоғаммен байланыс”, “Халықаралық журналистика”, сондай-ақ радиожурналистика, халықаралық журналистика, баспа ісі мен редакциялау, БАҚ менеджменті мен жарнамасы кафедралары ашылды.

Екіншіден, қазақ журналистикасының қайраткері, зерттеушісі дәрежесіне нәтижелі еңбектерімен жетуі. Ол 6 оқулықтың, 5 монографияның, 5 ғылыми-публицистикалық еңбектер мен очерктер жинағының, 7 оқу құралдарының және 300-ден астам ғылыми, публицистикалық мақалалардың авторы. Оның жетекшілігімен 20 кандидаттық, үш докторлық диссертация қорғалды. Н.О. Омашевтың ғылыми еңбектері қазақстандық ғылыми ортада ғана емес, сонымен қатар алыс-жақын шетелдерде де үлкен резонанс тудырған. Ол Лас-Вегаста (АҚШ, 1998), Париж (Франция, 1999), Монреал (Канада, 2000), Ресей (Москва, 1980-1992) және т.б. халықаралық конференцияларда жоғарғы кәсіби бағаға ие болды.

Н.О. Омашев – танымал публицист, оның мақалалары республикалық газет-журналдарда жарық көріп тұрады, радио және телебағдарламаларға жиі қатысады. Публицистің қаламынан туған жолсапар және портреттік очерктері мен түрлі эсселері, ғылыми-танымдық мақалалары мен деректі фельетондары оның шығармашылық дарыны мен публицистік шеберлігін айғақтайтын “Ақпарат әлемі” атты таңдамалы шығармаларының екі томдығына топтастырылған (2006). Публицист очерктері сезімге әсер ететін суреттер мен нәзік лиризмге толы. Ал фельетондары оның сықақшылдық қырын танытады: оқымандардың есінде ирониялық тапқыр тіркестерімен, сәтті қолданылған юморлық эпизодтарымен, күлкілі диалогтарымен қалады.

Үшіншіден, ұстаздық жолында мыңдаған жас журналистердің қанаттануына, білімді-білікті елдің сөзін сөйлейтін азамат болып есеюіне аянбай қызмет етті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ең бір өзекті, арналы саласы – радиожурналистика. Мұның қалыптасу тарихы мен дамуы, өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдер жүйесі бар гуманитарлық ғылымдардың өзгеше бір түрі. Радиожурналистиканың мейлінше күрделі ғылым екендігін мынандай бір жағдайлар терең ұқтырады. Ол тіл білімі, психология, тарих, философия, социология ғылымдарымен байланысады. Сондықтан да радиожурналистиканың ұлт баспасөзі мен БАҚ-тың тарихында орны ала-бөтен.

Бұл орайда профессор Н.О. Омашевтың «Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі» атты оқулығында (Астана, 2009) радиожурналистиканың теориялық қисындары мен тәжірибесі, отандық радиохабар тарату ісінің қалыптасу тарихы мен даму кезеңдері, жанрлары мен пішіндер эволюциясы, радиохабар таратудың негізгі міндеттері (ақпараттық қызмет, қоғамды әлеуметтік топтастыру, мәдени-ағартушылық, дыбыстың акустикалық табиғаты, радиоландыру ісінің алғашқы кезеңдері, Түркістан Республикасының ақпарат жүйесі, Радио Достары Қоғамы құрылуы, Ұлы Отан соғысы тұсындағы кеңестік радио әлемі, әміршілдік-әкімшілдік, қайта құру мен жариялылық тұсындағы радиохабар тарату ісінің шежіресі, радиохабар жасаудың технологиясы мен бейнелеуші құралдары, радиожурналистің шеберлік зертханасы, радио аудиториясы мен радиохабар таратудың экономикалық негізі, ашық қоғам мен шетелдік радиостанциялар мәселесі, радиохабар технологиясын оқытудың әдіснамасы жан-жақты зерделенеді, айғақ-мысалдармен дәлелденеді, ұғынықты түсіндіріледі, кешенді білім көздері көрсетіледі.

Профессор Н. Омашев сонау 1921 жылы Орынбор өлкелік радиостанциясының қызмет істегенінен бастап, Қазақ радиосы адамзат өркениеті тарихындағы жаһандық мәнге ие құбылыс, бөлекше ғылыми-техникалық жетістік, миллиондардың ой-сана дүниесін эмоциональдық-экспрессивтік әсерлілігімен билейтін құдіретті күш, Қазақ Еліне ересен толағай жаңалықтар әкелген, ұлт мәдениетінің, ой-санасының жетілуіне, елшілдік, мемлекетшілдік рухты сақтауға жойқын қуат қосқан әмбебап тәрбиеші екендігін кемелсіпатайды.

Тәуелсіздік тұсында радионың мүмкіндігі, сөз бостандығы, шығармашылық еркіндік, жедел ақпарат ұйымдастыру, сөйлеу әдебі, радиожарнама мәдениеті, кәсіби біліктілік мәселесі сараланады. Автордың көрсетіп жазуынша, радио – өнер, ақпарат, бизнес көзі, руханият бастауы, тағдыранықтағыштық қасиетке ие габриел кеңесші. Осындай әмбебап ақпарат таратушы қуатты құралға шапшаңдық, мезгіл мен мекен таңдамау, орасан психологиялық-эмоциялық әсерлілік тән.

Радио – дыбыс өнері. Оқулық авторы Н. Омашев дыбыстың акустикалық табиғатына үңіледі. 1) Диктор даусы немесе музыка. Сөйлеу үрдісіндегі мазмұнға, ой-пікірге орайлас дауыс толасы, дауыстың жоғары не төмен құбылып отыруы. Әлбетте, мұның баршасы мәтіннің мәніне, сипатына, сөйлеушінің шығармашылық, зиялылық, көркемдік әлеуетіне орайлас екендігі. 2) Аудиторияның мақсат-мүддесін ерекше ескеру, негізгі көкейкесті ойларын дәп басу. 3) Хабардың музыкалық құлақ күйі, сонан соң қызғылықты, шынайы ақпарат ұсыну, эфирдегі естілу ерекшелігін ескеру. 4) Тағы да сөйлеушінің таным-пайым деңгейі, даусының сүйкімді мәнері, реңкі, шешендік болмысы.

Радиохабар таратудың асқаралы міндеттерін біліктілікпен жіктеп, оның мемлекеттің көркеюіне, қоғамның гүлденуіне, отбасының кемелденуіне ықпалын, сонымен қатар аудиторияның ортақ құндылықтарын, ұлттық һәм жалпыадамзаттық құндылықтарын сөз етеді. Тыңдармандардың әлеуметтік құрамы, ұлттық және діни ұстанымдары, жас ерекшеліктері де ескеріледі. Нендей хабар берілсе де, оның өзегінде адамдарды бір-біріне бауырластыру, ізгілікке шақыру идеясы алдымен бой көрсетуі керек екендігін қадап айтады. Яғни, Абайша айтқанда «толық адам» тәрбиелеу. Толық адамға шынышылдық, ізгілік, даналық тәрізді қасиеттер тән. Радионың, шын мәнісінде, қоғамдық пікірді білдіру мен қалыптастыру міндеті – оның радио-сұхбат, дөңгелек үстел, әңгімелесу, сырласу, ток-шоу тәрізді жанрлық түрлерінде айқын көрініс табатындығын байымдайды.

Радионың қоғам өмірінде, руханият әлемінде мән-маңызы айрықша. Танымдық деңгейі, тағылымдық сипаты, көркемдік дәрежесі жоғары радиохабарларда халықтың діни сауатын, отаншылдық рухын, құқықтық санасын, экологиялық көзқарасын қалыптастыруда тарихи-мәдени қызметін саралап салмақтау – осынау оқулықтың жақсы бір көрсеткіштері деуіміз дұрыс.

Радио – әдеби тілді жетілдіру, шеберлікпен сөйлеу мен мәдениеттің де ұйтқысы, білім мен танымның бастауы. Бұл орайда оқулық авторы радионың мәдени-ағартушылық қызметіне, аудиомәдениеттің үздік үлгілеріне, тікелей эфир табиғатына талдау жасайды.

Радиохабар жүйесінің даму кезеңдерін баяндау барысында Форт-Александровск радиостанциясы 1912 жылы жұмыс істегенін, 1921 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақ АКСР Халық комиссарлары Кеңесінің шешімінің республикалық радионың қалыптасуына игі әсер еткенін, Орынбор радиостанциясы әр күн сайын 1600 сөзден түзілген радиобюллетеньді республика көлеміне таратуға құқық берілгенін мүмкіндігінше ыждаһатпен түсіндіреді. Радиоландыру ісінің шежіресін нақтылап көрсеткен кестесі де, жаңалықтың көріністерін тәптіштеп баяндауы да, түрліше жанрлары мен пішіндерін байыптауы да (мысалы, ауызша газет сипаты) ойға қонымды.

Соғыс тұсындағы кеңестік радионың тарихын зерделеуде қыруар тарихи-мәдени деректер, мәліметтер келтіреді. Айталық, «Совинформбюроның» 7 мың корреспонденциясы оқылғанын, ұлы жыршы, дауылпаз жырау Жамбылдың «Ленинградтық өренім» толғауы саңқылдап естілгенін, жауынгерлік радиопублицистиканың кең өріске шығып, ұшқырлыққа ие болғанын, әйгілі «Жас қазақ» әні шырқалғанын, жанрлар мен пішіндердің толыса түскенін айтуға болар еді. 1943 жылдың 13 шілдесінде мынандай радиоочерк (немесе радиосуреттеме)

берілген: «Ұлы Отан соғысы кездерінде 1941 жылдың 12-14 маусым күндерінде Қазақстанның астанасы Алматыда 316 атқыштар дивизиясы құрылды. Дивизия атақты Чапаевтың үзеңгілесі, генерал-майор Панфиловқа тапсырылды. Бауыржан Момышұлы сияқты командирлер тәрбиелеп өсірді, политрук Мәлік Ғабдуллин мен қызыл әскер Төлеген Тоқтаровқа Совет Одағының Батыры атағы берілді» (ҚазТАГ).

Оқулықта әкімшілдік-әміршілдік жүйе тұсындағы (1950-1985 жж), Қайта құру және жариялылық дәуіріндегі (1985-1999 жж), Тәуелсіздік кезеңіндегі (1991-2005) радиохабар тарату ісінің тарихы жан-жақты әңгімеленді.

Радиожурналистика жанрларының эволюциясы, тарихи даму үрдісі, негізгі пішіндерінің өзіндік өзгешеліктері, қалыптасуы мен даму тарихы, радиоақпараттың сипаттары (деректілік, дәйектілік, жедеғабылдық, толыққандылық, ізеттілік, айқындық, мәнерлілік), радиохабар жасаудың технологиясы мен бейнелеуші құралдар жүйесі, радиожурналистің кәсіби біліктілігі, дикторлық радиодан журналистік радиоға ауысу жайы, сөз мәнісі, ой дәлдігі, оқу мақамы, формат, пішін, стиль, әңгімелесу мәселесі, ақпаратты-музыкалық, ақпаратты-публицистикалық, музыкалық-ақпараттық, ақпаратты-танымдық хабарлар жүйесі нақ-нағымен, тақта-тақтасымен талданады.

Радионың тілі туралы ой-толғаныстары әсерлі өріледі. Оның жазба тілдің дыбыстық құрылымына келісім, әуез, музыкалық қасиет дарытатынын айрықша атайды.

Тікелей эфирдегі сөйлеу тілін ұлттық шешендік өнер дәстүрінің сабақтарымен кемелдендірудің бес түрлі әдісін қолданудың үлгісін ұсынады. 1) Оқығанды миға, санаға, көңілге тоқу. 2) Шешендік өнер жаратындыларын (жыр, терме, айтыс) ұнтаспадан тыңдау, тұтас болмысымен қабылдау. 3) Жиган-тергенді ұсынақты пайдалану, сөздік қорының тезисін жасау. 4) Ділмар-шешендердің іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, дауыс ырғағын, сөйлеу мәнер-машығын жіті қадағалау. 5) Ой-пікірді дұрыс, жинақы жеткізіп, «уақыт аясына сиғыза білуге машықтану».

Профессор Н. Омашевтың «Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі» атты оқулығында мемлекеттік стандарт талаптары, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық мәдени құбылыстар, оқу материалдарының ұғынықтылығы, шығармашылық сипаттағы дамыту тапсырмалары, теория мен тәжірибенің өзара байланысы мұқият ескерілген. Оқулықтың тілі ұғынықты, жатық. Танымдық қызығушылықтарға кең өріс ашады. Ғылыми-теориялық тұжырым-пайымдаулары нақты, затты.

Санаткер, қайраткер Намазалы Омашев алты асқардың басына жетістіктермен жетіп отыр. Оған шығармашылық шабыт, отбасына амандық, деніне саулық тілеймін.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің жанындағы
«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры,
профессор:

Береке иесі

Кәсібің қаламгер болғандықтан да, үнемі жүрек түкпіріне сақтап, алыстан қайырып, жаныңа жақын тартып, өзіңнің көңіліңнің жұбанышы үшін, өмірдің бар бояуымен асықпай бабымен жазармын-ау деп жүрген оқшау сырың болады. Соның бірі достарың, соның ішінде бозбалалықтан тартып сақалың бозқырау тартқан шағыңа дейін қанжығаласып қатар гүлденгенің.

мыр кешкен курстастарың. Бұл өзі таусылып бітпейтін сыр мен жырға толы, базына мен назға толы, еркелігі мен еркіндігі мол, ешқандай алаңы мен айласы жоқ, көңіліңе көлеңке жасырып қалмайтын қамсыз күндер мен сәттердің шапағатты жиынтығы. Ата сақ алымыз ауызымызға түссе де әлі де бас қосып, шүйіркелесе қалсақ, құрдың ойнағындай құрқылдасып, екі езуіміз жиылмай, күлкіміз тиылмай, қалжыңымыз таусылмай, құмарымыз қанбай тарқасамыз. Ертеңінде кешегі күлгіден қарысқан жағымыз ашылмай, не айтқанымыз есімізге түспей, әйтеуір мәз күйімізде қайта хабарласып жатамыз.

Бірақ күнде кездесетін «күлтөбедегі кеңестің күні өткен», бәріміз де сол баяғы бір-бірімізге риза, бәріміз де сол баяғыдай бірі-бірімізді сағынған күйде, бәріміз де сол баяғыдай бір-біріміздің қосалқы аттарымызды атап, көрмегенге сәлем айтысып тарқасып жатамыз. Бұл дәстүрдің де өзгермегеніне тура қырық жылдан асып келеді. Сабақ тастарымыздың арасында тағдырдың тырнағына ілінгендері болмаса, саяқ кетіп, салқын қабак танытқандары жоқ. Сонау бір алпыс тоғызыншы жылы тамыз айында Қорғастың түбіндегі жүгері жинауға барғанда алғашқы басы қосылған кездегі ақжарма қалпымыз.

Бастапқыда курстағы елу бір адамның елуі ақын еді, қазір Асқар марқұм дүниеден қайтқаннан кейін екеуі ғана ұйқас іздеп басын қатырып жүр. Қалғанымыз бірінші курста, ерінбегеніміз отызға аяқ басқанда, Құнанбай атам айтқандай, мұндай «шайтандық машақаттан» ертерек құтылып алғамыз. Ал соның ішінде әлгі «шайтандық өнер» қонбаған, яғни, ақындықпен басын әу бастан ауыртпаған таза ақылдың иесі осы Намазәлі Омашев болды. Бірақ «қураған көк өрікке гүл бітіріп», қырғыздың айылындағы көзжақсы қыздары мен алма бағын есіне күніне үш уақ алып, гитарасын сыңсытып әуенге қосатын еді.

Сомбреросын басына киіп, оның тамақ бауын иегінің астына іліп алып, «Көк өрікті, дегенде, көк өрікті, ойнамаған, күлмеген не көріпті» - деп сұңқылдата жөнелгенде, сол көк өріктің гүлдегенін былай қойғанда, өзін әлі көрмеген, «ойнаудан, күлуден» енді дәмепіп жүрген Жанболат екеуіміз сияқты шикіөкпелерге Намазәлі кәдімгі сақа, мәтқапысыз жігіт көрінетін. Кейін сол сақалығына лайық сақа сайладық, яғни, топтың ауылнайы болды. Біз де оның айналасына үйіріліп тұрдық, әлі де үйіріліп келеміз, шамамыз жетіп, шалдыққаниша үйіріле беретін де шығармыз.

Өйткені сөз де, қалжың да, қонақтың реті де, тасқаяқтың бәсінің мөлшері де Намазәлінің ырқына бейімделеді. Кей-кезде ертедегі стипендия таратқан жомарт күндері еске түсіп кете ме, ойда-жоқта шүленсіп қоятыны да бар. Сондайда, Намазәлінің бойындағы бір қисынды мінезі шаң беріп қалады. Қаниша айтқанмен пайғамбарымның ақ жолындағы салих сейіттің сарқыты емес пе, ұтпайтын немесе үнемі ұтылатын Несіпбек екеуіміздің де қанжығамыз майланып, әлденені байланып қалатынымыз бар. Әттең тоны қысқа... Әйтпесе, қолынан келсе қонышынан басып, бізге жұмыс істетпей, Несіпбекке өлең, маған кітап жаздыртып қойып, үйде жатқызатын жомарттық мінез Намазәліде бар. Сондайда, осы Намазәліні шынымен жақсы көріп, бір кезде ауылнай сайларда «оппозицияға» ілеспей, дауыс бергенімізді сүйініп еске алатынымыз бар.

Шынына көшсем, біз сол кезде курстың старостасын емес, курстың береке басын сайлаппыз. Өйткені сол күннен бастап біз стипендия, жатақхана, емтихан сияқты «қосалқы басы артық шаруалардан» құтылдық, тапсыруын біз тапсырғанмен, қалғанын үйлестіретін өзі. Кейде бір аптаға дейін стипендияны алуды «ұмытып» кетсек, ешкімнің қолына түсе бермейтін сары портфелін сүйретіп жүріп, соңыңнан қуып жүріп санап береді. Сондай-ақ, біздің өмірімізге кейіннен араласа бастаған той-томалақ, жиын-терін, жиым-терім, отыз, қырық, елу, алпыс дегенді есімізге алып, өзі ұйымдастырып, өзі өткізіп, өзі қарсы алып, өзі шығарып салып, өзі ауыртқан басты өзі жазып жүргені. Яғни, әу баста оған жіліктің басын дү

рыс ұстатқан екенбіз. Біздің бітіреріміз, Намазәліден патшаның пәрменіндей пәрмен келсе бітті, жемге үйірілген шымыықтай боп қазақ даласының әр түкпірінен шүпірлесе қаламыз.

Міне, сол біз ұстатқан тізгінді тура қырық жыл бойы қатты ұстап келеді. Сол тізгіннің ұшымен жалғасып журналистика факультетінің нөқта ағасы болды. Қайран Хайрекеңнің – қазақ журналистикасының «ақ бас бұрасы» Хайыржан Бекхожиннің, тарлан Таукеңнің – Тауман Амандосовтың, темір Темкеңнің – Темірбек Қожакеевтің, абзал Әбекеңнің – Әбілфайыз Ыдырысовтың, әбілханаһат бастауы Әбдул-Хамит ағамыздың, лебізді Ләфаңның – Ләтифа апайдың, тұрлаулы Тұрымтай апайдың орынын басып, тәлімін жалғастырды.

Соның арқасында біздің де берекеміз қашпай, қайта ұйып, кафедрамен байланысымыз үзілмеді. Қайта оралып, қайырылып келіп жүріп біраз курстастарымыз өзінің адал еңбегімен доцент, профессор, ал кейбіріміздің балаларымыз магистрант, аспирант, кандидат, бас редактор боп тәрбиеленіп шықты. Көлгірсімей-ақ қояйық, сол үрнекбастардың «еті де, сүйегі де» Намазәлінікі болды. Біз де ол жағына қамсыз жүрдік. Расында да неміз бар: «Бала өзіңдікі, не қылсаң да өзің біл! Аулақ жүр», - дейсің. «Ей! (Бұл араға кез-келгеніміздің аты-жөнімізді қоюға болады, мейлі менің-ақ атымды, не Несіпбектің атын қойыңыз) Мынауың аспирантураны бітіріп ап, дайын тұрған диссертациясын қорғамай газетке кетемін дейді. Құтыла алмай жүрген қу болса қуанар едім. Қайран еңбегім!», - дейді. «Еңбегің кетпес далаға а...», - дейміз емеуірінмен.

Намазәлінің сол шәкірттері айдалаға кеткен жоқ, сол өзінің айналасына үйіріліп, қазақ баспасөзінің қолтығынан демеп жүр. Тіпті алысқа кеткені әр саладағы мекемелердің баспасөз жағының шылбырын ұстап отыр. Ендеше оның өкпелейтін, біздің қызаратын жөніміз жоқ. Бәрі де қалам ырысын қазақ елінің игілігіне жұмсап жатыр. Мен өз басым, курстың сақасы марқұм Айтмұқаштың Абайын тәрбиелеп, бауырына басып, бас бармақтай оқытушы етіп тәрбиелеп шыққанына қатты ризамын. Бұл жағына келгенде Намазәлінің бауырмалдығы шынайы. Өз бауырларын қалай жарылқап жатқанын білмеймін, біздің бауырларымыздың басынан сипалмай қалғаны жоқ. Оған жалғыз-ақ мысал келтірейін. Тура отыз бес жылдан бергі қазақ университетінің журналистика факультетін бітірген қазақ-орыс бөлімдерінің шәкірттерінің өзі орта есеппен алғанда үш мың адамнан асады екен. Солардың әрқайсысының сынақ кітапшасында Намазәлінің қолы бар.

Сондықтан да қазіргі ең жауынгері көп сөз сардарының бірі де осы Намазәлі. Оның төрмен төрағалыққа бойын үйреткені сондай, ректорлар мен министрлерден жоғары отырады. Тек, кей-кейде, біз менсінбейтін академиктер мен дәбірлерді өзінен жоғары шығарып, біз тағзым ететін академиктер мен ағаларды өзіне қызмет еткізіп қоятыны бар. Мысы басып тұрған адамға ол да жарасымды. Өзінің орынын білмейтін адам Намазәлі емес. Ол сыйлай да, сыйлата да алады. Яғни, оны біз де ебін тауып «жұмсаймыз», ол да «есебімен жұмсайды». Әйтпесе, кілең Асқар Егеубаев, Жүрсін Ерманов, Несіпбек Айтов, Жанболат Әуіпбаев, Есен Сафуани, Қосылған Әбжанов, Сәулебек Жәмкенов, Бақытжан Майтанов сияқты қазақ таныған көкжалдарды уысында ұстап отырудың өзіне де мыс пен пыс керек. Әрқайсысы бір-бір министрге кеудесін алдырмайтын шамшыл тарландар. Солардың барлығы да Намазәлінің алдынан кесіп өтпейді. Намазәлі де оларды шамдандырмай жалынан сипаудың амалын біледі. Оның басты құпиясы – қашанда достарының берекеесінің басында жүреді. Бұл заманда бұл да әркімнің қолынан келе бермейтін қасиет. Бұл жолы асығыс қалам алып, бар жақсы сөзді кейінге қалдырып, курстың атынан едел-жедел білдірген пікірім осы болды.

Ал қазақ радиосының тарихы мен жанрын ғылыми ізге түсірген Намазәлінің еңбегі менсіз де әспетталып жатқан шығар. Ол заңды да. Менің ойымша, ұстаздардың ұстазы – профессор деген сөзден артық мақтау жоқ. Ал Намазәлі нағыз профессор. Мінез

профессоры.

Міне, Намазәлінің «Арқаның ару қызы», курстасымыз Кларамен қол ұстасып Астанаға, Жәмкенов айтқандай, «қайындап келіп қалғанына да» жыл толып қалды. Ортамыз толып, біріміздің кезегіміз келіп, біріміздің кезегіміз келмей, кейіміз кергіге түсіп, мәре-сәре болып қалған жайымыз бар. Сарыарқаның ауасы жүрегіне дауа боп қонсын. Қалған тіршіліктің баянын тілеймін.

Аманхан ӘЛІМ,
ақын, М.Мақатаев атындағы
сыйлықтың иегері:

Журналистика ғылымының негізін қалады

– Талант – сан қырлы категория. Егер, талант иесі ұстаз болса, онда оның алар асуына қоса, берері де молыға береді. Міне, сондай таланттардың бірі – белгілі журналист, білікті де білімді ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлы. Кең байтақ республикамызда, айта берді ТМД елдерінде еңбек етіп жүрген талай қарымды қаламгердің ұстазы, сонымен бірге, бұғанасы бекіп, қабырғасы қатқан журналистика ғылымының негізін қалады деуге келетін еңбек иесі де сол Намазалы Омашұлы...

Сейілғазы ӘБДІКӘРІМОВ,
журналист:

Әлемдегі ойшыл ғалымдардың тізіміне қосылды

– Профессор Намазалы мырза халықаралық ғылыми-зерттеу конференцияларына сан рет қатысып, баянды баяндамалар жасап шетелдік профессорлардың сан рет көңілінен шықты. Өткір проблемалардың сабағын шығарып, сол ғылым теориясының небір саңлақтарының алдына көлденең тартқанда шетелдік әріптестері дән риза болған.

Намазалының ой түбінен сараптап тартып, тыңдап отырған ортаны селт еткізіп ойландыратын, дәлелді болжамдарына сүйсінгені соншалық сартылдатып шапалақ соғып, таңдайын тақылдата қағып тамсанғандары да болды. Мұндай сәттер Мәскеу мен Париж қалаларында өткен ғылыми-теориялық конференцияларда айқын көрінді. Сондықтан да болар 1995 жылы ЮНЕСКО-ның профессоры атанған Намазалы Омашұлы журналистика ғылымы саласында әлемдегі ойшыл ғалымдардың тізіміне қосылды.

Темірғали КӨПБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
«Қазығұрт баспасы» ЖШС-нің президенті:

– Профессор Н.Омашұлы өмірде өте қарапайым адам. Жастардың бәрі оның қасынан табылғысы келетіні осы адамгершілік қасиетінен. Әр нәрсені байыбына барып, тереңнен түсінетін ұлағатты ұстаз шәкіртінің орынды бастамаларына үнемі қолдау көрсетіп, жігер беріп, бағыт-бағдар сілтеп жүреді.

Қазір Ол кісінің бір өзі – бір мектеп. Көшелі адамнан өмір сабақтарын үйрену – үлкен

Аязби БЕЙСЕНҚҰЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті телевизия және радио
журналистика кафедрасының
меңгерушісі:

— ...Профессор Н.Омашев қазақ радиожурналистикасын зерттеуде айтарлықтай еңбектенді: жаңа деректер негізінде Қазақ радиожурналистикасының тарихы 1921 жылы хабар тарата бастаған Орынбордағы өлкелік радиостанциядан бастау алатындығын дәлелдеп шықты. Осылайша сексен жылдан асатын тарихы бар Қазақ радиожурналистикасы жақсы зерттелген, жүйелі мектебі қалыптасқан ғылым деп айта аламыз.

...Профессор Намазалы Омаиұлы Қазақ радиофельетонын теориялық талдап, ғылыми айналымға алғаш рет шығарса, «Қазақ радиожурналистикасы» атты монографиясында елімізде радиохабар тарату ісінің қалыптасуы мен дамуын тарихи деректер негізінде жүйелеп, кезеңдерін айқындап, жанрлар мен пішіндер эволюциясын көрсетіп берді. Бұл еңбегі радиожурналистика ғылымындағы іргелі концептуальды дүние ретінде тиісті бағасын алды.

Төрегелді БЕКНИЯЗОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент:

— ...Қазақстанның журналистикасын алдағы биіктерге шығару үшін журналист, ғалым, ұстаз ретінде Н.Омашев жатпай-тұрмай еңбектеніп келеді. Қайткенде бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын жақсартуға болады? Бұл — оның көп күйттеп жүрген проблемасы.

Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА,
член Союза писателей РК,
член Союза журналистов РК:

— Большое внимание в своих трудах профессор Омашев уделяет подготовке качественно новых кадров. Его интересуют многие черты газетной индустрии США, деятельность радиогигантов.

Намазали-педагога постоянно волнуют проблемы журналистского образования. Основным стержнем его трудов является необходимость поисков новых путей в деле подготовки всесторонне образованных, высокоинтеллектуальных и интеллигентных специалистов.

АРНАУ-ЖЫРЛАР

*Марфуға АЙТХОЖА,
ақын:*

Атағың құтты болсын, Намазәлі

*Атағың құтты болсын, Намазәлі,
Жыл болды,
Есте қалар, мағаналы...
Көңілдер қуаныштан толқи берсін,
Бейне шалқар теңіздей,
Шағалалы!*

*Атаққа бөлене бер, Намазәлі,
Жаңғырып, заманмен ел,
Жаңарады!
Жақсылық тосып алсын алда талай,
Қазақтың биік болып,
Шаңарағы!*

*Жете бер биіктерге, Намазәлі,
Өмірдің, білімнің де жаңа мәні!
Жалғассын Атағыңа,
Сан жақсылық,
Асатын асу алда,
Саған әлі.
Жете бер биіктерге,
Намазәлі!*

*Жүрсін ЕРМАН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,*

Омашевқа ода

Достар үшін Намаздың жоқ бір міні,
 Өзімізге ұнайды өткірлігі.
 Басқалардан әйтеуір тереңірек
 Көрінеді бізге оның докторлығы.

Бәлкім, оны біреулер жақтырмайды,
 Бірақ біздің көңілде қақ тұрмайды.
 Баламызды оқуға түсірерде
 Әттең, жерге кіргендей таптырмайды.

Сүтке тойған жайлаудың марқасындай
 Көрдiңдер ме, жiгiттi мәрт осындай?!
 Маңдайын айт, маңдайын – жарқыраған,
 Қазақстан елінің картасындай.

Жүрегін айт – досқа ашық, жолдасқа ашық,
 Аруларда амал жоқ болмас ғашық.
 Келе жатыр сары жол сорабымен
 Намазалы досымыз маңғаз басып!..

Бәрін айт та, бірін айт – Намазымыз –
 Тасқа салсаң таймайтын Камазымыз.
 Темірбек пен Тауманның орнын басқан
 Сен аман бол, сары алтын сабазымыз!

Несіпбек АЙТҰЛЫ,
 ақын, М.Мақатаев атындағы
 сыйлықтың иегері:

Намазалыға Несіпбектің айтқаны

...Өрледің оза шауып тас қияға,
 Әйтпесе ана маңдай қасқия ма?!
 Жеңіліп, Наполеондай сорлап қайтпай,
 Сен батыр қорғап қайттың Москвада!

Арзанды олжаламай аз күн жүріп,
 Әйтеуір, не жазсаң да жаздың біліп.
 Тауысып төбе шашты, көз майыңды,
 Ерінбей инеменен қаздың құдық!

...Бұл жасың бөліп жеген бөлкедей-ақ,

Немесе қыздар жапқан көрпедей-ақ.
Басасың қиырларға ертең аяқ,
Сен үшін Америка Меркедей-ақ!

Шыға бер он жыл сайын әр төбеге,
Жете бер абыройға, мәртебеге!
Біреулер жүз жасаған ұзақ ғұмыр,
Біздерге болу керек келте неге!?.

Көпен ӘМІРБЕК,
Президент грантының иегері, ақын:

Шуақты шақтар

...Қатырсаң да басыңды
Таба алмайсың бал ашып.
«Н» дегенің – Намаз да,
«О» дегенің – Омашев.

Ойнаса да Ойталда
Бір сақамен он асық.
Көп ұтылып көрмеген
НО... бірақ та – Омашев!

Жүзі жарық журфакқа
Түссе-дағы дөң асып.
Гитарист боп атанған
НО...бірақ та – Омашев!

Ғылым қуып жасынан
Көз ілсе де таң асып.
Талып, құлап қалған жоқ
НО...бірақ та – Омашев!

Атанғасын кандидат
Алматыдан әрі асып.
Бір-ақ шықты Мәскеуден
Ортекедей Омашев!

Шөл даланың шөбіндей
Шашына да жаны ашып,
Докторлығын қорғарда

Қараған жоқ Омашев!

*...Біз секілді ойнасын,
Бұл құрдастар ойнаса.
Жүз жасыңа жекелеп
Тағы да өзің той жаса!*

Сағымбай КОЗЫБАЕВ,
доктор исторических наук, профессор,
зав.кафедрой истории журналистики
КазНУ им. Аль-Фараби:

*Как земля прекрасна и огромна
Где бы ни ходить нам, ни летать.
Шлем мы привет из родного журфака
Где тебя, Намаз, удалось узнать.*

*Возвращая годы как живые,
Вспоминая, что было с Тобой.
Мы всегда душой молодые,
Отмечаем сообщая твой той!*

*Если век в истории – минута,
Ты сумел для нас ее продлить.
И в стенах родного универа
Тебя будут помнить и любить!*

Қырықбай АЛЛАБЕРГЕН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
журналистика
кафедрасының меңгерушісі:

*Елу жылда ел жаңа,
Алтысында ер – дана!
Нәкең біздің азамат
Ұқсамаған басқаға.*

*Үлкенге – ізет білдірген,
Кішіні іспен сендірген.
Қателескен кезі жоқ,*

Бұра тартып өмірден.

*Журналистика тұтқасын
Уысында ұстаған.
Себебі оның оң ісін,
Үлкен-кіші құптаған.*

*Қаламгерлер қазіргі,
Ғалым-ұстаз шәкірті.
Жүректерге жол табар
Таптырмайтын бар кілті.*

*...Тойыңыз-тойға ұлассын,
Алысқа жайып құлашын.
Жүзге жетіп жас ұрпақ
Оқысын ғалым мұрасын!*

ШӘКІРТТІК КӨҢІЛДЕН...

Шархан ҚАЗЫҒҰЛ:

ТӘТТІ ҚҰБЫЛЫС ТЕОРЕТИГІ

Журналистикаға қарай қадам басқан кез келген талапкердің өмірдегі ұстаздары үш топқа бөлінеді. Біріншісі — университет қабырғасында білім берген барлық ұстаздарыңның арасынан алабөтен суырылып шығып, сені машақаты көп мамандықтың ұңғыл-шұңғылына асқан шыдамдылықпен жеке баулитын адам. Екіншілердің қатарына жазу өндірісіне барғаныңда өзіне етене жақын тартып, көрген-білгенін айтып, сөз өнерінің қыр-сырына тәрбиелеген тәжірибе иесін жатқызасың. Ал, үшінші топқа өзіндік өрнекті жазу стилі мен тілі арқылы сені сырттай-ақ шеберлікке шыңдайтын, табындырушылық қасиеті күшті дамыған корифейлер

кіреді.

Бүгінгі сөз бірінші топқа жататын ұстаз туралы. Еліміздегі жүздеген журналист әріптесім филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлын «менің ұстазым» деп мақтанатынына шүбә келтірмеймін. Дей тұра, солардың бәрінен да менің бір артықшылығым бар. Бұл – өз еңбегіммен келген басымдық емес, тағдырдың маңдайыма жазған сыйы дер едім. 1977 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқытушылыққа келген ол екінші курста оқып жүрген маған радиорепортаж жанрының тарихы, тәжірибесі және теориясы жөнінде реферат жазуды тапсырып, ғылыми жетекші болды. Сол кезде жалқаулардың жалқауы болып жүретін маған төрт жыл бойы аталмыш жанрдың түгін қалдырмай, зорлықпен емес, зердеме зейін қойғыза зерттеу білген оның түйткілсіз төзімділігіне әлі күнге дейін таң қаламын. Осылайша оның диплом жұмысын қорғатқан алғашқы студенті атандым. Индукциялық тұрғыдан тәрбиелеп жүріп-ақ дедукциялық тәлім бере білген ұстазым маған өмірімді дұрыс арнаға бұрғаны үшін де аса қымбатты. Сондықтан да бірінші шәкірті ретінде ерекше мақтанатыным рас. Дау жоқ, жақсы ұстазды басқалардан бұрын өзін иемденгің келіп тұратыны да оның тартымды тұлға екенін айғақтаса керек.

Әлі есімде, алғашқы лекциясын оқып болған ол бізге тапсырма берді. Белгілі бір автордың белгілі бір кітабынан конспект жасау – барлық оқытушының беретін тапсырмасы. Жалмажан жазуға дайындалдық. Жоқ, Намазалының тапсырмасы ондай тапсырма болмай шықты: «Сендер келесі сабаққа бар-жоғы отыз жол хабар жазып алып келесіңдер». «Сол да тапсырма болып па?!» дегендей, мұғалімімізге менсінбей қарап отырмыз. Мұрын шүйіріп отырған бәріміз әп сәтте далада қалдық: «Хабар болғанда былай, бүгін таңғы сағат сегізден 23 минут 35 секунд кеткенде Байқоңырдан космос кораблі ұшырылды. Бұл хабардан оқырманның білгісі келетін ең басты сұрақ – корабль неге түстен кейін ұшпады, неге түнде ұшпады, неге дәл осы уақытта ұшып тұр? Сендер өздерің жазатын хабарда бәрінен бұрын осы сұраққа жауап беруге тиістісіңдер». Ал, керек болса?!

Өлгінде ғана хабарды он минутта жазып тастайтындай болып отырған бәріміз абдырадық та қалдық. Ол да ештеңе емес екен. Қуырдақтың көкесі кейін болды! Қарамаған кітап қалмады. Газет біткеннің бәрін ақтарып шықтық. Бірақ, мына сұрақтың жауабын осы уақытқа дейін бір журналист жазбаған. Космонавтика тарихын бір адамдай шимайлаған Ярослав Голованов деген дөкейіңіз де бұл туралы «бірдеңе» демепті! Қойшы, не керек, осы сұрақтың жауабын таба алмай, бір ай жүрдік. Сөйтсек, алдын ала есептеулер бойынша Байқоңырдан космос кемесі дәл сол уақытта ұшырылғанда ғана салмақсыздық кеңістікке тез жетеді екен. Ал, бұл отынды үнемдеу үшін қолданылатын шара болып шықты. Осы шындыққа жету үшін біз бір ай іздендік. Осы шындыққа жету үшін қаншама кітап оқыдық, қаншама ақпаратты ақтардық. Пайда ма? Пайда. Кітаптағыны көшіргеннен көңілге қонатын не бар? Ештеңе. Ал, мына тапсырма біздің кез келген тақырыпты түбіне дейін зерттеуге құштарлығымызды оятты. Талас тудырмайды, біздің мамандық үшін ең басты қасиет – зерттей білу. Осылайша Намазалы ағай бәрімізді бірінші күннен өзіне үйіріп әкетті.

Айтары жоқ, телевизия және радио кафедрасына оқытушы болып келген беттен ол «оқындар» деп құрғақ ақыл айтқан жоқ. Оқуға үйрете білді. Жас та болса, өзін салиқалы ұстайтындығы, сөзді сом саптайтындығы, нені түсіндірсе де тігісін жатқызып, жетеңе жеткізе білетіндігі, студенттердің бойында жүйесіз «соқыр» оқуға әуестіктен гөрі, керісінше олардың кез келген тақырыпты зерттеуге ынтықтығын оятуға деген құлшынысы, бәрі-бәрі оның бойындағы тектілік пен парасаттылықтан хабар беретін. Аузын ашса, жүрегі көрінетін жайсаң жігіт оқытушы жауапкершілігін жете түсініп, кейде өзін каталдау көрсетуге тырысқанымен жібек мінезін бәрібір жасыра алмайтын.

Бұл журфакта Темірбек Қожакеевтің жұлдызы жанып тұрған жетпісінші жылдардың аяғы болатын. Жұмыс әдісі темірдей тәртіпке құрылған Темірбек ағайымыз атына заты сай адам еді, жарықтық! Үзіліс кезінде сонадайдан Темкеңді көре қалсақ, сымға қонған торғайлардай дәліздің екі жағына қақ жарылып, тікемізден тік тұрып, ол өтіп кеткенше ішімізден демалатынымыз қазір, әрине, күлкілі көрінеді. (Ал, ол кезде қайдағы жыртың?!). Темкең өтеді, солдаттарын аралап жүрген генерал сияқты алшаң-алшаң басып. Бәріміз оның әйтеуір ешқайсымызға ескерту жасамай, үндемей өткеніне мәзбіз. Сабағында атымызды атап қалмаса екен деп, көміле үркіп, күй кешетініміз күні кеше сияқты. Тауман Амандосов ағайымыз да – Темкеңмен тең түспесе, кем түскісі келмейтін, түсі жылы болғанымен, сұстана қалса, ең салқынқанды, ең сабырлы деген студентінді де састыруға қауқары жететін қарымды тұлға. Халижан Бекхожин, Зейнулла Тұрарбеков сияқты көненің көздері де тұғырдан тая қоймаған шақ. Әбілфайыз Ыдырысов пен Абдул-Хамит Мархабаевтар да – кемел кезіне келген кісілер. Несін айтасыз, кіл «сен тұр, мен атайын», өңкей керемет ұстаздар жиналған уақытта оқыған бізде де арман жоқ.

Журналист ретінде әбден қалыптасып, қарымды қаламгер дейтіндей дәрежеге жеткенде барып, осы ортаға қаймықпай келіп қосылған Намазалы Омашұлы бар-жоғы жиырма жетідегі жігіт болатын. Бірақ, шын шеберлер шоғырының ішінде жас оқытушы жұтылып кеткен жоқ. Өзін жоғалтып алған жоқ. Оны байырғы оқытушылар пәлендей елемегенсігенмен де, студенттер арасында оқу процесіне соны леп ала келген аға оқытушы атанды. Оның алғашқы лекцияларынан-ақ жаңаша баяндау тәсілі бірден байқала бастады. Қамшымен иіріп әкелгендей студенттерді аудиторияда ауыздықтап, құлаққа ұрған танадай тыныштық орнатып барып, лекция оқитын қарт профессорларға қарағанда жас оқытушы дәрісін диалогқа құра білетіндігімен, сол арқылы студенттерді тыңдаушыдан гөрі, әңгімеге қатысушыға айналдырып жіберетіндігімен ерекшеленді. Амандосов пен Қожакеевтер журфак тарихындағы үлкен бір дәуір десек, қазір байқап отырмыз, Намазалы Омашұлының дәуірі сол кезден бастау алған екен.

Өзі кезінде оқып кеткен осы факультеттің осал тұстарын Намазалы о бастан білген сияқты. Бірақ, білмейтін несі бар? Баспасөз және баспа ісі жағы бір ізге түсіп қалғаныменен, телерадио жағы сын көтермейді. Кафедра деген аты ғана. Ешқандай ғылыми-әдістемелік жүйе жоқ. Тәжірибелік сабақ жүргізетін техникалық құрал-жабдықтарды күндіз майшам алып жүріп, іздесең де таппайсың. Әйтеуір, жоспардағы пән болғаннан кейін әркім бір келіп лекция оқыған болады. Радионың тарихы, теориясы мен тәжірибесі туралы қазақ тілінде бір оқулық болмаған соң, басқасын айтып не керек? Қысқасы, түрен түспеген тың даланың төсіне келгендей күй кешкен жас оқытушы кафедрадағы өз миссиясын бірте-бірте бажайлай бастады.

Оның үстіне, студент кезінде-ақ Намазалы саналы өмірін күйі күйттеуді керек ететін кафедраның көсегесін көгертуге арнауды бір адамдай-ақ ойлап жүретін. Бірінші курста жүргенде-ақ сайда саны, құмда ізі жоқтай көрінетін радиожурналистика теориясына бүйрегі бұрыла берген Намазалы түптің түбінде ғылыммен айналысқанды тәуір көрді. Алайда, албырттыққа салынып, аптықпады. Асықпады. Оқуын бітіре сала факультетте қалуға жанталаспады. Өмір көрмей жатып, өзгелерге ақыл айтуды ар санады. Болашаққа белгілеген ойының байыппен жүзеге асуына апаратын жол – "Қазақ радиосы" екендігіне көз жеткізіп, сонда жұмысқа орналасты. Ондағы ойы – шығармашылық шаһарында шабытын сынау, ең алдымен қайнаған өмірдің ортасына барып, өзін-өзі баптау, болашағы зор бұқаралық ақпарат құралының кухнясын ішінде жүріп зерттеу. Жас журналист тырнақалды туындыларымен тыңдаушы қауымға өзін таныта білумен қатар, Қазақ радиосының тарихы мен тәжірибесіне де терең үң

іліп, ғылыми тұрғыдан талдау жасау жұмыстарымен де көбірек айналысты.

Қазақ радиосында жетпісінші жылдары «Толқындағы тотыяйын» деп аталатын тамаша хабар болды. Сын мен өзара сын әбден өшкен сол бір социализмнің тоқырау жылдарында сатира жанрында радио хабарын шығару кез келгеннің жүрегі дауалай қоятын іс емес еді. Осы хабарда сын садағына іліккендердің мәселесі республикалық халықтық бақылау комитетінде қаралған кездері де аз болған емес. Небір жебірлер мен сапасыз өнім өндіруге жол берген басшылар өз қызметтерінен осы хабарда сыналғаны үшін қоштасып жататын. Намазалы аталмыш хабардың редакторы ретінде талай тамаша сатиралық дүниелерді эфирден бергенін ұмыта қойған жоқпыз. Дәл осы тұста оның журналистік қыры жан-жақты ашылып, әріптестері арасында беделге ие болды. Сөз арасында айта кетер бір жайт, оның кейіннен радиофельетон жанрын теориялық тұрғыдан терең талдап, ғылыми айналымға алғаш рет қосқанына да осы іс-тәжірибесі түрткі болғаны шындық.

Тоқсаныншы жылдардың басына дейін бас-аяғы құралмай келген қазақ радиожурналистикасының теориясы мен тарихын асқан ізденімпаздықпен бір ізге түсірген Намазалы осы саланың негізін қалаған тұңғыш қазақ ғалымы десек, әсте қателеспейміз. Журналистер мен студенттерге арналған жиырмадан астам оқулықтың авторы, филология ғылымының докторы, профессор Намазалы Омашұлының әсіресе "Қазақ радиожурналистикасы" атты монографиясы – зерделі зерттеуге құрылған қомақты дүние. Бұл іргелі еңбегінде ол еліміздегі радиохабар тарату ісінің қалыптасуы мен дамуын тарихи деректер негізінде жүйелеп, кезеңдерін айқындап, жанрлар мен пішіндер эволюциясын көрсетіп берді. Сонымен бірге мұнда радиожурналистика негіздері теориялық тұжырымдалып, бүгінгі хабар таратудағы тәжірибе жинақталды. Терең талдау арқылы ол радиожурналистика жанрларының толық квалификациясын жасады. Бұқаралық ақпарат құралы ретінде радионың әлеуметтану, психология және эстетика секілді ғылымдармен тығыз байланыста жан-жақты таразыланғаны да – ғалымның көп қырлы ізденісінің жемісі.

1992 жылы жарыққа шыққан бұл теориялық туынды кезінде радиожурналистика ғылымындағы концептуальды дүние ретінде жоғары бағасын алды. Соңғы кезде Намазалы Омашұлы жаңа деректер негізінде Қазақ радиохабары бұрын айтылып келгендей, 1931 жылдан емес, 1921 жылы хабар тарата бастаған Орынбордағы радиостанциядан бастау алатындығын анықтады. Сөйтіп, Қазақ радиосының тарихын дәйекті дәлелдермен нақты тұжырымдай отырып он жылға ұзартты.

Намазалы Омашұлы – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде журналистика мамандығын оқыту ісін түбірімен өзгерткен реформатор дәрежесіне дейін көтерілген білікті басшы, ұтымды ұйымдастырушы да. Оның бұл қыры әсіресе әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры және журналистика факультетінің деканы болған жылдары жарқырай көрінді. Дарынды адам барлық істе де дарынды деген дұдамалдау қағиданы Намазалы декан болғанда да дәлелдеп шықты. Шынында да талантты журналист, зерделі ғалым болу бір басқа да, ұтымды ұйымдастыра алатын басшы болу – бір басқа. Журналистиканың жоғын жоқ тап ғана қоймай, сол жоқтың орнын толтырған Накеңнің қазақ альмаматеріндегі орны бөлек. Жаңалыққа жаны құмар ол жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп осы аз уақыттың ішінде талай шаруаның басын қайырды. Журналист мамандығына дайындаудың да барлық қыр-сырын жыға зерттеген Намазалы декандық қызметін байсалды бағдарлама жасаудан бастады. Көп ретте жастарға арқа сүйей отырып, жақсы команда жасақтап алды. Оның Бауыржан Жақып, Қайрат Сак, Айтмұхамет Есдәулетов, Мәншүк Мұқашева сынды шәкірттері – қазір республикаға белгілі ғалымдар. Қазақстанның тарихында бірінші рет оның төрағалығымен журналистика мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес ашылды. Оның жұмыс істеуі

де ізденуші жастарға тың серпін берді. Осыған дейін көрінгеннің есігінен сығалап жүріп кандидаттық қорғаған журналист-ғалым әріптестеріміз мұндай басыбайлы кеңестің маңызын жақсы білсе керек.

Тәуелсіздік жылдары радиожурналистиканы зерттеу ісі жаңаша сипатқа ие болды. Радиожурналистика проблемалары, теориясы мен тәжірибесі тиянақты зерттеле бастады. Намазалы Омашұлының жетекшілігімен А. Бейсенқұлов радиохабар таратудағы технологияның ықпалын, Р. Нуриден қазақ тілінде хабар тарататын шетелдік радиостанцияларды, К. Қабылғазина қазақ радиосының бір кезеңін, С. Велитченко форматтық принциптерді, Т. Көпбаев қазақ радио драматургиясы табиғаты мен ұлттық сипатын, Ж. Әбдіжәділқызы тікелей эфир табиғаты мен кәсіби шеберлік мәселелерін, О. Ошанова әдеби драмалық хабарлар дамуын зерттеп, ғылыми айналымға енгізді. Сөйтіп, радиожурналистика ғылымы сала-сала бойынша дами түсті. Болашақ зерттеулер үшін жаңа тақырыптар айқындалды. Журналистика факультетінің оқу-әдістемелік базасы барынша күшейтілді. Сол кезде құрылған "Сана" телерадио студиясының да болашақ журналистердің университет қабырғасынан шықпай-ақ кәсіби шеберлігін шыңдауына мол мүмкіндік тудырғаны сөзсіз.

Факультеттің жеке кітапханасы да – сол жылдардың жетістігі. Бір қарағанда, бұл соншалықты мән беріп айтатын дүниедей көрінбеуі бек мүмкін. Әрине, қазір әдеби кітаптардан кітапхана жасау – кез келгеннің қолынан келетін шаруа. Бірақ, журналистика теориясы туралы кітаптарды жинау оңай іс емес екенін көзіміз көрді. Айтары жоқ, өзіміз оқып жүргенде 1966 жылы шыққан Юрий Летуновтың «О развитии документальной радиожурналистики» атты кітабын бүкіл Алматыны кезіп жүріп, тек «Пушкиннен» табатынбыз! Оның өзі жалғыз дана. Кітапханашыдан күнұзаққа таусылып жүріп тапқан кітабыңның басқа біреудің қолында екенін естігеніңде күйіп кететінін қайда қоярсың! Намазалы осыдан он бес жыл бұрын журфактың бүкіл студентін біз кезінде көрген азаптан құтқарғаны да – азаматтық. Студент қауымның алтын уақытын бағалай білетін ол өзінің тірнектеп жинаған, журналистика теориясына арналған бес жүзге жуық кітабын да осы кітапханаға сыйлады. Нағыз альтурист ұстаз осындай-ақ болар!

Намазалы Омашұлы – өз қазанымызда ғана қайнап жетілген білгір маман емес, ол дүниежүзілік журналистика теоритиктермен де тығыз байланыс орната білген ғалым. Оның еңбектері журналистиканың тарихы мен теориясына арналған әлемдік рейтингте жоғары бағаланып, 2002 жылы ол осы саладағы «Жыл адамы» атанғаны да бекер емес. Декан болған жылдары өзі басқарып отырған факультеттің шетелдік оқу орындарымен байланысын күшейтуге ерекше күш жұмсады. Осыдан он үш жыл бұрын азуы алты қарыс АҚШ-тың Оклахома университетімен келісім-шартқа қол қойылып, күні бүгінге дейін екі оқу орнының ұстаздары тәжірибе алмасып келеді. Сондықтан болса керек, факультеттің оқу процесі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Парижде орналасқан ЮНЕСКО ұйымымен байланыстың нәтижесінде ұйым аттас кафедра дүниеге келді. Оны да күні кешеге дейін Қазақстан мен Кіндік Азияда ЮНЕСКО-ның профессоры деген атақты жалғыз өзі иеленген Намазалы Омашұлы басқарып келгенін білеміз.

Атақ демекші, Намазалының атағы бір басына жетеді. ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, Қазақстан Журналистер Академиясының Академигі... ордендер... медальдар... осылай кете береді. Дегенмен, жан дүниесі пайым мен парасатқа толы профессордың айналасындағыларды өзіне еріксіз тартып тұратыны ең алдымен, оның адами қасиеттерінде жатқандығы сөзсіз. Адам баласы өмір бойы жоғарыға қарай созылған бір сызықтың бойымен дамымайтыны белгілі. Оның шынға шыққанында бақыттан басы айналмады, төменде жүргенде ызадан ұнжырғасы түскен жоқ. Бұл да –

Намазалының мықшегелігі. Жеңіс пен жеңілу, өрлеу мен құлдырау, қуаныш пен қайғы қатар жүреді. Өмірдің қатал заңы осындай. Жаратқанның сыйы мен сынына бірдей байыппен қарайтын адам ғана түпкі нәтижеде заңғар биікке көтеріледі. Өмірлік кредосына адалдығынан бір жаңылмайтын жан ғана бойына рух ұлылығын орната алады. Өзін өзі күнделікті тәрбиелеудің нәтижесінде келетін осы үлкен қасиет оны қашанда жасампаздыққа бастайды. Сондықтан да Намазалы Омашұлының өмірлік нанымы оның келбетін қашан да көркейте бермек.

Ол сенен алыста жүрсе де қуанышыңа ортақтаса біледі, қателіктеріңе сенен арман күйіне біледі. Осы жерде бір әңгімені айтпай кетуге болмас. Оқу бітірген соң Намазалы аға менің кафедрада қалғанымды қалайтынын айтты. «Үйім жоқта, күйім жоқта дәріс оқып, кімді ұшпаққа шығаратындаймын?!». Осы ойымды айтып, ұстазымнан алшақ кетуге тура келді. Сананы тұрмыс билеген заманды сылтауратып, оның ұсынысын аяқасты еткен кезіме кейде қысылатыным бар. Бірақ, ол – қашанда шәкірттерінің жан дүниесіне үңіліп, оларды түсіне білетін ұстаз. Ол кез-келген адамды қолдай да, қорғай да білетін қайырымды жан. Оның қасында қалмасам да, бірінші топқа жататын ұстазыммен әлі күнге дейін адами қатынасымды жоғалтпай келе жатқанымға қуанамын. Онымен әңгіме-дүкен құрып, пікір таластырғанның өзі бір ғанибет. Қысылғанда ақыл сұрайтын ағаң барына да тәубе етесің!

Былтыр ол тағы да өзінің өмірлік мақсаттарының біріне жетті. Астанаға келіп, Журналистика мәселелерін зерттеу жөніндегі ғылыми институттың ашылуына мұрындық болды және оның директоры болып тағайындалды. Намазалының бұл істі де бір жағына, әрине, жақсы жағына шығармай тыным таппайтыны белгілі. Алматыдағы әріптестеріміз оның Астанаға ауысқанын соншалықты тілей қоймағанын білеміз. Оның есесіне елордадағы біз мәре-сәре болып жатырмыз. Дау жоқ, жақсы ұстазды басқа қалалардан бұрын бас қаламыз Астанада көргің келіп тұратыны да оның тартымды тұлға екенін айғақтаса керек.

Журналистика – жұмбақ құбылыс. Басқалар үшін. Жанымен түсінгісі келмейтіндер үшін. Ал, журналистикамен «ауырғандар» үшін – таптырмайтын тәтті құбылыс. Қай дәуірде болсын, өнерге де қосылмай келген, ғылымға да жатқызылмаған, билікке де кірмеген, тек қана тылсымдығымен тәтті құбылыстай көрініп тұратын қазақ журналистикасының осы заманғы теоретигі Намазалы Омашұлының ұлттық публицистикамыздың әлі де ашылмаған аралдарына талай қонақтайтыны хақ. Жай қонақтамайды, өз өмірінің арқауына айналған ісін құнттап қонақтайды. Бұған күмән жоқ.

Бір тілек: қазір адам баласының өмір сүру ресурсы ғалымдардың зерттеуінше орташа есеппен 120 жылды құрап отыр. Әр сөзі алтынға тең Шер-ағаң да «Алпыс – тал түс» деп ерігіп отырып емес, атпал ақылмандығымен айтса керек. Ендеше, қазақ журналистикасы теориясын бүге-шігесіне дейін зерттеу ісіне бір адамдай үлес қосып, ғылыми ресурсын толық игеріп келе жатқан парасатты педогог пешенесіне ғұмырлық ресурсын да барынша пайдалануды жазғай!

Бауыржан ЖАҚЫП,
*«Қазақ энциклопедиясы» АҚ президенті,
филология ғылымдарының докторы, профессор:*

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ СҰЛУ ТОРЫСЫ

Қазақ журналистикасы тарихын, теориясын, тәжірибесін зерттеген ғалымдар туралы сөз қозғағанда, санаулы тұлғалар қатарына Қазақстан Жоғары Мектеп Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлы есімі алдымен ауызға ілінеді.

... 1980 жыл. Қазақстанның түкпір-түкпірінен арман қуып Алматыға келген 50 жас журналистика факультетіне оқуға түстік. Ол кезде студенттерді ауыл шаруашылығы жұмыстарына апару дәстүрі болатын. Оның сөзбен жеткізе алмас жақсы жақтары да бар еді. Әсіресе әр жерден келген жастар бір-бірімен жіті танысып, кімнің қандай өнері бар, қандай мінезі бар, бәрі-бәрі сол кезде алғаш білінетін. Алғаш студенттік достық та сол уақыттан бастау алатын.

Бізді Алатау бөктеріндегі «Таулы қырат» кеңшарының № 2 бригадасына алма теруге апарды. Қазіргі трамплиннің қасы, әл-Фараби даңғылынан өтіп, КазГУ-ден жаяу баратын жер. Осы сапарға бізге бас болып барған, сол кездегі небәрі 30 жастағы оқытушы Намазалы Омашев болатын. Бізге әкеміздей қамқор болды, іске жұмылдырады, тіпті өзара жарыстырып, күнделікті газет шығартады. Ал жұмыс бітіп, қою кеш қараңғылығы

орнасымен мәдени шаралар ұйымдастырады. Сол елу жастың ішінде бүгінгі Қазақстанның Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Бейбіт Исабаев, ғылым кандидаттары Аязби Бейсенқұлов, Жанат Сейітжанова, Әсия Игенсартова, Риза Молдашевдалар, республикаға танымал журналистер Кенже Жұмағұлов, Ермұрат Бапи, Фарида Бықай, Төрехан Данияр, Ғалым Қасабаев, Мира Берікболовалар бар. Демалыс сәтіндегі кештерде басында шиқалпағы бар Ұлан Оспанбаев :

«Өмір, өмір ағызып өте шығар, өте шығар,
Демалыстың ақырғы күндеріндей», -

деп ақын Қадыр Мырзалиев сөзіне жазылған әнін гитараға қосып шырқап береді. «Былық ылдақ, сылқылдақ, Ұстараның жүзіндей тұр ғой қылпылдап», - деген әнді сызылта орындап Фарида Бықай шығады.

Ақындар Қайрат Әлімбек, Мұратбек Оспанов, Гүлбаһрам Жебесінова, Райхан Нәкеева, Гүлсамал Аймаханова бірінен кейін бірі суырылып шығып балауса жырларын оқиды. Әйтеуір ғажайып бір қиялға бергісіз күндер өтіп жатты. Намазалы ағаға алғаш бауыр басқан анымыз сол кез болатын.

... Кейін мені профессор Тауман Амандосов 1986 жылы факультетке оқытушылық қызметке шақырды. Сол кезден бастап Нәкеңмен екінші мәрте табыстық. Бұл табысу міне қазірге дейін жалғасып келеді. Деканның орынбасары қызметін атқарып жүрген Нәкең сол уақыттан бастап мені өзіне ерекше жақын тартып, ақылшы аға, кеңесші дос бола білді. Оқытушылық, ғалымдық жол жалғаса берді.

Бір күні Нәкең факультет деканы болды. Өзі декан болған жылдары мені екі кафедраға меңгеруші етіп тағайындады. 2001 жылы проректор болып жоғарылағанда, мені орнына декандық қызметке ұсынды. Ол жақсылықтарын, жанашырлығын ешқашан ұмыту мүмкін емес. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей әр шаруаны, ақылдасып, кеңесіп жүріп біраз істерді бірлесіп шештік. Мәселен, 1997 жылы республикада тұңғыш рет «10.01.10 - журналистика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғайтын диссертациялық кеңес ашылды. Төрағасы – Намазалы Омашев. Мен бірнеше жыл – ғалым хатшы болдым. Бұрын тек Мәскеуде ғана қорғалатын болғандықтан, ғылыми дәрежесі бар ғалымдар аз еді. Сол кеңестің ашылуының арқасында 70-ке тарта азамат ғылым кандидаты атанды. Олар Қарағанды, Астана, Қызылорда, Семей, Түркістан, Қостанайда журналист мамандарды даярлауға атсалысып жүр. Ал ҚазҰУ-нің журналистика факультетіндегі қазіргі оқытушылардың басым көпшілігі сол кезде диссертация қорғағандар. Бұл – тұтас ғылыми мектеп.

Нәкеңнің тағы бір үлкен шаруасы – студенттердің өз күшімен республикалық эфирден телерадиохабарлар даярлап беруін жолға қойды. Бұл да теория мен тәжірибені ұштастыратын, болашақ журналистердің мәңгі есінде қалатын өшпейтін із.

Тағы бір атап айтар мәселе - өзі ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация жөніндегі кафедрасының тізгінін ұстай отырып, халықаралық байланысты жолға қойғандығы. АҚШ-тың, Францияның, Канаданың, Түркияның, Оңтүстік Кореяның, Филиппиннің журналистика мектептерімен қарым-қатынасты алғаш іс жүзіне асырған да профессор Н. Омашев болатын.

Намазалы Омашұлының зерттеушілік, ғалымдық қыры да көпшілікке танымал. Оның қаламынан туған "Толқындағы тотияйын", "В борьбе с негативными", "Қазақ радиожурналистикасы", "Белестер", "Жол үстінде-журналист" зерттеу кітаптары, монографиялары екі томдық таңдамалы шығармалары, ол жалпы редакциясын басқарған үш томдық «Журналистика» еңбегі мен 200-ден астам ғылыми мақалалары қазақ

журналистикасының тарихы, теориясы және тәжірибесі хақында сөз қозғайды. Әсіресе, ғылымның радиожурналистика саласын терең зерттегендігінің нәтижесінде ғылыми айналымға көптеген тың деректер, соны тұжырымдар енгізілді. Мәселен, қазақ радиожурналистикасы дамуының тарихи кезеңдері нақтыланды, қазақ радиожурналистикасының жанрлары, пішіндері, бағдарламалары айқындалды, тәжірибелі журналистер мектебінен үйренерлік қасиеттер сараланды, дәстүр мен жаңашылдық мәселелері қарастырылды, Қазақ радиосындағы жекеленген хабарларға байыпты баға берілді. Әсіресе, радиодағы әдебиет мәселелері, сатира мен юмор туралы салиқалы ойлар қорытылды. 1988 жылы жарық көрген «Толқындағы тотияйын» зерттеу еңбегінің өзінде-ақ радиодағы әдебиет, сын-сықақ мәселелері кең қамтылды. Мәселен, С. Маршактың, Ф. Панферовтың, А. Тоқмағанбетовтың қазақ эфирі арқылы тараған өткір памфлеттерінің сол кездегі маңызы айқындалды. Қазақ радиосындағы сатира мен юмор тарихы туралы байыпты байламдар жасайды. Ақын А.Шамкеновтің "Дүрит", "Ораз Қоразбаевичтің осал жері" фельетон-пьесалары, жазушы С. Шаймерденовтің «Алшақ мінездер сатиралық әңгімесі», сатирик Ш. Смаханұлының "Бір үйдің сиқы" мысалы, жазушылар Ғ.Жұмабаев пен Т. Исмайыловтың бірігіп жазған жаңа жылдық фельетоны, ақын Қ. Аманжоловтың "Театрда" сықақ өлеңі, С. Төлешовтің "Демалыс күні" фельетоны, А. Тоқмағанбетовтың "Бір мылжыңның баяндамасы" атты өлеңмен жазылған фельетоны жан-жақты талданып, жанрлық-пішіндік, тақырыптық-композициялық тұрғыдан қарастырылады. Сол тұжырымдардың қай-қайсысы да қазақ әдебиеті дамуының бір кезеңімен тығыз байланыста көрсетіліп, беллетристика мен публицистика туралы ойлары қатарлас өріледі. Эфирден әр уақытта өткен "Тікенек", "Тотияйын", "Найзабек", "Балақай", "Қалақай" сатиралық радиожурналдардың көркемдік деңгейін, сапалық дәрежесін айқындай отырып, кемшін тұстарын да аңғартады. Сатиралық радиожурналдарда орын берілген О. Әубәкіровтің "Мәңгілік махаббат", "Кәрі қақбастың үйленуі", "Тірілмесек болмас", О.Иманәлиевтің "Жағасы жайлау жеңешем", Ғ.Қаллемовтың "Сұрамас бұрын мақтап ал" әзіл әңгімелері, О. Әубәкіровтің "Жүгерінің жорығы", "Есек өкпелепті", Ш. Смаханұлының "Ескіліктің перісі" мысалдары да зерттеу объектісіне айналған. Сол алғашқы монографияның өзінде-ақ әдеби-драмалық хабарлар кең талданып, шығармашылық фантазия, әдеби сөйлеу тілі, сатира мен юмордың теориялық және тәжірибелік мәселелері кең ауқымда қарастырылады. 1992 жылы шыққан "Қазақ радиожурналистикасы" кітабының зерттеу аясы бұрынғыдан да мол. Қазақстандағы алғашқы радиостанцияның Александр Фортинда 1912 жылдан бастап жұмыс істейтіндігін, Қазан төңкерісінен кейін қазақ жерінде Орал, Қостанай, Орынбор, Павлодар қабылдаушы радиостанциялары мен Гурьев, Есіл, Орал, Ақтөбе, Семей қуаты аз таратушы радиостанцияларының жұмысқа кіріскендігін архив құжаттарына сүйене отырып дәлелдейді. 1919-20 жылдары Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық Кеңестің төрағасы болған С.С. Пестковскиймен бірге алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынов Мәскеуде Ленинмен жүздесіп, граммофондар мен пластинкаларды қазақ тілінде таратудың ұйытқысы болғандығы туралы тың деректер келтіреді. Ахаңның қазақ даласында радио үнін естіртуге қосқан үлкен үлесі тұңғыш көрсетіледі. Бұл мәселе кейіннен автордың "Ахаңдар ашқан арна" деген мақаласында кеңейтіліп жазылады. "Қазақ радиожурналистикасы" зерттеуінде Қазақ радиосының құрылымы, бағдарламалары, даму тарихы, радиохабарлардың жанрлық, пішіндік өзгешеліктері туралы жаңа теориялық тұжырымдар жасайды. Бұл ретте ғалым белгісіз мұрағат құжаттарын, беймәлім жарияланымдар мен үнтаспадағы хабарлардың түпнұсқаларын тиімді пайдаланып, ғылыми айналымға енгізген. Соның нәтижесінде профессор Н. Омашұлының радиожурналистика проблемаларын жан-жақты зерттеуді нысанаға алатын ғылыми мектебі қалыптасты.

Кейінгі жылдары профессор Н.Омашұлы зерттеулерінің тақырып шеңбері бұрынғыдан да кеңейе түсті. Оның соңғы мақала, зерттеулері, тіпті тұтас кітаптары ("Белестер", "Жол үстінде -журналист") қазақ журналистикасының барар көкжиегі, алар асулары, жетер жағалаулары туралы мәселелерге арналды. Автордың АҚШ-қа, Канадаға, Францияға барған іссапарларының нәтижесінде түйген ойлары, яғни шетел журналистикасының бүгінгі тәжірибесі біздің ұлттық журналистикамыздың қазіргі ахуалымен салыстырыла, салғастырыла сараланады. Оны АҚШ-тың ірі газет-журнал индустриясынан, телерадиоалыптарынан үйренерлік жақсы нышандар толғантады. Толғанып қана қоймайды, профессор өзі түйген тұжырым пікірлерді көпшілік талқысына сала отырып, сол озық тәжірибелерді жас журналистерге үйретудің, оқытудың әдіс-тәсілдерін ұсынады, іс жүзіне асырады. Оның дәлелі — журналистика факультетінің оқу жоспарына соңғы жылдары енгізілген "Газет маркетингі", "Баспасөздегі компьютерлік технология", "Журналистика және менеджмент", "Паблик рилейшнз", "Мерзімді баспасөз дизайны", т.б. аты да, заты да мүлдем жаңа пәндер. Ғылым дегеннің өзі тек теория жүзінде қалып қоймай, күнделікті тәжірибеде қолданылуы қажет болса, сондай игілікті ойдың бір мысқал көрінісі – Намазалының қазіргі сөз сардарларын даярлау ісінде кәдеге жарап, заман ағысына ілескен нәтижелі ғылыми-тәжірибелік ізденістері.

Намазалының қаламынан әр жылдары очерктер мен мақалалар, фельетондар мен рецензиялар, сыни портреттік мақалалар туындады. Н.Омашевтің тағы бір шоғыр туындылары фельетон жанрында жазылған. "Май шелпек", "Ет жегің келсе, есептеспе", "Сүйкеп жатыр", «Түрлі-түрлі жегіш бар», "Сен салар да мен салар", "Сауда сақал сипағанша", "Қулар жарысы" сияқты фельетондары келеңсіз жайттарды сынап-мінеуге бағытталған. Еріксіз езу тартқызатын, күлкі тудыратын сөз тіркестері, тұтас юморлық эпизодтар, күлкілі диалогтар, ұйқасқа құрылған жеңіл әзіл-қалжыңдар — Намазалы Омашұлының сатириктік шеберлігін айқындай түседі. Фельетон жазудағы тың формалық ізденістері, тақырып қоюдағы тапқырлық, қазақы әзіл-қалжың, ұлттық бояу — фельетонистің өзіндік өрнектеріне негіз болады.

Намазалы Омашұлы әдеби сын саласына да араласып жүр. Оған дәлел ғалымның "Өрісі бір, өнері сабақтас", "Ұлы ғұламадан ұлағат", "Әуе толқынын барлаған", "Көсемсөзді күмістеген Құдакең", "Ұятты сөздің ұтқыры", «Сүресөз туралы бірер сөз», т.б. сыни-танымдық мақалалары мен академик З. Ахметов, профессор М. Серғалиев кітаптары мен "Абай" энциклопедиясы туралы көлемді рецензиялары. Мәселен, сықақшы Шона Смаханұлының шығармашылығы туралы жазылған талдау мақаласында сатириктің жиырмадан аса кітабындағы сықақтары туралы сөз қозғайды. Смаханұлы творчествосына ғылыми байыпты баға беріледі. Мақала соңындағы: "Ш.Смаханұлының қазақ сықағында өзіндік ізі бар. Шығармаларын шағын, ықшам етуге, сюжетін қызықты, композициялық шешімін шымыр, тартымды етіп беруге, сөйлемдерді, диалогтарды қысқа, анық, түсінікті, қарапайым етіп құруға тырысады. Шөкеңді осындай стилі арқылы жазбай тануға болады", - деген тоқетер түйіннің өзі — Намазалы Омашұлының сыншылық талғам, танымын аңғартса керек.

Кейде бір ісіңе, сөзіңе сүйсінгенде, Нәкеңнің өзі жақсы көріп айтатын «Сұлу торыаттай» деген сөзі бар. Сол сөзді Нәкеңнің өзіне қаратып айтқым келеді. Бір сөзбен түйіндегенде, профессор Намазалы Омашұлы – Қазақ журналистикасының **сұлу торысы**.

Қазір Нәкең тағы бір жаңа да жарқын істің бастаушысы болып, Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан журналистика мәселелерін зерттейтін ғылыми институт ашып, соны басқарып отыр. Бұл да бұрын қолға алынбаған, қоғамның, мемлекеттің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қазақ журналистикасының дамуына тікелей ықпал ететін тың да соны шаруа. Биылғы жылы алпысқа келіп отырған ағамызға барша шәкірттері: «Абырой биігінен көріне беріңіз! – дегіміз келеді.

Нұрғали ОРАЗ:

ЖАСТЫҚ ШАҚ ЭТЮДТЕРІ

Ұстаз

1977 жылдың қыркүйек айында біз қазақ мемлекеттік университетінің табалдырығын студент болып аттадық. Қазақстанның әр түкпірінен келген өрімдей жас қыз-бозбалалар бір аудиторияда бас қосып, бір көгенге байланған қозылардай шұрқырасып, танысып, табысып жаттық.

Біз сенетін, біз табынатын бір ғана құдірет бар еді ол кезде. Иә. Бір ғана құдірет. Ол қасиетті Қалам болатын. Біз бір-бірімізді білеміз десек, ең әуелі Қалам арқылы білетінбіз. Біз бір-бірімізді бағаласақ, ең әуелі, Қалам арқылы бағалайтынбыз. Өйткені біз өмір сүруге әлі икемсіз, бірақ кеудесі арман мен мақсатқа толы жас қаламгерлер, болашақ журналистер едік. Біздің ауылдан көтеріп келген чемодандарымыз бен сөмкелеріміз апамыз салып берген құ

рт-ірімшік, бауырсақпен бірге әңгіме, өлең жазған бір-бір қалың дәптеріміз болатын. Ол дәптерлер біздің бала көңіліміздің айнасы, сол бір таза, кәусар шақтағы ішкі, рухани дүниеміздің бейнесі еді.

Сол айнаны балалықпен байқаусызда сындырып алмай, иә болмаса, мүлде жоғалтып алмай, өмірбақи өзімізбен бірге сақтап жүруіміз үшін Өмір бізге айна-көңілдердің қасиетін бағалай білетін бауырмал, ақылды, білімді, парасатты әрі жас Ұстазды ұсынды.

Ол бес жыл бойы біздің топқа жетекшілік етті. Балалығымыз бен шалалығымызды, асаулығымыз бен астамшылығымызды, лап етіп тұтанып, өрт болып лаулай жөнелетін албырт мінезімізді, күндей жадырап келе жатып, өткінші жаңбырдай ағыл-тегіл жылай салатын әсершіл көңілімізді, арманшыл, асқақ қиялымызды, сұлулыққа, махаббатқа іңкәр жүрегімізді, иә, бәрін-бәрін де уақыт қазанына салып қайнатқан студенттік шағымыз, бүгін ойлап қарасақ, бүтіндей бір ғұмырға татитын секілді.

«Біздің қай-қайсымыз да әлі ашылмаған әлем, танылмаған талантпыз!» деп ашылуға, танылуға құштар боп, өз мінезімізді, өз болмысымызды әсірелеп көрсетуге ұмсынған шақтарымызда Ұстаздың бізге жымыя қарап, пауза сақтайтын сәттері болушы еді. Сол кезде оның жанарынан: «Бәрі де маған таныс... Білем... Кейін оны өздерің де түсінерсіңдер...» деген жауапты оқитынбыз.

Уақыт

Пенде дегеніміз – фәни-дүниедегі жолаушы. Өмір – кеңістік. Тағдыр – жол.

...деп ойлауға, деп елестетуге болатын секілді.

Бұл өмірді енді-енді ғана танып келе жатқан бір топ қыз-бозбаланың жолы сонау жетпіс жетінші жылы Алатаудың бөктеріндегі әсем қалада, баршамызға ортақ білім ордасында тоғысты.

Өз басым, өмір-сапарымның осы бір қызық кезеңін өзім құралпы бір топ қыз-бозбаламен бірге таңғажайып бір алма баққа барып, армансыз сайран салған шағым сияқты елестетемін.

Көз алдыма абстрактілі емес, нақты бақтың суреті келеді. Өйткені біз, шынында да, бірінші курсқа түскен жылдың жаймашуақ қоңыр күзін Алматының маңындағы Горный Гигант совхозында бір ай бойы алма тергенбіз.

Ол кездің дәстүрі сондай еді ғой. Студенттерді бір ай сабақтан бөгеп, әртүрлі ауыл шаруашылығы жұмыстарына апаратын.

Әлемге әйгілі Алматы апортының хош иісі аңқыған тау аңғарындағы шағын бригаданың қос қанатты үйлері біздің курстастарымыздың есінде болар. Кей-кейде-е бір көңіл шіркін жастық шағын, бозбала күндерін сағынғанда сонау бір жылдары өздерінің ізі қалған сол бір ыстық мекендерді бір көріп қайтуды аңсамайды ғой дейсіз бе... Әрине, аңсайды ғой.

Кейде тіпті, Уақытты кері айналдырып, курстастармен бірге тағы да алма теруге барсам-ау деп те армандайсың.

Поэзия

Тау аңғарының таңертеңгі мезгілдегі таза ауасы хрусталь шыны секілді сыңғырлап үн қатып тұрушы еді.

Алма бақ ақындардың мекені болатын. Алқызыл апорт ақындар ғана үзетін киелі жеміс сияқты еді.

Ол кезде біздің бәріміз де өлең жазатынбыз.

Күнде кешкілік поэзия кешін өткізетінбіз.

Қазынаның қос қанатты үйінің бір қанатындағы ұлдар жататын бөлмедегі кереуетті бұрыш-бұрышқа ысырып қойып, сымға қонған торғайлардай тізіліп, қаз-қатар отыра қалушы ек.

Содан соң ортамыздағы дарынды да арынды ақындарымыз бастап, қалғандарымыз қашап, бірімізден соң біріміз тұрып өлең оқи бастайтынбыз.

Әрине, біздің поэзия кешімізге Ұстаз да қатысатын. Ол әдеттегісінше жымия қарап, үнсіз тыңдайды. Оның жанары: «Білем... Түсінем... Бәрі де маған таныс», - деп тұратындай еді.

Тұрақтылық

Шашын артына қарай шалқасынан қайырып қоятындықтан кең мандайы жарқырап, мені көрдің бе деп тұратын, келбетінде даналықтың ұшқыны бар қара торы, орта бойлы жас жігіт ойлы жанарын қабырғаға емес, алыстағы бір қиырға қадап қалғандай. Үні қыранның үніндей саңқылдап, әрбір сөзі қорғасыннан құйылғандай салмақты шығады.

Тұрақтылық!

Сырласқанда ғашықтар жырақ шығып,

Еске алса ғой, шіркін-ай, осы ұғымды,

Бір –біріне өлердей ұнап тұрып.

Тұрақтылық!

Осы сөзде бір сыр бар тым-ақ тұнық...

Желді күнгі теңіздей буырқанып, аспанға шапшып, содан соң аһ ұрып, арыны басылып, бәсеңси қалып, қайта толқитын экспрессивті шумақтардың авторы - өзіміз күнде бірге алма теріп жүрген Қайролла Аманов. Тағдыр жазып, өмірдің өзі тауып берген курстасымыз.

«Апырай, енді онымен бірге қалай оқимыз?..»

Бұршақ аралас қара нөсер секілді құйып ала жөнелген құдіретті өлең бізді жаңбырдың астында қалған балапан торғай секілді бүрістіріп, қорғансыз, бейшара, күйге түсіріп кетеді. Біз енді өз талантымызға өзіміз күмәнданып, іштей пұшайман жей бастаймыз...

Тұрақтылық!.. «Алтын ұям мектебім» деп өскен жылы ұядан кеше ғана ұшып шыққан біз секілді темірқанат балапандарға осы бір ұғымның өзі теңіз сияқты терең, әрі шексіз ұғым болып елестейді. Өйткені бізде әлі Тұрақсыздық туралы түсінік жоқ. Дүниеге тек ғашық көзбен ғана қараймыз. Ал, Тұрақтылықтың не екенін түсіну үшін әуелі Тұрақсыздықтың не екенін біліп алуың керек...

Біз арада аттай жиырма бес жыл өткенде Қайролланың «Тұрақтылығын» бәріміз түлеп ұшқан білім ордасындағы биік мінберден Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Мәдениет министрінің өзі мәнерлеп оқитынын білмейміз.

Өйткені болашақ мәдениет министрі өз ортамызда, мына темір кереуеттің үстінде иық түйістіріп қатар отыр-ау деген ой біздің миымызға кіріп те шықпайды...

Ақын

Өнер әлеміне жақын жандардың бәрі де Гүлнарды білетін болар-ау. Қай Гүлнарды дейсіз бе? Шәмшиеваны айтамын да. «Ол біздің курстасымыз» деп біз бүгінде мақтаныш етеміз. Бүгінгі жұрт Гүлнарды дарынды композитор ретінде таниды. Оның сыршыл, мұңды, нәзік лирикалық әндері ел ішінде кең таралған. Әсіресе, әнші Гүлмира Ақүрпекова екеуінің шығармашылық достығы қазақ өнерінің қазынасына қаншама тамаша әндерді әкеліп қосты.

Ал біз, Гүлнардың курстастары, оны ең алдымен ақын ретінде таныдық, Гүлнар өлең оқығанда бүкіл болмысымен, жан-тәнімен беріліп оқушы еді. Содан да болар, біз оны ұйып тыңдап отырып, япыр-ай, осы Гүлнар өлеңге, өлең Гүлнарға айналып кететін болар деп ойлайтынбыз...

Классик

Студенттік шақтың өз классикасы, студенттік ортаның өз классиктері болады. Біз үшін ақын Бақытжан Абызовтың орны бөлек. Ол біздің классигіміз. Бақытжанның «Алматының ауа райы» атты өлеңін әлі күнге дейін жатқа оқи аламыз.

Ұлы мәртебелі Уақыттың әмірімен біз талай дүниені ұмыттық, талай-талай асылымызды жолда қалдырдық, Жадымыздан шығардық. Жанымыздан алып тастадық. Бірақ студенттік шақта жаттаған «Алматының ауа райын» ұмытпадық.

Алау жұлдыз, жақты ол ұшқын,
Нәр алды жер кенезесі.
Сенсіз келген автобустың,
Жылап кетті терезесі... –

деп аяқталушы еді ғой. Естеріңде ме?!

Сол сиқырлы автобус біздің көңіліміздегі бекетке бүгін де ауық-ауық аялдайды. Оның мәңгілік маршруты: Жастық шақ және Біз. Ол біздің бүгініміз бен кешегі жастық шағымыздың арасын үзбей жалғастырып келе жатыр. Оның терезесі сол баяғы думанды күндерді аңсаған біздің көңіліміздің терезесі секілді жаңбырлы күні егіліп жылап, көз жасын тыя алмайды...

Проза

Біздің студенттік шағымыз әдебиет пен өнерге іңкәр, білімге құштар жылдарымыз еді. Ол кездегі елдің, қоғамның рухани атмосферасының өзі сондай болатын. Жұрт жақсы кітапты іздеп жүріп оқитын, жаңа спектакльдерге ағылып барып жататын...

Ал біздің, жастардың, әсіресе, журналистика, филология факультеттері студенттерінің ортасындағы әдеби кештер, үйірмелер, пікірталастар кісі қызығарлықтай керемет, қызу өтіп жатушы еді.

Бәлкім, өткен шақты, студенттік жылдарды сағынып, жиі еске ала беретініміздің бір себебі осыдан болар-ау...

Біздің курста дарында да арынды ақындармен бірге биязы, сыршыл, парасатты прозаиктер өсіп келе жатты. Олар өздерінің тырнақалды туындыларын, яғни алғашқы әңгімелерін оқитын-ды. Содан соң оған пікір айтып, қызу талқылап, өз көзқарастарымызды білдіріп жататынбыз.

Міне, сондай тамаша әдеби отырыстарда менің курстастарым Мұхтар Құлмұхамедовтың «Қасқырлар», Қонысбек Ботбаевтың «Балқадиша», Асылбек Жақаевтың «Кінәлі махаббат», Гүлнар Төлегенованың «Көктемгі ақ нөсер», Тәрбие Смағұловтың «Ақ бөкебай» және Айгүл Хасенованың балаларға арналған қызық та сүйкімді әңгімелері талқыланғаны есімде.

Біз, әсіресе, Қонысбектің қоңыр үнді, сыршыл, аздап мұңдылау әңгімелерін қызыға оқитынбыз. Оның «Балқадишасындағы» акварель бояулармен салынғандай әдемі, шағын сурет әлі күнге көз алдымда.

Қардағы қызыл алмалар

Жаңылмасам, биыл жазда ғой деймін, «Қазақ әдебиеті» газетінің кезекті номерін ашып отырғанымда өзіме баяғыдан таныс, көңіліме ыстық есім көзіме оттай басылды. Айгүл Хасенова! «Қардағы қызыл алмалар». Әңгіме.

Қызығып, қуанып кетіп, тез арада-ақ оқып шықтым. Бастар күннің арайындай қып-қызыл алмалардың, тү-у баяғы апорттардың хош иісі келгендей болады... Неге екені, біз бірінші курста барған Горный Гиганттағы алма бақтың алмалары сияқты көрінеді маған.

Заря да таңғы шықтай мөлдір, таза сезімге құрылған, әдемі әңгіме, повестер жазып келеді. Иә-ә... Айтпақшы, қай Заря дейсіз бе? Бүгінде «Қазақ әдебиеті» газетінің проза, әдеби бөлімінің меңгерушісі, баяғы менің курстасым Заря Жұманова ғой. Оның алғашқы прозалық шығармаларының жинағы Қонысбектің «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясынан басылып шықты. «Қандай ғанибет!» деймін қуанып. Шынында да, өз досының, курстасының қамқорлық жасап, жан-өзегінді жарып шыққан шығармаларының жарық көруіне септігін тигізуі ғанибет емес пе. Сіз қалай ойлайсыз?.. Әңгіме әрине, тек жақсы кітап жайында екенін өзіңіз де білесіз, сезесіз ғой.

Күміс сәуле – күміс той

Олардың үйлену тойының өткеніне биыл міне, тұп-тура жиырма бес жыл толыпты.

Көп ұзамай Күміс тойға баратын шығармыз. Сондай бір қуанышты күн боларын көңілім күнілгері сезеді. Тағы да сол алма бақ, ертегідей таңғажайып дүние елестейді көз алдыма. Бәлкім, олар бір-бірін тұңғыш рет сонда түсініп, алғаш рет сонда ұнатқан болар деген ой келеді.

Біз алма терген тау аңғарына шайдай ашық аспан төріндегі Күн мейірімін ерекше төгіп, елжіреп тұрушы еді. Ал, түнде алқаракөк түпсіз кеңістікте жүзген аппақ Ай күміс сәулесін шашып, алма ағашының қалың жапырақтарының арасынан сығалап, күлімсірей қарайтын-ды.

Бәлкім, сол бір бақытты, алаңсыз күндерде Ай да, Күн де оларға ақ батасын берген болар.

Біз сендерге қызығамыз, біз сендерді мақтаныш етеміз, Мұхтар және Айгүл!

Алқаракөк түнде алма баққа биіктен күлімсірей қараған аппақ Айдың күміс сәулесі секілді сендердің Күміс тойларың да біздің жан дүниемізге жарық түсіріп, көңілімізге нұр құяды.

Алма ағашының гүліндей

Біз Ләззатты көрсек, ойымызға ақ бантик оралады немесе ақ бантик көрсек Ләззат түседі.

Неге дейсіз бе? Қазір... иә, қазір соның себебін айтайын.

1977 жылдың жазында Алматыға абитуриент болып келгенімізде Ләззат мектепте таққан ақ бантигін қимай, қос бұрым етіп өріп, дөңгелектеп қайырып қойған шашына тағып келді. Онысы өзіне керемет жарасушы еді. Көкорай көктемдегі алма ағашының гүліндей көз тартып, жанарыңды арбап тұратын. Иә, еліктің лағындай сүйкімді, текті жерден шыққан парасатты қызға бір көргеннен-ақ ғашық болып, сезім отына өртенген жігіттер көп болды. Олар Ләззатқа арнап өлең шығарды. Хат жазды. Тіпті, бізден бір-екі курс төмен оқыған, бірақ жасы бізбен қатар бір қаламгер жігіттің әңгіме арнағанын да білеміз. Бір қызығы соның бәрінің де авторлары өздері ұнатқан кейіпкердің бейнесін ашу жолында бір детальға ерекше тоқталмай өтпейтін-ді. Ол, әрине, ақ бантик.

Бірақ біз білетін Ләззат олардың бір де біреуін ұнатпай, кеудесін жыр толқытқан жас қаламгерлердің ешқайсысына бақ болып қонбай, Сағи деген есімді тамаша ұшқыш жігітке тұрмысқа шығып кетті.

Кездесу

2002 жылы 7 маусым күні біздің жиырма жылдық кездесуіміз өтті. Сол күні, таңертеңгі сағат тоғыз бен онның арасында біздің курс түгелге жуық университеттің ескі корпусының

алдындағы фонтанның жанына жиналды. Түп-тура баяғыдай. Біздің курс түп-түгел сабаққа келген сияқты. Қазір аудиторияға кіреміз. Сабақ басталады...

Жо-жоқ. Өмір әрине өзгерген. Уақыт та, заман да басқа. Тек біздің қыз-жігіттердің бір-біріне деген дос көңілі, ыстық ықыласы ғана өзгермеген.

Рас, әуелде бір-бірімізге қарап таңданып: «Япыр-ай, біздің университетті бітіргенімізге де жиырма жыл өтіп қалыпты-ау!», «Әй, сен түк те өзгермепсің?», «Сол баяғы Қуантай ғой мынау!» деп қысқа-қысқа, қуанышы мен сағынышы аралас лебіздерімізді білдіргеніміз болмаса, уақыт тұсауын бірден шешіп, шүйіркелесіп кете алмадық-ау деймін.

Қалай десеніз де, жиырма жыл аз уақыт емес еді... Біз бір-бірімізге қайтадан бауыр басып, бәз-баяғыдай емен-жарқын араласып кету үшін аз ғана уақыт болса да бір-бірімізге байыптап, бажайлап қарап алуымыз қажет болатын.

Кездесуге әрине, Ұстаз да келді. Шындығында ол бізді сол баяғы Ұлы білім ордасында к үтіп алды. Өйткені Ұстаз қасиетті қара шаңырақты тастап, ешқайда кетпеген-ді.

Осынау жылдар ішінде оның лауазымы да, ғылыми дәрежесі де, зиялы қауым ортасында ғы мәртебесі де еселеп-еселеп өскен болатын.

Біздің Ұстаз Қазақстан Республикасының қайраткері, журналистика ғылымының докторы, академик, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің проректоры Намазалы Омашев бүгінде өзі сияқты мың-мыңдаған шәкірттердің ұстазы.

Кездесуге әрине, Министр де келді. Шындығында ол осы кездесудің ұйытқысы, ең негізгі тұлғасы, әрі бас демеушісі еді. Біз әуелде оған не сіз деп сөйлерімізді, не сен деп сө йлерімізді білмей, әбден шатастық. Өйткені ол – біздің курстасымыз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тарих пен заң ғылымдарының докторы, белгілі мемлекет қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед біздің ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышына айналған азамат еді.

Расында біздің қай-қайсысымызды да Тағдыр елеусіз, ескерусіз қалдырған жоқ.

Жиырма жылдық кездесуден түйген бір ойымыз, мына өмір кешегі, бүгінгі, ертеңгі деп бөлінбейді екен. Өйткені ол екі аяқты, жұмыр басты пендеге бір-ақ рет берілетін өмір. Сол ү шін де студенттік жылдардағы достығымызды көңіл-сандығымыздың терең түкпірінде ғана са қталмай, ауық-ауық кездесіп, сырласып жүргеніміз абзал секілді.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы, профессор:

АҚПАРАТ ӘЛЕМІ: АЙБЫН МЕН АЙДЫН
Ұстаз-ғалым Намазалы Омашұлы шығармашылығы
туралы ойлар мен толғаныстар

Адам әлемі шексіз. Мүмкіндіктері де мол.

Гәп, Адам атты ардақты есімді, оның өмірі мен еңбегін аялау мен бағалауда болса керек.

Адам-пендеге берілген қысқа ғұмырды әркім әр қалай ұйымдастырып, түрліше өткізеді. Абай айтқан: «жан мен тән құмарының» («Жетінші сөз») байыбына барып, оны өмір мұратына айналдырғандар сирек-ақ. Ой-сөз жүйесін көрнекті қазақ қаламгері Ж.Аймауытұлы жазбаларымен сабақтасақ: «Адам – өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Кісі іштен ту ғаннан-ақ бір өнерге, қызметке икем болып туады, басқаша айтқанда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге,

біреу дауға ыңғайланып жаралады. Кім де кім өзінің біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ» («Неге айналсаң, соны істе»).

Осы орайда, журналист һәм ұстаз-ғалым Намазалы Омашұлының өмірі мен шығармашылығына қысқа шолу жасасақ, әлгінде айтқан «өз орнында» деген қағидалы ойлардың ақиқатына көз жеткізер едік.

Ең алдымен байқалар жайт: Н. Омашұлының еңбек кітапшасындағы өмір жолы мен қызмет орнына қатысты дерек-жазбаларда бірін-бірі толықтыру, өсу, есею секілді бірізділікке толы бел-белестер болмаса, алақұлалықтар жоққа тән. Барлық тұстардан, әсіресе өмір өрнектері мен еңбек белестерінен іргелі ізденіс, айқын көзқарас, мол тәжірибе жіті танылады. Адами болмысы, азаматтық қырлары айқын. Кездесу, жүздесулерде өзін еркін, емен-жарқын ұстайды. Өмірде қарапайым, ұстамды. Еңбекте табанды. Жақын-жуық, дос-жарға адал, камқор.

Профессор Н.Омашұлының шығармашылық ізденіс, еңбектеріне ден қойсақ, тақырып әр алуандылығы байқалғанымен нені айтып-жазуға келгенде әлдекімдерше «көсемдік қолтаңба» қалдыруға құмар емес. Керісінше, қайсыбір тақырып, мәселеге қалам тартып, ой толғаған тұстарда өзі біліп, көзі жеткен жайттарға ден қоятыны, соны ғана ақыл-парасатқа серік, сөз жүйесіне негіз ететіні, нәтижесінде: кемел ой, көркем өрнектермен байыпты талдап-толғап, нанымды, әсерлі жеткізетіні айқын аңғарылады. Басты тақырып, маңызды мәселелерге басымдық береді. Түпкі нәтижеге, түйінді тұстарға назар аударады.

Біз оқып-танысқан Н.Омашұлының «Жол – үстінде журналист» (Алматы: «Атамұра» 1999, 168-бет), «Белестер» (Алматы: Қазақ университеті, 1999, 273-бет), «Қазақ радиожурналистикасы» (Алматы, 1992) атты әр түрлі жанрларда жазылған еңбектері адам әлемінің мың сан иірімдерін, өмір-уақыт шындықтарын, ұлттық журналистиканың, қазақ радиосы мен теледидарының арғы-бергі тарихы мен ақпарат жүйесін, маман даярлаудың түйінді тұстарын, маңызды міндеттерін, оқу, оқыту ісіне қатысты көкейкесті көзқарастарды жіті бақылап, сергек сезінуден, жалпы әсерлі әлем, көрікті ойлар жиынтығынан тұрады.

«Жол үстінде - журналист» атты еңбекте ұлттық журналистиканың қалыптасу, даму тарихы мен өзіндік белгі-ерекшеліктерін шетелдік журналистикамен алма-кезек салыстырып, содан түйген түйін-толғамдарды қалың көпшілік, ғылыми қауымға «Жер иесі», «Ел киесі», «Сөз жүйесі» секілді тарауларды кең қамтып әңгіме етеді.

Алдымен байқалар жайт: кітап құрылымында жүйелілік, ішкі тақырып, бөліктерде бірлік, сабақтастық, табиғилық терең танылар еді. Ой-сөз жүйесін дәлдік пен нақтылыққа бағыттасақ, кітап тараулары мен ондағы тақырып-мәселелер ұлттық мүддеге, елдік мұраттарға, ақыл-парасатқа негізделгенін аңғарар едік. Айталық, кітаптың «Жер иесі» атты тарауында мұхиттың арғы жағындағы, алыстағы Американың Оклахома университетімен жасасқан келісім-шарт негізінде екі ел, оның оқытушыларының бір-бірімен тәжірибе алмасулары білім-ғылым мүддесімен бірге жас маман даярлаудың, ғылыми зерттеулер жүргізудің, байыпты бағдарлама жасаудың тиімді әдіс-амалдары, қыр-сыры, негізгі нәтижелері мен тағылымды тұстары дәлелді де нанымды баяндалады.

Алғашқы тұста Америкаға жеткенге дейінгі көрген-білген жайттардың әдемі әсері, ғажайып көріністерімен басталған кітаптың бастапқы тараулары сол елдің ерекшеліктерін, әсіресе заң тұғырының – биік, тәртіптің – қатаң, уақыттың – үстем екендігін, қысқасы американдық үлгі, өмір салтын жүйелі сөз етеді. Өрнекті өрісі, өнегелі үлгілері бағалау мен байыптау, салыстыру тұрғысынан жан-жақты қарастырылады.

Кітаптың құндылық қыры мен рухани әсер-ықпалын арттырып тұрған жайттардың бірі – американдықтардың еңбекке, қызметке көзқарастарының жоғарылығы, мемлекеттік мүддеге

адалдығы, білім-ғылым жүйесінің өмірге, адамға қызмет етуге негізделуі, үлкен-кішінің бәрі заңға, тәртіпке табан тіреуі секілді белгі-ерекшеліктері тап басып көрсетіледі. Әсіресе, білім-ғылым жүйесіндегі интеллектуалдық деңгейі, ғылыми жұмыстың бір-ақ рет қорғалып, ондағы негізгі нәтиже – жаңалықтың өмірге, өндіріске енуіне зор маңыз берілуіне ерекше назар аударылады. Оқу жүйесі туралы айтқанда: әр студент белгілі бір мамандыққа ғана бейімделіп, сол салада ізденіп, оқитынына көп көңіл бөлінеді. Өмірмен байланыс, еңбекке көзқарас, өзіндік өзгешелік қырлары нақтылы мысал-деректер негізінде кең өріс алады.

Кітап авторы аңыз ел – Американың арғы-бергі жағдаяттарын қызықтап, әсерлі баяндауды ғана мұрат етпеген. Еңбекте Америка – Қазақстан байланысы қысқа да нұсқа баяндалып, көбінде америкалық оқытушы-ғалымдардың білім-ғылым саласындағы ізденіс-жетістіктері, оқу жүйесіндегі, оқыту бағдарламасындағы теориялық һәм практикалық сабақтардың тиімділігі, журналистер дайындау ісіндегі мемлекеттік, қоғамдық мүдде, жеке тұлға орны, сөз бостандығының қыр-сыры т.т. кең көлемде әңгіме өзегі болады. Тіпті, қайсыбір тұстарда екі ел ерекшеліктерімен бірге білім-ғылым, руханият мәселелеріне қатысты көзқарас эволюциясын өзара салыстыру арқылы баяндау, сұхбат, пікірталас негізінде жүйелі жеткізу сипаттары да сезіледі. Оқып көрелік: «Олардың артықшылығы неде, алда тұруының себебі қандай? Бір ретте байқалатыны, бізде ашқан жаңалығымыз, тың идеямыз іске аспай, ұйымдастырылмай шаң қауып келсе, ол жақта осы мәселеге баса назар аударылып, ең алдымен, жаңалықты өмірге етене араластырып, өндіріске ендіруді мықтап қолға алған. Сондықтан ғылымды ұйымдастыру қатаң тәртіпке негізделген. Бар көңіл, бар ақша соған бөлінген. Ал біздегі кемшілік сол – ғылыми мүмкіншілік бола тұра оны ұйымдастыру жоқ. Жап-жақсы жаңалық ашылады, қорғалады, әттеген-айы қағаз күйінде қалып қояды» (22-23 беттер); «...біздегі ғылыми потенциал, ғалымдарымыздың интеллектуалы, оқу методикасы әлемдік деңгейден қарағанда көштен қалып тұрған жоқ. Салыстырмалы тұрғыдан туатын шындық осы. Ал олардың тұрмыс-тіршілігі, техникалық жарақтануы әлдеқайда алда. Тәртіп, жұмысты ұйымдастыру жағынан оқ бойы озық. Айталық, бізде бар күш жұмысты бастауға дейін кетеді. Олар қызмет орнындағы компьютерлерге отырады да бәрін ұмытып, басқа әлемге сүңгіп кетеді. Компьютер олар үшін әлемге ашылған терезе...» (23-бет). Осылайша, еңбекте Америка мен Қазақстан халқының өзіндік ерекшеліктері, қоғамдық мүдде мен ақыл-парасаттағы, білім-ғылым жүйелеріндегі артық-кем тұстары ортаға салынады. Алайда, Америка әсерлері бірыңғай таңғалу-тамсанудан тұрмайды, керісінше таным-талғам таразысын тең ұстау, таныс, ортақ жайттарды боямасыз баяндау мұраты терең танылады. Біздіңше, кітап авторы Қазақстан-Америка байланыстарын ұлт мұраты тұрғысынан таразылайды. Елдік мүдде, руханият мәселелері, көркемдік-эстетикалық құндылықтар алдыңғы кезекке шығарылып, оны аялау мен бағалау бағыттарына зор маңыз беріледі.

Кітаптың «Ел киесі» атты тарауында ұлттық журналистиканың мұрат-міндеттері, әдебиет пен өнердің өріс-өресі, жекелеген тұлғалар – Бөлтірік Әлменұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов т.б. өмірі мен шығармашылығына қатысты көзқарас, түйін-толғамдарға кең орын берілген. Мәселен, «Өрісі бір, өнері сабақтас» атты мақала әдеби-ғылыми сипатымен, әрі Бөлтірік шешеннің өмірі мен өнегесін жаңаша баяндауымен назар аудартады. «Жеті жарғы» атанған шешеннің белгілі-белгісіз қырларын кең көлемде баяндау арқылы Талас, Шу өңірінің ерекшеліктеріне, осы өлкеден кең байтақ елдің ерке ардағына айналған – Сыпатай, Байзақ, Кебекбай, Диханбай, Рүстем т.б. батыр, би-шешендер орыны мен қасиеттерін үлгі-ғибрат етеді. Әсіресе, Сыпатай батыр мен Бөлтірік шешеннің өмір мен өнердегі, жалпы ұлттық би-шешендер дәстүріне қосқан орын-үлестері, әсер-ықпалдары әр алуан салыстыру, талдаулар арқылы сөз етіледі. Бұл бағыттағы материал, деректер әрі мол, әрі соны қырларымен назар

аудартады. Автордың өмір құбылыстарын көркем пішінге көшірудегі баяндау әдісі, деректі сөйлету мәнері, ой-сөз жүйесіндегі дәлдік т.т. қалыптасқан қолтаңбаның із-бедерін айқын көрсетеді. Ел-жерге қатысты тарих тағылымы, ұлттық мұратты арқау еткен жылнама-шежірелер, ондағы танымал тұлғалардың бейне-бедерлері, аңыз-әңгімелер желісі мен жүйесі уақыт талаптары тұрғысынан нақты да көркем беріледі.

Аталмыш еңбектегі А.Байтұрсынов пен М.Әуезовтің өмірі мен қаламгерлік қызметінің кейбір қырларын баяндауды мұрат еткен – «Ахандар ашқан арна» мен «Әуезовтің бітпей қалған очеркі» атты мақалалары ғылыми ізденіс, сипаттарымен ерекшеленсе, «Түркістан ақпарат жүйесі қалай құрылды?», «Әуелгі радиохабар төңірегінде» атты мақалалар топтамасы ұлттық радиохабар, алғашқы әуе толқыны туралы сыр-шежіреден тұрады. Аталмыш мақалаларға тән ортақ белгі – ерекшеліктер – ұлттық мұратқа адалдық, тұғырлы тұлғалардың ел алдындағы, руханият саласындағы еңбек-үлесіне құрмет, соны үлгі-ғибрат тұту.

Кітаптың «Сөз жүйесі» атты тарауы: «Бүгінгі тіршілік кестесі тым шапшаң түрленіп жатыр. Оның бұрыннан санамызға қалыптасқан бояуы, өрнектері күрт ыдырап, жаңа түс, жаңа белгілерге көшті. Өң түгіл түсімізге еңбеген осындай соны үрдістерді дағдымызға айналдырып, өмір салтымызға ендіріп жатқан – уақыт дейтін құдірет. Оның тәуелсіз Қазақстан журналистикасына да алып келген жаңалығы жетеді», -деген кемел ойларымен басталып, ұлттық баспасөздің бүгінгі, болашақтағы мұрат-міндеттеріне барлау, түйінді тұстарына талдау жасалады. Автор қоғамдағы, күнделікті өмір-тұрмыстағы баспасөздің бағыт-бағдарын алыс-жақын елдер тәжірибесімен еркін салыстырады, ортақ белгі, кемшіліктері туралы да келелі пікірлер білдіреді. Нәтижесінде: баспасөз – қай кезеңде де халық мұратын көздеп, тағдыр-талайына жауапты деген байыпты, түйінді тұжырымдар жасайды.

Осы реттен келгенде, кітапқа енген «Журналистиканың жаңа стилі», «Журналист дайындауда жаңалық көп», «Журналистиканың жүгі ауыр», «Журналистикасы жалтақ ел тоқырайды» атты мақала, сұхбат-толғамдарында қазақ журналистикасының бүгінгі бағыт-арнасын айқындап, егемен еліміз туралы айтылып-жазылып жүрген туындылардағы тақырып, жанр табиғаты, тілдік-сюжеттік желі, ізденіс иірімдері, т.т. кең көлемде танылады. Ұлттық баспасөздің теориялық, практикалық мәселелері, журналист мамандығын дайындаудағы алыс-жақын елдер тәжірибесінің артық-кем тұстары, халықаралық және төл журналистикамыздың бүгінгі өресі, ғылыммен байланысы, шығармашылық сипаты, білім беру жүйесіндегі бакалавр, магистратура сынды бүгінгі оқу сатыларының ерекшеліктері т.т. уақыт талабы тұрғысынан сөз етіледі. Осыған байланысты журналист дайындау ісінде жас буын мамандарға шығармашылық еркіндік, ізденіске кең өріс ашу қажеттіліктері де нақтылы көрсетіледі. Бұл бағытта оқу, оқыту ісіне қатысты алуан ізденіс, түрлі бағдарламалармен бірге «Қазақстанның әлемдік ақпараттар кеңістігіне енуі», «Қазіргі ақпараттық процестің психологиялық аспектілігі», «Саяси-қоғамдық құрылымдардағы журналистиканың ролі» секілді жаңа сипаттағы пәндер, «Сана» атты телерадио бағдарламасы, ЮНЕСКО-ның көмегімен ашылған радиостудия т.с.с. жас мамандардың қалыптасуына, теориялық-практикалық жағынан шыңдалып, өсіп-есеюіне кең өріс, мол мүмкіндіктер ашып отырғаны хақында да кәделі, қордалы ойлар ортаға салынады. Біздіңше, кітап авторы білім-ғылым жүйесінің көкейкесті мәселелерін кеңінен қозғайды. Оқу мен оқытуға, маман дайындау ісіне, мамандық таңдауға сергек қарауды алға тартады. Мұның қазіргі кезеңде де маңызы зор.

Негізінен алғанда, «Жол үстінде-журналист» атты еңбек ұлттық баспасөздің мұрат-міндеттерін, бұрынғы-соңғы тәжірибе-тағылымдарын алуан бағытта, кең көлемде салыстырып, танып-таразылаумен маңызды.

Журналист-ғалым Н.Омашұлының «Белестер» атты очерк пен фельетон, портрет пен

мақала, рецензиялардан тұратын кітабы құрылым-түзілісі тұрғысынан, мазмұн-тақырыбы жағынан, ең негізгісі кеше мен бүгін мәселесін, адам мен оның іс-әрекеттерін, қоғамдағы орын-үлестерін еңбегіне қарай танып-талдауымен мәнді. Атап айтқанда, қайсыбір жанрдағы туындылар табиғатына тереңдей енер болсақ, өмір шындығы мен уақыт сырлары, адам мен оның іс-әрекеттері нақтылы сөз етілетініне көз жеткізер едік. Кітаптың «Очерктер» бөлімінде Адам, Қоғам, Еңбек ұғымдарының шын мағынасындағы орыны кең көлемде көрсетіледі. Айталық, «Армысың ай сәулелі, арайлы жыл!» атты очеркте Жаңа жыл қарсаңында арман-мүддесі бір адамдардың бір дастархан басындағы өзара лебіз-тілектерінен адамзатқа, болашаққа үміт-сеніммен қарап, ел-жерге, береке-бірлікке, ең бастысы қоғам байлығы – Адамға бет бұру секілді келелі ойлардың ортаға салынуы кім-кімді де бейтарап қалдырмас еді. Очерк мұраты: адамға құрмет, еңбекке көзқарас, болашаққа үміт-сеніммен қарау болса, бұл міндет – кемел ой, көркем өрнек, бедерлі бейне, белгілер арқылы нанымды жеткізіледі. Автор еңбек, өнер адамдарының өмірдегі өнегелі орын-үлестерін әр алуан әңгіме-сұхбаттар желісімен өрбітіп, сол арқылы ертеңгі күнге, болашақ ұрпаққа қатысты тәлім-тәрбие ісіне, ұлттық-руханияттық мәселелерге көп көңіл бөледі. Өмірдің өрнекті өрісі-адам еңбегінде, ортасы мен отбасында көрініс берсе, соның жарық-жылуын сезіну де айрықша әлем, ғажайып ғанибет! Адам еңбегінің жанған, абырой биігіне көтерілген тұсы да осы. Очерк шындығы, тақырып табиғаты осыған келіп саяды.

Сондай-ақ, «Тағылым» атты очеркте С. Жарылғасыновтың еңбектегі, өмірдегі үлгілі қырлары әріптестері мен жастарға мақтан етілсе, «Ырысты мекеннің өрендерінде» «Хантау», «Сұңқар» секілді комсомол-жастар бригадасының мал өсіріп, қойнауды ырыс-құтқа, елін айнала-әлемге мәшһүр еткені хақында сырлы әңгіме қозғалады. Ал, «Жұлдызды жігіт», «Іскер жан», «Азамат парызы», «Халық қалаулысы» сынды очерктер еңбегімен еліне, ортасына кеңінен танылған, абырой-беделге ие болған Күлдән, Рабиға, Орынтай, т.б. жөнінде сыр-шежіре шертеді. Негізінен «Очерктер» бөліміне енген туындылар табиғатына күнделікті көрініс-құбылыстар, өмір-уақыт шындықтары, замандастарымыздың ел алдындағы, еңбек үстіндегі іс-қимылдары арқау етілген. Маңыздысы: автордың қандай тақырыпқа қалам тартса да негізгі нысана – объектіні терең зерттеп барып қордалы ойлар қозғайтыны, оның өзінде атүсті сөз етпей, еліктеу-тамсануға бой алдырмай, керісінше таразы басын тең ұстап, таным мен талғамға, өмір-уақыт ұсынған көкейкесті жайттарға көңіл бөлетіні терең танылар еді. Ең бастысы, еңбек ортасында болып, ондағы шешуші тұлға – Адамдармен кездесіп, ортақ мұраттар туралы келелі кеңес құруы, тіпті олардың мұң-мұқтажы мен мерейлі мақсат-мұраттары туралы сыр-сұхбаттарға баруы жүйелі де көркем, табиғи өріс алып отырады. «Очерктер» бөлімінде Адам мен оның еңбегі, олардың өмірге, қоғамға көзқарастарының оңды сипат, тағылымды тұстары осылайша өрнектеледі.

Ал, «Фельетондар» бөліміне енген материалдар («Май шелпек», «Сауда сақал сипағанша», «Кексе студент», «Қулар жарысы» т.т.) қоғамдағы, өмірдегі келеңсіз көрініс-құбылыстарды, адам бойындағы жағымсыз қасиет, белгілерді еңбек үстінде сынап-мінеп, себеп-салдарын қысқа, нұсқалы үлгіде жеткізуімен ерекшеленер еді. Автор өмір оқиғаларын қарапайым суреттеп, адамдар бойындағы келеңсіз қасиеттерді, күлкілі жайттарды, зиянды әрекет, теріс мінез-қылықтарды тақырып табиғатына, өмір-уақыт шындықтарына, характерлер қақтығысына қатысты нанымды, көркем көрсетеді. «Өмірде не болмайды» деген қағидалы ойларды негізгі назарда ұстай отырып, қоғамға, адамға қарсы әрекеттерді ақ-қара, үлкен-кіші демей, әуелгі негіз-арнасын айқындап, зиянды, көлеңкелі тұстарын сынап, мінейді. Адам мінсіз, қоғам кінәратсыз болу үшін әркім заңға, тәртіпке бағынуы, өз орнында болуы қажеттілігі жан-жақты көрініс тапқан. Біздіңше, бұл тұстардан да өмірдің өрнекті кө

ріністері, адам мұраты мен еңбегі, арман-аңсарлары қызықты оқиға, тартымды суреттер арқылы әсерлі жеткізіледі. Өмір оқиғалары, тұрмыс көріністері шынайы беріледі. Дерек көздері, нақтылы бейнелер жүйелі сөз болады. Өмір шындығы, уақыт тынысы терең сезіледі.

Аталмыш кітаптағы «Мақалалар» («Радиохабардың акустикалық табиғаты», «Радиоэңгімелесу», «Ақпараттық қоғам қалай орнады?» т.т.) мен «Рецензия» бөліміне енген материалдар топтамасын («Ақын әлемінің астарлы сыры», «Байыпты байлам, тұжырымды түйін» т.т.) ұлттық журналистикадағы осы жанрлар сырының бағыт-бағдарын, артық-кем тұстарын алыс-жақын елдер тәжірибесімен, күнделікті өмір шындықтарымен байланыста, салыстырыла сараланған туындылар деп қабылдаған ләзім. Автор әрбір мақала, рецензияларын жанр ерекшеліктеріне сай сөз етіп, қайсыбір мәселе – тақырыптың да түп-тегіне ден қояды. Танып-талданған материалдар байыпты көзқарас, кемел ой жүйелерімен де назар аудартады. Ең негізгісі, автор күнделікті өмір-уақыт ұсынған тақырыптарды немесе кез-келген басылым, кітаптарды үстірт оқып, жеңіл баяндап, қалың көпшілікке ұсына бермейтіні байқалады. Маңыздысы: қайсыбір мақала, рецензиялар табиғатына байыпты көзқарас, іргелі ізденіс, зерделілік пен терең таным тән екенін айқын аңғарар едік. Тегінде, автор қолтаңбасына бар-жоқты теріп-тізу, баяндау стилі жат. Керісінше, қайсыбір тақырып – мәселелерді танып-зерттеп барып қолға қалам алатыны, қызықтап, тамсанып емес, қайта қысқа көлемде, маңызды тұстарын ғана сөз ететіні танылар еді. Сөз өнері төңірегіндегілер үшін бұл белгі, қасиеттердің ауадай қажеттілігі арнайы дәлел-деректі тілемесі анық. Ал, жас қаламгерлер үшін берер дерегі, рухани әсер-көмегі көп-ақ.

Кітаптың «Портреттер» бөліміне енген туындылар есімі мен еңбегі еліне, алыс-жақын халықтарға кеңінен таныс тұлғалардың адами бейнесін, өмір өріндегі, сөз өнеріндегі орын-үлестерін ашуға арналған. Айталық, «Ұлы ғұламадан ұлағат» атты мақала көрнекті ойшыл, әдебиетші-тарихшы М.Х. Дулатидың өмір мен қызметін, ол жайындағы бұрынғы-соңғы ізденіс-еңбектерді, көзқарас-лебіздерді танып-таразылап, тұтастары мен өзінен кейінгі буындарға ықпал-әсерін жан-жақты ашып, ғибрат етуді мұрат еткен. Әсіресе, автордың бірден-бір ғылым тілі – парсы тілінде Орталық Азия халықтарының 13-16 ғ.ғ. тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті туралы кешенді баяндайтын «Тарих-и-Рашиди» атты еңбектің тағылымды тұстарына ден қоюы, «Жаһаннама» дастанының тереңіне бойлауы, сол арқылы қазақ Гередоты атанған мемлекет қайраткері, дипломант, ақын әрі тарихшы М.Дулатидың өмір-тағдырына, әлемдік өркениетке қосқан үлес-салмағына зер салуы әдеби-ғылыми тұрғыдан мәнді, зерделеу, жазылу жағынан тағылымды сипатқа ие болған. Кітап авторының М.Х. Дулатидің өмірі мен өнегелі тұстарына, қазақ мәдениеті мен руханиятындағы орнына, әдеби-тарихи бейнесіне, кезеңі мен қызметіне, дәуір дидагына ден қоюы мәнді сипат алады. Танымдық-тағылымдық қырлары айқындала түседі. Кеше-бүгін байланыстары айқын.

«Дара-дарын» туындысында ұстаз-ғалым, қаламгер З.Қабдоловтың елі мен шәкірттер алдындағы еңбегі: «...қазақ елінің мәртебесін биіктетіп, мерейін өсіруге бағытталған қызмет», -деп түйінделсе (149-бет), «Ақиқатын айтқан қайраткер» атты портретте М.И. Есенәлиевтің қайсыбір қызмет, ортада: «...адамдық қасиетін биік ұстаған, ары мен намысын таққа да, атаққа да айырбастамаған, қоғамдық жүйе өзгергенмен, қанына сіңген азаттық мінез, патриоттық рухынан таймаған, өз ұлтына бар болмысымен құлай берілген шын мәніндегі мемлекет және қоғам қайраткері» (151-бет) екендігі айтылады. Біздіңше, бұл мақалалар шағын көлемді болғанымен белгілі тұлғалардың адами бітім-болмысын, қоғамдық һәм ұстаздық қырларын тартымды ашып, нанымды жеткізуімен мәнді.

Ал, профессор Т.Кәкішұлы («Журналист-ғалым»), М.Барманқұлов («Алпысында ағ

ылшын тілін үйренген») жайлы жазылған портреттер қалың көпшілікке де, әдеби-ғылыми қауымға да таныс тұлғалардың адами болмыс бітімі мен ғылымдағы орындарын нақтылы баяндауға, басты еңбектерін зерделілікпен танып-талдауға арналған. Бұл тұстарда да кітап авторы таразы басын тең ұстап, өзіндік көзқарасын, таным-талғамын нақтылы еңбек, деректер төңірегінде жүйелі өрбітеді. Тақырыпты ашып-меңгеруі, деректі қолдануы мен жеткізуі, қайсыбір туындылардағы өмір құбылыстарының көркем пішінге көшірілу жай-күйі, қаламгердің шығармашылық жұмыс тәртібі, әдеби мен әдегі, әдеби еңбектің құрылым-жүйесі, идея, проблематика мәселелері т.т. нақтылы, нанымды беріледі.

Ой-сөз жүйесін журналист, ұстаз-ғалым Н. Омашұлының шығармашылық еңбектері хақында ағысты арнаға бұрсақ, айнала-әлемдегі әр алуан көрініс-құбылыстар, өмір-уақыт шындықтары, адам әлемінің мың сан иірімдері, бәрі-бәрі жанр ерекшеліктеріне сай кемел ой, көркем өрнектер негізінде байыпты баяндалатыны айқын аңғарылады. Бұл-бір. Екіншіден, автордың Қазақ радиосы мен теледидарының тарихы, теориясы мен тәжірибесі туралы алуан ізденіс, ғылыми зерттеулері қалың көпшіліктің, осы саланың маман-қызметкерлерінің қызығушылығын туғызып, ықлас-назарын аударары хақ.

Үшіншіден, ҚазМУ-дің журналистика факультетінің деканы ретінде ұлттық журналистика ғылымын дамыту ісін, осы сала бойынша диссертациялық кеңес жұмысын, «ҚазМУ хабаршысы» журналистика сериясын, студенттердің «Сана» телерадио студиясын, ЮНЕСКО кафедрасын т.т. дұрыс жол, кең арнаға салуы білікті де іскер, басшы-ұйымдастырушының адамдық қасиеттерін, азаматқа лайық биік тұлғасын асқақтатып, даңқ тұғырына шыңдап-сомдап, көтере түскені анық. Қысқасы, ақпарат әлемінің айбыны мен айдыны кең көлемде көрінді.

Түйінді тұста айтарымыз, профессор Н.Омашұлының ақпарат әлемінің кешегісі мен келешегіне арналған еселі де елеулі еңбектері:

- Іргелі ізденіс пен зерттеулер жүйесінен, өмір тәжірибесінен туған;
- Қазақ журналистикасының тарихы мен тағылымы алуан дерек көздері, мол материалдар, түрлі сараптау-саралаулар арқылы көркем де жүйелі жеткізіледі;
- Ұлттық журналистиканың теориясы мен тәжірибесін алыс-жақын елдердің жетістіктерімен салыстыру-салғастыру арқылы арғы-бергі кезеңдердегі идеологияның, ақпарат әлеміндегі еркін ағымның әсер-ықпалын, елдік мүдде мен әлеуметтік жауапкершіліктің, сөз бостандығының мән-маңызын жан-жақты ашады;
- Бастысы, әрине БАҚ жүйесіндегі жаңалық-жетістіктер елдік мұрат-мүдде, журналист жауапкершілігі тарих пен таным тоғысы тұрғысынан таразыланып, оның өзі табанды әрекет, сарабал көзқарастар негізінде жүйелі қорытылып, негізгі нәтижелері мен түйін-тұжырымдары қалың көпшілікке байыпты баяндалады. Нақтылық пен дәлдікке мән беріледі. БАҚ жүйесіне адалдық пен әдептілік, жанашырлық пен жауапкершілік, табандылық пен тұрақтылық терең танылады.

Бұл – ұзақ жылдар бойы жүргізілген ізденіс жемісі.

Бұл – ұлттық журналистиканың арғы-бергі тарихын танып-таразылаған, ендігі жерде соның көш-керуенінің кедергісіз ілгері жылжуы жолындағы жемісті еңбек шежіресі.

Алда бұралаң-бұлтарысы мен қия-қатпары мол өмір жолы бар. Бұл жол – бүгінгі буынға сын, болашақ ұрпаққа үлкен үміт, жоғары жауапкершіліктер артады.

Бұл – кешеден бүгінге жеткен ұлағат, тағылым.

Түйіндей айтқанда, ой-сөз жүйесіне арқау еткен Н.Омашұлының журналистік һәм ұстаздық-ғалымдық қырлары да ұлттық тарихтан тағылым алып, тұғырлы-тұлғаларға тағзым етіп, аға ұрпақты ұлағат тұтып, өмір-керуенмен, қалың елімен бірге бүгінді болашаққа жалғап барады.

Өрнекті өмірдің өрісті өлкеге айналғанын, тағылымды-тәлімді ғұмырбаянның ағысты арна алғанын әркім-ақ қалайды.

Біз де тілек қосамыз.

Өмір мұраты осы.

Қайрат САҚ,

МӘРТ ТҰЛҒА

Ұлттық журналистика ұстындарының бірегейі, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, білікті ұйымдастырушы, қаламы қарымды публицист, сөз өнерінің жанашары, сонымен бірге өнердің өзге де түрлерінен «бар таласым» деп, биіктерді бағындырып жүрген сегіз қырлы, бір сырлы Намазалы аға Омашұлы өмірі мен шығармашылығы туралы сыр шерту маған әрі жеңіл, әрі қиын. Жеңіл дейтінім – ширек ғасырдан аса уақыт қасында ізбасары болып ілесіп келе жатқандықтан бар саналы өмір бел-белестері көз алдымда сайрап тұр. Ал қиын соғатыны – бар көрген-түйгенімді қамшы өргендей әдемі өрнектеп, тұлға талантын, шығармашылық шеберлік қырларын толық ашып айта аламын ба деген кеудемдегі күдікті жеңуіммен байланысты.

Әңгімешіл ағаның балалық шақтан өрбітіп құйқылжыта баяндайтын өмірлік хикаяларға толы есте сақтағандарын тыңдау бір бақыт. Сондай қызығы мен шыжығы қатар өріліп көркем кестеленетін өмір баяндарынан ұққаным бозбала шағы адам өмірінің жастық кезіне тән бар сәл н-салтанатымен өткен...

Намазалы Омашұлын қалың елі қазағы, әуелі, журналистиканың майталман маманы деп танып, осы сала көсегесін көгертуге қосқан ерен еңбегін құрмет тұтады. Ол рас та. Өмірлік кредосы – журналистика екендігін айқындайтын «Өмірлік бақытымды журналистикадан таптым» деген көңіл төрінен орын тапқан лебізін кейінгі буын журналистер қанатты сөзге айналдырып, іліп әкеткені тегін емес: «Журналистика қазір бағы жанып тұрған мамандық, бұл салаға сіңірген еңбек бірнеше есе боп қайтады. Біздің ерекшелігіміз де, құдіреттілігіміз де, қиыншылығымыз да сонда. Өйткені журналистің жетістігін де, кемшілігін де, халық біледі» (Омашев Н. Ақпарат әлемі. 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2006, 85-бет), – деген өмірлік бай тәжірибеден түйген құнды ойы сөзімізге жан бітірері хақ.

Журналистикадағы алғашқы қадамы Қазақ радиосы тілшісі қызметінен басталғаны тағдыр сыйы дерсіз. Өйткені өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдары Қазақ радиосы ұлт руханиятының Алтын Ордасы болғанын кейінгі жас білмеуі мүмкін, ал алдыңғы буын ағалар мен апалар ұмыта қоймағанына бәс тігеміз. Ұлттық радионың бағы жанған кез де - сол тұс. Тыңдарман құлақ құрышын қандыра бағдарламаларды, концерттер мен радио қойылымдарды електен өткізіп барып аудиторияға ұсынатын талғамы биік көркемдік кеңесі, кәнігі журналистер қауымы, өзінің дербес оркестрі, режиссерлер мен әртістер ұжымы бар радио жұмысы жанданбағанда қайтсін. Қазіргі жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай жаңадан ашылып жатқан радиоларда осы талғам жетіспейді десек, қателікке бой алдырған болмаспыз. Оның, әрине, объективті және субъективті себептері бар. Ол - жеке әңгіме арқауы.

Университет қабырғасынан жаңа ұшып шыққан жас түлектің осындай аты аңыз Қазақ радиосына журналистік жұмысқа шақырылуы да тегін емес-ті. Атақты журфактың 1974 жылғы түлектерінің ешқайсысы да осал болмағанын өмір дәлелдеумен келеді. Бір курстан бес бірдей ғылым докторы, профессорлардың шығуы, Жүрсін Ерман, Несіпбек Айтов сынды аттары алты алашқа мәлім ақындар мен Жанболат Аупбаевтай қаламы ұшқыр, ойы жүйрік журналистер мен публицистердің топжаруы сирек құбылыс. Міне, осындай атағынан ат үркетін топтың серкесі (староста) болу о бастан-ақ табанының бүрі болғандығынан сыр тарқатады.

Қазақ радиосы шығармашылық шындау мектебі болғаны айтпаса да түсінікті. Радионың

күдіреттілігін, оның ақпарат таратудағы ұшқырлығы мен аудитория сана-сезіміне әсер етудегі айрықша қасиеттерін теория жүзінде ғана емес, тәжірибе бойынша көз жеткізе дәлелді дәйектеуі сол жылдар еншісінде екенін ішіміз сезеді.

Талантты жастың күн құрғатпай эфир арқылы аудиториямен қауышқан радиоочерктері мен радиофельетондары тыңдарман құлақ құрышын қандырған құнды дүниелер болғанын бүгінде екінің бірі біле бермейді. «Ақпарат әлемі» кітабына енген «Армысың, арайлы жыр!», «Ырысты мекен өрендері», «Қару мен қаламды қоса ұстаған», «Көргені көп көш бастар», «Алтын жұлдызды ана», «Бағы жанған жан», «Ажалды жеңген азамат», «Азамат парызы», «Қауырсын қанат қатайса» т.б. радиоочерктерін деректі дүниені көркем шығарма тәрізді тілдік бояуын қанық етіп, сөзді сәулелендіріп, құлпыртып берудің үлгісі дерсіз. Сөзіміз құрғақ болмауы үшін радиоочерктерінен үзінді келтірейік:

«Ақ түн. Ақын көсіле жырға қосатын сүттей аппақ кеш. Көгілдір әлем күміс жұлдызша тағынған, жарық нұр сеуіп тұр.

Көңіл жұлдыздары да сондай. Сенің жүзіңнен де шуақты қуаныш нұры еседі ғой, мен де шексіз елжіреп шаттанып тұрмын. Тыңдашы, құрбым, менің жұдырықтай жүрегім кеудеме сыймай, лүпілдеп барады. Көкірекке сусып жылы нұр құйылатын тәрізді. Сен де осындай күй кешіп тұрсың ба?!

Қандай ғажап, қандай керемет еді мынау сәт, мынау көрініс. Шымырлап төгілген музыка сазы да жаныңды аялы алақанға салып әлдилейтіндей, сол ырғақпен еріксіз өзім де толқып барам. Ту-у, дүние шыр айналып, күміс жауып тұрған секілді. Келші достым, вальстің сазына ілесіп, дөңгелене билейік» (Ақпарат әлемі. 2-том. 206-бет).

«Армысың, арайлы жыл!» осылайша жаңа жылды айрықша қуанышпен қарсы алушы кәңілінің «нотасын» дөп басуымен өзіне еліктіріп, елітіп әкетсе, «Ырысты мекеннің өрендері» табиғат пен адам мінезі егіз екендігін дәл тауып, танытумен тартымды: «Ғасырды куә еткен сары сіңір сексеуілі мен өзегінен шіріп, құлап түскен дүзгені де ұзақ мезгілдің айғағындай. Бұл өңірдің мінезі де өзге жердің табиғатына ұқсамайды. Кейде дүние көшіп жатса да сабырлы қалпынан бір аумаптын салиқалы, мінезі ауыр жанның табиғатына келеді. Өрши соғатын дауылы бір көтерілмесін, көтерілсе дүние қара түнекке оранып, қиыршық тас пен құм жауады да тұрады» (213-бет).

Ал «Азамат парызындағы» төмендегі суреттеу көркемдік қуаттылығымен әсерлі: «Аузы ашылып, бар ынта болмысымен көрініске құлай көңілі кетіп, іштей «кенеттен үзіліп қалмаса екен» деп тәтті болып тұр. Абай атасы айтқандай, ана бір өлең шумағы қалай еді... Көкейге келмей күбірлеп келеді. Ақыры ойға оралғандай болды.

«Қар - аппақ, түлкі - қызыл, бүркіт - қара,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.»

Иә, дәл сол көрініс. Қандай әсерлі сурет, өзіне-өзі сенбей тұр. Табиғаттың осындай кереметтеріне бұрын неге зер салып, мән бермеген.

Бұрқап тұрған қар ұшқыны басылып, түлкі орнынан тұрып, дүр сілкінді. Одан сайын нарттай құлпырып, күміске көмілген қызыл нүкте алауланып біраз тұрды да, қиырдан асып, ғайып болды. Бір сәттік қана сұлулықтың үзіліп кеткеніне іштей налып тұрғандай» (276-бет).

«Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді» дегендей, осы үзінділерден-ақ очеркистің қалам қарымы қуатты екенін тап басып тануға болады. Радио - ырғалып-жырғалуды, ойланып-толғанып, уақыт оздыруды қаламайтын ақпарат құралы. Аталған радиоочерктер – тез арада жазылып, айналасы екі-үш күнде эфир арқылы жалпақ елге жария болған дүниелер. Демек, бұл арада автордың шалт қимылы шығармашылық қуатымен астасып барып берекелі іске мұрындық болғанын айтуға тиістіміз.

Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр публицистің радиофельетондары да тақырып алуандығымен, нақты деректерге құрылса да, көркем шығарма секілді бояуы қанық жазылуымен, сиқырлы сөз сезімдерді шымшып оятып, жат пиғылдардан адам бойын аулақ ұстау, қоғамды түрлі кеселдерден арылту туралы кесек ойларымен дараланады. «Ет жегің келсе, есептеспе», «Май шелпек», «Жорға мінген жігіт», «Сүйкеп жатыр», «Жеген ауыз жесін», «Шұқымаса жүре алмай ма?», «Түрлі-түрлі жегіш бар?», «Сен салар да мен салар», «Сауда сақал сипағанша», «Қулар жарысы» т.б. секілді аттарының өзі айыптап тұрған радиофельетондары сөзіміздің дәні бар екенін дөп басып танытады. Қымбат күлкіге құрылған радиофельетондарының өткір тілі мен тартымды стилін айшықтау үшін «Жеген ауыз жесін» деген бір ғана туындысын тұтас сөйлетсек те, оған көзіңіз толық жетеді:

«Шевченко қаласындағы «Закаспийтрансгаз» деген салақұлаш аты бар бірлестіктің беделдімін деген бастықтары түгі қалмай, тайлы-тұяғымен бірлестіктің бастығы Стефановскийдің кабинетінде бір-бір креслоға қона қалған шақ еді. Араларында Стефановскийдің өзі, орынбасары Донцов пен осы бірлестіктің бас бухгалтері Мамонтов та бар. Стефановский жағалай қарап алды да, сөйлеп кетті:

- Ал, жігіттер, сыртқа дық деген дыбыс шықпасын,
Білекті жігіттерге айтыңдар, есік жақты мықтасын,
Өзімізден басқа ешкім есітпесін,
Өсек деген гуілдер әлде біреу есіткесін.

Мына бір қызыл-қара ақшаны,
Мықтының өзі алдымызға әкеліп тастады.

Жалғыз жеуге асқазанға сыймай тұр,

«Бергеніне шүкір» деп бөліселік,

Таласқа бармай-ақ, өзара келіселік.

- Дұрыс, дұрыс! Өте орынды!

- Ал, жігіттер, мәселен мына басбух Мамонтовты алайық. Жігіттің сұлтаны емес пе, ә?

Мөр бізде болса, ақша жағы онда дегендей. Дауыс:

- Беру керек Мамонтовқа бір жүз сом.

- Рахмет, рахмет, жарандар. Енді Донцовқа да бір қараңдар.

- Ал, орынбасарым, саған да бірдеме беруіміз керек болар?

- Билікті өзіңізге бердік,

Сыйлықтан дәметіп, алдыңызға келдік.

Берсең алдық, бермесең қалдық.

Бізді жақсы білесіз ғой,

Салмақты өзіңізге салдық.

- Дұрыс, дұрыс. Әй, Донцов-ай, қусың ғой. Қанша жесең де сыпайы қалпыңнан аумайсың, өзіңе керек адамды сұлу сөзбен аулайсың. Жаз сол үшін Донцовқа - 120 сом!

Стефановскийдің сыралғы досы Ландышко осы кезде атып тұрып, әндете жөнелді:

- О-һо, асыл туған ағамыз,
Артық қой көптен бағаңыз,
Жаңылмай сізді табамыз,
Құндыз бөрік, көк пальто,
Қаракөлден жағамыз.
Жаздырыңыз бізге де,
Бір-екі жүз сом, ағамыз.

- Ой, пәлі, жігіт болсаң осындай бол. Жазыңдар сыйлық деп Ландышкоға - 200 сом.

- Ой, жігіттер, «мал жиғанның жазығы не» демекші, мені ұмытып барасындар ғой, - деген Стефановскийге Ландышко:

- Жігіттер, аздап ағат кетіппіз. Алдымен сыйлық бәсекеге аталуы керек еді. Сізге ат басындай алтын тартсақ та көп болмас еді. Қанша жазайық, бәсеке?

- Түу, жігіттер-ай, болмадыңдар ғой. Көңілдеріңе, пейілдеріңе рақмет! Онда маған да жазындар - 200 сом деп. Мамонтов:

- Бәсеке, бар болғаны 115 сом ғана қалды. Бұл аз ақшаны қай жұмысшыға жеткіземін.

- Ә, солай ма. Онда қалған 115 сомды өзіңе жақындау екі жұмысшы жігітке қажет бөліп жаза сал. Жұмысшылар алды деген аты болсын. Заты «жеген ауыздың жегені» жақсы ғой.

Міне, осылайша бірлестіктің білікті басшылары әп-сәтте озаттарға арналған сыйлық ақшаны ту-талақай етіп, үлестіріп алды. Ал, енді соңында не болар екен, оны да күтелік» (Ақпарат әлемі., 397-б.).

Бір ескерерлік жай, тілге тиек етіп отырған очерктер мен фельетондар радиоға арналып даярланған, яғни мәтіндерінің тілі шешендік өнер талаптарына тән тауып сөйлеу, ұрымтал ой айту тәрізді көркемдік қуатын арттырып тұрған ерекшеліктерімен қоса дыбыс, дауыстар арқылы көмкеріліп, сазбен әрленіп барып эфирден берілгенде тіпті құлпырып, тыңдаушысының құлақ құрышын қандырумен бірге айрықша әсерлігімен жүрек төрінен орын иемденгенін қаперге алған жөн.

Радиочеркпен бірге радиофельетон секілді тәрбиелік мәні орасан зор, аудиторияға әсер етушілік қуаты күшті жанрлардың қазіргі радиожурналистикада «архаизмге» айналуы еріксіз қынжылтады. Оның себебін аталған жанрлар журналистерден шығармашылық ізденісті, көп еңбектенуді талап ететіндіктен, ал оған қазіргі жастардың құлықсыздығынан іздеген жөн шығар. Ізденіссіз шығармашылық өсу шектелетінін ұмытуға болмайды.

Жалпы кез келген ғылыми теория жинақталған тәжірибенің жемісі деу қисынға келеді. Басқаша айтқанда, бай тәжірибеге ие ғалым ғана теориялық мәселелерді толық игеріп, кең көсіліп жаза да, айта да алады.

Намазалы Омашұлының отыз жылға таяу уақыт саналы өмірін арнаған қазақ журналистикасы ғылымының мәртебесін биіктетсем деген арманынан туған ғылыми еңбектерін саралағанда осындай ой туады. Ендеше Қазақ радиосы секілді тірлігі әрдайым бүрк-сарқ қайнаған рухани орталықтан аз уақыттың ішінде бай тәжірибе жинақтаған талант иесінің өмір арнасын шұғыл өзгертіп, ғылым әлеміне бойлап енуі толық ақталған құтты қадам болды десек, жаңылмаспыз.

Жас ғалымнан ата ғалымға дейінгі аралықта қаламынан туған «Журналист - жол үстінде», «Белестер», «Радиожурналистика», «Ақпарат әлемі» (2 том), «Қазақ журналистикасы» (3 том) т.б. кітаптары мен жүздеген ғылыми мақалалары туралы сөз қоздатсақ, шеті де шегі де жоқ, ұшы қиырсыз әлемге дендеп еніп, ұзақ сонар әңгіме бастауға тура келеді. Оған оқырман алтын уақытын ұрлағымыз жоқ. Көрнекті ғалымның аталған еңбектерінің ешқайсысы да атаусыз қалған емес, әрқайсысы дара таныстырылып, кезінде сөз зергерлерінің биік бағасын алғанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Жалғыз ғана айтарымыз, жаңа қалыптасып, даму алдында тұрған қазақ журналистикасы ғылымына әрбір еңбегі арқылы биік парасат иесінің қосқан үлесі ұшан теңіз. Осы жөнінде жүйелі түрде терең де толық зерттеу жүргізу – болашақ еншісіндегі шаруа.

Енді жүректен шыққан сөз толғауымызды «Мәрт» деп атауымыздың сырына тоқталатын сәт туды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мәрт» этнониміне: «ер көңілді, кеңпейілді, батыл, жомарт», - деген анықтама берілген (Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Пресс, 2008, 587 б.). Біз білетін Намазалы Омашұлының тұла бойында осы тө

рт қасиет түгел бар. Ер көңілді, кеңпейілді, батыл, жомарт. Тура тума талант өмірі мен шығармашылығына тән мінездеме.

Аталған сөздікте мінездеме этнониміне: «Жеке адамның өз басына тән қасиеттерін, қызметіне қатысты мәліметтерді жан жақты талдап баяндайтын жазбаша сипаттама, құжат» (610-б.), - деген анықтама беріліпті. Осы жерде кейіпкерімізге тән жоғарыдағы қасиеттер жанында жүріп жақын тану барысында көзіміз жеткен бар болмысының кілті екендігін айтуға тиістіміз.

Рахима НУРИДЕН

*филология ғылымдарының
кандидаты, доцент*

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ

Қазақ топырағында газет-журнал пайда болғалы да ғасырдан астам уақыт өтті. Ал, журналистиканың жаңа түрлері деп саналған-радионың сексен, телевизияның елу жылдан астам тарихы бар. Қазақ баспасөзінің пайда болуы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталғанымен оны зерттеу жұмыстары ХХ ғасырда мүмкін болды. Кеңестік кезеңде әдебиет пен тарих ғылымдарының аясында жүргізілген журналистика проблемаларының зерттелуі жайлы берілген мәліметте [1] 1949-1989 жылдар аралығындағы 39 кандидаттық жұмыс баспасөздің әртүрлі проблемаларына арналса, 1971-1984-жылдар аралығында жеті еңбек радио мен теледидар саласынан қорғалған екен. 1965-1988 жылдар аралығында қорғалған докторлық жұмыстар саны алтау. Сонымен кандидаттық және докторлық жұмыстардың жалпы саны 52-ге жеткен. Бұл байқап отырғанымыздай кеңестік кезең көрсеткіштері. Олардың ішінде ұлттық журналистиканың пайда болуы мен қалыптасуы және жанрлар проблемалары туралы Х.Н. Бекхожин, Т.С. Амандосов, М.Ж. Арғынбаев, Т.Қ. Қожакеев, А.А. Крикунов, М.К. Барманқұлов, С.Қ. Қозыбаев, Р.С. Сағымбеков, Н.О. Омашев, т.б еңбектерінде көрсетілген.

Еліміз дербестігінің арқасында журналистика саласын зерттеу жан-жақты қолға алынып, алпыстан астам кандидаттық жұмыстар сәтті қорғалып, ғылыми айналымға түсті. Осы тұста біз профессор Н.Омашевтің журналистиканы жаңа деңгейге көтергендігін көре аламыз. Өйткені, кеңестік кезеңде ғылыми еңбектер Ресейде, Өзбекстанда, Әзірбайжанда қорғалатын еді. Н.Омашевтың өзі де кандидаттық және докторлық жұмыстарын Мәскеу мемлекеттік университетінде сәтті қорғады. Дегенмен де қаншама еңбек жұмсауға тура келеді. Қазақша ойлап, орысша жазудың өзі екі рет еңбектенумен пара-пар. Мұндай қиындықтарды қазақтар мойымай көтере білсе де, тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай өзгерді. Үнемі ұлттық журналистиканың болашағын ойлап жүретін қырықтың қырқасындағы жас ғалымның қамал бұзар сәті туды. Д.14А.02.22 - Диссертациялық кеңесте журналистика мамандығы бойынша жеке - 10.01.10-шифрын ашуға қол жеткізді. Журналистиканы ғылым ретінде жаңа деңгейге көтеру осылай басталды. Қазір бұл тұрақты құбылысқа айналып, журналистиканың барлық мәселелері кешенді түрде зерттеліп келеді.

Намазалы Омашевтың өзі зерттеуші Р.Сағымбековтің 1973 жылы қорғаған «Қазақ ССР-да жаппай радиохабар таратудың пайда болуы мен дамуы (1928-1940)» деген ғылыми еңбегін радиожурналистика бойынша тұңғыш еңбек деп бағалайды.

Одан кейін бір жылдан соң 1941-1945 жылдардағы радионың қызметі бойынша қорғалған С. Қозыбаевтың кандидаттық жұмысынан басқа ғылыми еңбек болмады. Тек 80-жылдардың ортасынан бастап Н.Омашев фельетонды радионың жанры ретінде кандидаттық жұмыс етіп қорғаса, кейіннен тұтас радиожурналистиканы зерттеуді қолға алды. Бір өзі бір саланың ж

үгін көтеріп, «Қазақ радиожурналистикасы» жайлы іргелі ізденістер жасады. Оқулық пен монография жарыққа шықты. Осы зерттеулердің өзіне тағы бір оралып, кейіннен келелі пікірлермен толықтырды. Толықтырып қана қойған жоқ, жақсы жаңалығымен елді елең еткізді. Ол-Қазақ радиосының бұрыннан айтылып жүргеніндей, 1931 жылы емес, одан он жыл бұрын хабар тарата бастағандығы туралы еді. Бұл шын мәнінде Қазақ журналистикасындағы елең етер оқиға болды. Осы құбылысты ғалым архивтік құжаттармен дәлелдеген соң, электронды ақпарат құралының қарлығашы – Қазақ радиосының тарихы тереңге тартып, еліміздің әлеуметтік-қоғамдық, рухани өміріндегі өзгерістер қайта жаңғырды.

Н.Омашев электронды журналистика мәселелерін жан-жақты зерттеуге басшылық жасауды да қолға алды. Кенже қалған бұл сала бойынша қазір көптеген ғылыми еңбектер баршылық. «Журналистика» сериясымен Хабаршының да шығуына Н.Омашевтің еңбегі сіңді. Қазір бұл ғылыми басылымның беттерінен тек отандық зерттеушілердің ғана емес, алыс-жақын елдердің масс-медиа мәселелері жайлы да мақалалар көптеп кездеседі.

Біз әңгімеміздің әлқиссасын журналистика ғылымына Н.Омашевтің әкелген өзгерістерінен бастап кеткенімізбен, оның түпкі сыры факультеттегі жаңашылдықтан басталғандығы анық. Журналистиканың әр кезеңде бетке ұстар тұлғалары болды. Ал еліміздің тәуелсіздік алуымен бірге, әлемдік ақпараттық кеңістікке ену, жаһандану сияқты күрделі мәселелермен бетпе-бет келу себепті журналистиканың ұлттық сипатын айқындауға, болашақта қандай бағдар болуы керектігіне ісімен де, жазған мақалаларымен де Намазалы Омашұлы жаңа ойлардың ұйтқысы бола білді. Өзі басқарып отырған журналистика факультетін заманға қарай бейімдеп, реформаны оқу мазмұнын жаңартудан бастады. Бұл туралы ғалымның өзі «Журналистиканың жаңа стилі» [2,118-б], «Журналист дайындауда жаңалық көп» [2,134-б] деп аталатын мақалаларында егжей-тегжейлі баяндайды. Соның ішінде болашақ журналистерді заман талабына сай қалай даярлау керек деген сұраққа былайша жауап береді: «уақыт ерекшелігі толық ескерілген, қазіргі журналистиканың жаңа бағдарлары түгел қамтылған, мамандардың бірнеше сатылы салиқалы сарабынан өткен оқу жоспары қажет, сондағы ғылыми идеяны шығармашылықпен іске асыра алатын, журналистиканың әр саласынан маманданған, көпке танылған ұстаздар қауымы керек; журналистиканы ғылыммен ұштастыра түсетін зерттеу орталығы болмаса тағы қиын; техникалық жоғары деңгейде жарақтанған дәрісханалар, радио мен телестудиялар; компьютерлік класс және студенттер тәжірибелерін өткізетін газет, радио мен телебағдарламалар ашу ауадай қажет. Оған негізгі мақсатқа бағындырылған оқу процесін ұйымдастыруды және жалпыға бірдей талап қоятын тәртіпті қосыңыз»[2,118-б]. Осы айтылған мәселелердің барлығы да әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде жүзеге асырылды. Соның бір мысалы ретінде ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы Ш.Елеукуеновтың мына бір пікіріне тоқталсақ: «Факультеттің оқытушылар құрамын жаңартуды заман талабына сай дұрыс жолға қоя білді. Елімізге кең танымал, ардагер қаламгер-қайраткерлер М. Есенәлиев, К. Смайылов, З. Серікқалиев, С. Әбдірайымов, Ж. Нұсқабайұлы, М. Қабанбай, М. Құл-Мұхаммед т.б қаламы жүйрік, тәжірибесі мол журналистердің оқытушылық қызметке тартылуы, факультет студенттерінің білімі мен біліктілігін арттыруға оң ықпал еткені даусыз. Сонымен қоса, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында өздерін шығармашылық, кәсіби біліктілік және адами мінез-құлқы жағынан жақсы көрсете білген жас журналист жігіттердің көптеп келуі жас мамандар даярлау ісінің өркен жаюына игі ықпал етуде» [3,266-б]. Шын мәнінде осы үрдіс журналист даярлайтын оқу орындарында кең өрістеді. Оның кеңінен өрістеу себебі-журналистика мамандығының тәжірибемен тығыз байланыстылығы. Сонымен қатар Н.Омашев өзі басшы болып тұрған кезде оқу жоспарындағы дәріс санын

азайтып, қажетті пәндер енгізді. Басқа елдердің тәжірибелері зерттеліп, қолайлылары іске асырылды.

Ал, журналистиканы ғылыммен ұштастыра түсетін зерттеу орталығы тұңғыш рет Қазақстанда Н.Омашевтің басшылығымен 1996 жылы ЮНЕСКО кафедрасы болып дүниеге келді. Биылғы жылы Елордада Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде журналистика мәселелерін зерттеу институты профессор Н.Омашевтің ұсынысы бойынша ашылды. Қайда жүрсе де журналистиканы жетілдіру, оны заман талабына сай студия жай-күйі Намазалы ағайдың өмірлік ұстанымына айналып кеткендігін кез келген ісінен көруге болады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Омашевтың «Ақпарат әлемі» [4], «Жол үстінде –журналист» [2], «Белестер»[3] деген еңбектерінде ұлттық журналистиканың жай-күйі сөз болады. Бұл еңбектерінде автор елжанды, рухы биік журналистика туралы сөз қозғайды. Алаш қайраткерлерін тоғыстырған рух бірлігі, ел мүддесі болса, одан кейінгі қазақ қоғамы коммунистік идеологиямен сусындады. Соның көріністерінен біржола арылудың жолдарын баяндайды.

Ал, Н.Омашевтің басқарумен шыққан «Қазақ журналистикасының» үш томдығы» [5] журналистика саласындағы үлкен табыс деуге болады. Бұл үш томдықта баспасөз, радио мен теледидар жайлы зерттеу еңбектер бүгінгі күн тұрғысынан қарастырылған.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Б.Ж. Әбдірайымның арнайы шақыруымен Елордаға қоныс тепкен Намазалы ағайдың келгеніне көп уақыт болмаса да оқу орнының тіршілігіне қоян-қолтық араласып кетті. Магистранттар мен докторанттарға дәріс оқиды, «Шеберлік сыныптарын» өткізеді. Университет студенттеріне «Елдік дәрістер» оқитын құрметті дәріскер ретінде журналистиканың зәру мәселелері жайында баяндайды. Қазақша оқу құралдарының әлі де аз екендігін естіп-білгеннен кейін «Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі» деп аталатын оқулықты тез арада баспадан шығарып үлгерді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - дегендей, алпыс деген асқаралы жасқа шығып отырған абзал аға туралы жазуға бекінген кезде оның ұлттық журналистикаға қосқан үлесі туралы өзіміз куә болған жайлар осылайша ойға оралып еді. Бұл ойлар соның бір үзігі ғана... Мерейтой иесіне әлі де қазақ журналистикасының керуенін алыс болашақтарға бастай беріңіз! - деген тілек білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Указатель защищенных диссертаций по журналистике учеными Казахстана // Многонациональная советская журналистика: исторический опыт и проблемы перестройки. Алма-Ата, 1990.
2. Н.Омашұлы. Жол үстінде –журналист. – Алматы: Атамұра, 1999.
3. Н.Омашұлы. Белестер. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
4. Омашев Н. Ақпарат әлемі. І–том. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006.
5. Қазақ журналистикасы. 3 томдық. 2008.

Маншук МУКАШЕВА,
*доцент, кандидат филологических наук,
лауреат Союза журналистов РК*

УРОКИ ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВА

Неоценим вклад в отечественное журналистское образование профессора, доктора филологических наук Намазалы Омашевича Омашева.

Казалось бы, только недавно благодаря его инициативе появляются новые специализации в казахстанской журналистике, создаются государственные стандарты, пишутся типовые программы, открываются радио- и телестудии, а сегодня это уже прочный фундамент отечественного образования по профессии. Одна из заслуг его многогранного таланта – возвращение авторитета нелегкому, но столь необходимому обществу труду журналиста.

За годы руководства им факультетом журналистики КазНУ им. аль-Фараби, факультет поднялся до международного уровня, стал известен не только в СНГ, но и за рубежом. Факультет стал кузницей подготовки качественных журналистских кадров для всех СМИ республики. На кафедрах работали около 80 профессоров, доцентов и преподавателей, обучались около 1000 студентов. Многие десятилетия жизни и деятельности профессора связаны с этим карашаныраком. И не удивительно. Он сам родом из альма матер.

Получив диплом КазГУ, как было обязательно в то время, пошел работать в редакцию

Казахского республиканского радио. Это и определило его творческий путь и научные интересы на многие годы. Теперь мы с гордостью говорим, что Наке принадлежит первенство в исследовании истории и теории отечественной радиожурналистики. Не зря тема его кандидатского исследования сформулирована совершенно точно, абсолютно адекватно замыслу и содержанию работы – ««Фельетон – как жанр радиожурналистики». В то время данный жанр был действенной и эффективной формой воздействия на общество. В диссертации, защищенной в Москве, Намазалы Омашевич показал, что фельетон занимает важное место в сложившейся, взаимодействующей, развивающейся, целостной системе жанров радиожурналистики. Да и он сам был и остается непревзойденным мастером фельетона. Одни названия чего только стоят! «Май шелпек» («Масляная лепешка»), «Сүйкеп жатыр», («Гнет свое»), «Түрлі-Түрлі жегіш бар» («Есть разные прихлебатели»), «Сен салар да мен салар» («То ли ты дашь, то ли я»), «Сауда сақал сипағанша» («Торг пока по рукам не ударишь») – ведь в них высмеиваются и разоблачаются негативные явления жизни, критикуются недостатки общества. У Наке мастерский слог, его произведения как публициста отличает особый, неповторимый колорит, юмор и смешные диалоги, которые запоминает аудитория. Новая ступенька – защита в 1992 году докторской диссертации «Казахское радиовещание: проблемы становления и развития», которая заложила основу отечественного радиоведения.

Я счастлива, что многие годы чувствую поддержку Намазалы Омашевича и наши творческие пути соприкасаются. Мы вместе в самые сложные годы – середина 90-х прошлого века – трудились на факультете журналистики. Профессор Омашев – деканом, я – заместителем декана по учебной работе. По сути он стал первопроходцем на неизведанном пути. Это раньше, в прежней системе, все было ясно. Но те идеалы ушли безвозвратно. Куда идти? Где искать новые источники вдохновения? Декан предлагает вырабатывать новые курсы, которые бы помогали учить журналистов, и не просто давать им знания, а чтобы наши выпускники приходили в редакцию, вооруженными и практическими навыками. Появилась система мастер-классов, когда в аудиторию приходили главные редакторы, ведущие журналисты страны и помогали будущим коллегам приобщиться к профессии. Кстати, на факультете одним из самых заметных был мастер-класс «Творческая мастерская профессора Намазалы Омашева», где студенты получали новые знания и коммуникативные технологии.

В те годы нашим коллективом журфака КазНУ, которым руководил Намазалы Омашевич, были созданы десятки важнейших документов, которые до сих пор определяют облик отечественного образования. Не потеряла своей актуальности Концепция журналистского образования, которая сформировала задел выработке облика обучающей журналистики на многие годы вперед.

Благодаря прозорливости профессора стали активно развиваться и укреплять международные связи. Открылась кафедра ЮНЕСКО, благодаря полученным грантам укрепилось техническое оснащение телестудии, радиостудии журфака КазНУ. Начался активный научный обмен. До сих пор сохраняются крепкие связи с Оклахомским университетом. Намазалы Омашевич тоже побывал в долгосрочной командировке в США, откуда вернулся с огромным багажом новых знаний и идей. И он принялся их активно претворять в жизнь, в чем ему помогал весь коллектив факультета, разделявший взгляды декана. Творческий коллектив, студенты – очень непростая среда. Но Наке знал, как к каждому подобрать свой ключик. Его проникательность, уважение к людям, умение верно оценить ситуацию – всегда импонировали нам. Не всем Всевышний дает такие таланты. Но видно на роду Наке написано быть лидером, творческой личностью, ученым и

исследователем, чей вклад в отечественную журналистскую науку и образование столь значителен.

Сегодня в Казахстане выходит единственный научный журнал, который включен в реестр Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки (БАК) РК для публикации основных результатов научных исследований – это «Вестник КазНУ», серия журналистики. Сколько сил, творческих идей вложил профессор Омашев, поднимая и создавая данный научный журнал. В нем появились наиболее важные и актуальные исследования по истории, теории, методологии, практике журналистики, различных ее специализаций. Являясь многие годы научным редактором, профессор Н. О. Омашев очень критично относился к предложенным публикациям, стремился, чтобы на его страницах выходили наиболее важные исследования, которые бы укрепляли фундамент отечественной журналистики. Многочему обязана наша казахская журналистика подвижнической деятельности Намазалы Омашева. В бытность его проректором КазНУ по воспитательной работе и языкам он смог внести огромный вклад в распространение казахского языка, углубление владения им, закрепления в обществе, постижение благодаря языковой культуре научных истин.

Намазалы Омашевич стал первопроходцем в формировании новой системы подготовки научных кадров по журналистике. Благодаря его настойчивости был открыт Диссертационный совет по защите кандидатских диссертаций, где успешно защитили свои исследования десятки наших коллег. По итогам защит выпущено множество монографий, которые смогли заметно пополнить казахстанскую библиографию по журналистике. Сам профессор был руководителем ряда интересных работ, которые максимально полно раскрывали заявленную тему, давали жизнь интересным гипотезам, ликвидировали «белые пятна» в нашей профессии. Много постов возглавлял наш профессор – был, в частности, заведующим кафедры ЮНЕСКО, и всегда показывал пример истинного служения науке и высшим целям.

В настоящее время Намазалы Омашевич снова на ответственной работе. Он возглавляет Институт изучения проблем журналистики при Евразийском национальном университете им. Л. Гумилева. За короткое время он сумел на новом месте организовать работу, наладить творческие и деловые контакты, прошли первые мероприятия: круглые столы, конференции, встречи. Намазалы Омашевич инициирует новейшие исследования по казахской журналистике. За годы независимости у нее выработался свой стиль, появилось собственное лицо, но есть и немало проблем. Потому анализ ученого будет важен всегда. У него поразительная работоспособность и громадный творческий потенциал.

Журналистика – профессия важная для общества. Эта работа для оптимистов, которые всегда хотят изменить мир. И тут важно всегда понимать свою ответственность. Не зря глава государства Нурсултан Назарбаев любит акцентировать внимание на мысли, что каждый журналист должен осознавать власть своего слова. Отрадно, что в 2007 году профессор Н. О. Омашев стал лауреатом премии Президента Республики Казахстан за цикл статей в республиканских средствах массовой информации, посвященных актуальным вопросам развития информационного пространства Республики Казахстан. Он также награжден нагрудным знаком МОиН РК «За заслуги в развитии науки РК», имеет государственные награды и поощрения.

Но главная награда – его ученики. Не зря у нас говорят: «Шәкіртсіз – ұстаз түл». У Наке – сотни учеников, и я считаю себя его ученицей. В любой редакции страны знают профессора. И здорово, что многие равняются на него в жизни и творчестве. Он часто отвечает студентам, сотрудникам, коллегам: «Жарайды, айналайын», тем самым подчеркивая ценность каждого человека.

Профессор Омашев всегда стремится идти по неизведанному пути и прокладывает дорогу другим. Мы уважаем и гордимся тем, что можем по-прежнему получать замечательные уроки жизни и творчества нашего Наке.

Ғалия АҚСЕЙІТ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент:

Халық жүрегінен ерекше орын алған тұлғаларды ата-тегімен атау үрдісі бар. Мәселен, Қонаев, Әшімов, Асқаров, т.б. Сол сияқты журналистер қауымының да Омашев деп атайтын қадірменді ұстазы, салиқалы әріптесі, жөн сілтер басыысы бар.

Омашев – декан

Біз бірінші курсқа түскен жылы бағымызға қарай Омашев декандық қызметке тағайындалды. Факультет өмірі жанданып сала бергенін көзімізбен көрдік, сезіндік. Осыған дейін сабақ кестесі бойынша түске дейін де, кейін де босайтынбыз. Жаңа декан журналистиканың шығармашылық мамандық екенін ескеріп, шетелдік тәжірибегі сүйене отырып бізге керексіз сабақтардың бәрінен арылтты. Түске дейін 3-ақ парға ғана оқимыз. Қалған уақыт шығармашылыққа арналған. Оған да мол мүмкіндіктер жасалды. Факультет қабырғасында «Сана» радиостудиясы мен телестудиясы ашылды. Су жаңа, соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар, телекамералар, репортерлар, микрофондар, т.б. Сол кездегі журфактың студенттері қолданып жүрген соңғы үлгідегі репортерлар Қазақ радиосының өзінде бола бермейтін. Студенттердің міндеті – аптасына бір рет республикалық «Қазақстан» телеарнасы мен Қазақ радиосына жарты сағаттық хабар дайындау. Біздің құзырымызда кәсіби режиссерлар мен саунд-дизайнер, операторлар. Журфак тарихында бірінші рет орын алған оқиға. Әр курстың студенттері жапа-тармағай іске кірісіп кеттік. Бәріміз жүргізуші, диктор болғымыз келеді. Радиостудияға белгілі тұлғаларды, әншілерді шақырып сұхбаттасамыз. Кейін хабарға шапка жазып, монтаждап, режиссермен келісе отырып музыкамен көркемдейміз. Телекафедраның студенттері де осындай жұмыс процестерін іске асырады. Апта соңында жарты сағат бойы теле және радиоэфирдеміз. Журналист мамандығын тандағандарға бұдан артық қандай тәжірибелік сабақ керек? Екінші бір шешімін тапқан мәселе – журфактың өз оқу залы ашылды. Барлық газет-журнал, мамандыққа қатысты әдебиеттер осында жинақталған. Бұрын басқа факультеттің студенттерімен иін тіресіп, іздегенімізге әрең қол жеткізген күннің өзінде орынның босауын күтіп тұратынбыз. Ал жеке оқу залы деген рахат, қалағаныңды ал да, оқи бер. Тіпті алғашында қатты қуанғанымыздан аса қажеттілік болмаса да бірді-екілі басылымдарды аударыстырып отыра беретінбіз.

Журфакта Омашев-деканның беделі еселеп артты. Шетелдік оқытушылар дәрісін тыңдай бастадық, біздің оқытушылар Американың Оклахома университетінде біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік алды. ЮНЕСКО, Халықаралық журналистика, Баспа ісі кафедралары, компьютерлік орталық ашылды. Осындай ірі істердің артында факультет басшысының ұшан-теңіз еңбегі жатқанын біз сол кезде жете түсінбеген де болармыз. Омашев-деканның тұсында тасы өрге домалап тұрған «Атамұра» баспасының Президенті Мұхтар Құл-Мұхаммедтің дәрісін тыңдадық. Қалта телефонының ең алғашқы үлгісін сол кісіден көргеніміз есімде. Телефон аудиторияда шырылдап, ол кісі қазіргімен салыстырғанда үй телефонынан да үлкен трубкамен сөйлесе бастағанда танданысымызда шек болмаған. Қазақ журналистикасының марғасқалары Шериаздан Елеукенов, Камал Смайылов, Марат Қабанбай, Нұртілеу Иманғалиұлы, Нұртөре Жүсіп, т.б. дәріс тыңдағанымыз – біз үшін үлкен мақтаныш. Сол жылдарды журналистика факультетінің «бағы жанған» уақыты деуге толық негіз бар. Екі Бауыржан ағайлар (Жақып пен Омаров) қатар отырып «Журналистикаға кіріспе» пәнінен емтихан қабылдаушы еді. Ол кісілердің дәрістері әлі күнге дейін жадымызда. Журналистика бойынша білім берудің дүниежүзілік стандартына көшіп, алғашқы магистрлардың дайындала бастауы да – осы тұс. Мұның бәрі Омашев-деканның студенттерге, олардың маман ретіндегі болашақ

ына алаңдаушылығынан туған жанашырлық қадамдары еді.

Омашев – проректор

Кейіннен Намазалы Омашұлы еліміздің білімі мен ғылымының қарашаңырағы - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры қызметіне көтерілді. Табандаған сегіз жыл бойы университетте білім алып жатқан он алты мыңнан астам студенттердің тәртібі мен тәліміне жауап беру оңай шаруа емес. Ол кісі бұл жұмысты ә дегеннен әл-Фараби бабамыздың: «Адамға ең бірінші тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген нақылынан бастады. Бұрындары университеттегі тәрбие саласы «аты бар да, заты жоқ», көрінгеннің меншігінде, қосалқы қызмет ролінде болып келсе, жаңа басшы келгелі жұрт санасатын идеологиялық орталыққа айналды десек, артық айтқандық емес. Осы жылдары ол рухани, ұлттық тәрбиені дамытуға, студенттер бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді сіңіруді басым бағыт етіп ұстанды. Намазалы Омашұлы маңына қолынан іс келетін, өнерлі жастарды топтастыра білді. Біз қызмет атқаратын Баспасөз қызметі мен «Қазақ университеті» газеті жұмысын жандандырып, әр санын өзі қадағалап отырды. Соның әсерінен болар, университеттегі Тіл және тәрбие саласы құрылымдық бөлімше ғана емес, шабытты шығармашылық ортаға айналды. Студенттер сарайында жиырмаға жуық әртүрлі үйірмелер жұмыс істеп, еліміз тарихында тұңғыш рет Жастардың рухани орталығы құрылды. Онда жастар көкейіндегі әртүрлі мәселелер қызу талқыланып, белгілі ақын-жазушылармен, қоғам және өнер қайраткерлерімен жиі кездесулер өтетін. Университет студенттеріне арналған түрлі мерекелік, мәдени-көпшілік іс-шараларға жалпы қала жастары қызыға қатысатын.

Әнұранды оң қолды жүрек тұсына қойып айту дәстүрі алғаш әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ден басталды. 2004 жылы Президентіміз Н.Ә. Назарбаев пен Румыния Президенті Вацлав Клаус университетте қонақта болған кезінде 1600-ден аса студент пен оқытушының оң қолдарын жүрек тұсына қойып, фонограммасыз айтқан әнұраны ерекше әсерлі болды. Жеті жыл қатарынан дәстүрлі түрде Тәуелсіздік күні қарсаңында үш күнге созылатын «Менің Қазақстаным!» фестивалі өтті. Онда өнерлі студенттер патриоттық әндер шырқап, өзге ұлт өкілдері қазақ тілінде өнер жарыстырды. Жалпы, осы жылдары ҚазҰУ-дағы өзге ұлт өкілдерінің қазақша сөйлеуі, өнер жарыстыруы, ғылыми баяндама жасауы «сәнге» айналып, жақсы мағынасындағы бәсекелестікке жол ашқан еді.

Жоғары оқу орындары тарихында тұңғыш рет Намазалы Омашевтың идеялық жетекшілігімен «БІЗ» студенттік театры ашылып, студенттердің күшімен «Адаспандар!», «Той», т.б. спектакльдер сахналанды. Оның әсерлі, жастар жүрегіне жеткені соншалық, Студенттер сарайында ине шаншар орын болмады. Тұңғыш рет жастардың махаббат мерекесі - «Қозы мен Баян күні» де университет қабырғасында аталып өтті.

Әрине, мұның бәрінің артында Намазалы Омашұлының кемел парасаты мен үлкен істерді үйіріп әкететін зор ұйымдастырушылық қабілеті жатыр. Ең бастысы Намазалы аға – қолынан іс келетін кадрларды тап басып таңдай білетін. Әсіресе, талантты, бойында жылт еткен жаңалығы бар жастарға қамқорлығы ерекше. Олардың қатарында Бекжан Әшірбаев, Болатбек Төлепберген, Ғалымжан Сайлаубекұлы, Мамыржан Ботабеков, т.б. атауға болады. Үлкен жұмыстарды қол астындағыларға тапсыра салып, қарап отырмайды. Өзі баулып, тәрбиелейді, қандай істе шешімін таппаған мәселе барын бес саусағындай біліп отыратын. Осының арқасында ұжымда жағымды ахуал орнап, шабыттана жұмыс істеуге жағдай туды. Әділеттілік, адамгершілік, әркімді еңбегіне қарай бағалау, моральдық, материалдық қолдаулар көрсету – Намазалы Омашұлының өмірлік ұстанымдары осылай жалғаса береді. Өте талапшыл, жалқаулыққа, жауапсыздыққа, екіжүзділікке жаны қас. Намазалы ағадан ұрыс

естіген адамның өзі ешқашан ренжімейтін. Себебі ол «заслуженный» болатын. Басшы ретінде ешкімге кек сақтап, пендешілікке барғанын көрген емеспін. Керісінше, Намазалы Омашұлының «шинелінен шыққан» шәкірттері қандай биіктерді бағындырса да Ұстаз табалдырығын әркез имене аттайды.

Омашев – профессор

Қағаз жүзіндегі «профессор» мен табиғи дарын мен шығармашылық қуатқа негізделген «профессорлық» арасында жер мен көктей айырмашылық бар деп білем. Осы тұрғыдан алғанда Омашев қазақ журналистикасын өзі зерттеп қана қоймай, біртұтас мектебін қалыптастырды. Бұл саланың қыр-сырын жақсы білетіндіктен ізденушілерге зерттелмей жатқан тың тақырыптар беріп, қорғатты. Соның нәтижесінде қазақ радиожурналистикасы сан-салалы бағытта тереңдей зерттелді. Бірнеше монографиялар мен оқулықтар жазылып, студенттерге ұсынылды. Журналистика шифрымен Диссертациялық кеңестің ашылып, онда 50 ден астам ғылыми еңбектердің қорғалуы да тікелей Намазалы Омашұлының бастамасымен жүзеге асқан игі іс. Бұлардың бәрі Омашев ғалым ғана емес, ғылымды дамытушы-ұйымдастырушы екендігін дәлелдейді. Былтырғы жылы Намазалы ағаның жалпы редакциясын басқаруымен жарық көрген «Қазақ журналистикасы» атты үштомдықта баспасөз, теледидар, радионың бүгінгі проблемалары мен тарихы топтастырылған. Онда қазақ журналистикасының жетістіктері мен шыққан биігі, қалыптасқан дәстүрлері кеңінен сарапталды.

Еліміз тарихындағы тұңғыш Журналистика мәселелерін зерттеу институтының ашылуына ұйытқы болған Намазалы Омашұлы. Институт қабырғасында қолға алынып жатқан ХІХ-ғасырдың аяғы мен ХХ-ғасыр басындағы араб қарпімен жарық көрген қазақ баспасөзіндегі Алаш көсемсөзшілерінің еңбектерінен 10 томдық академиялық жинақ шығару да - өресі биік профессор идеясы. Сондықтан қазақ журналистикасы, оның ғылымы мен білім беру ісі осы күні белгілі бір дәрежеге, жетістікке жеткен болса, онда Намазалы Омашұлының тыңға түрен салғандай ұшан-теңіз еңбегі жатқандығынын әркез есте ұстауымыз керек.

Белгілі бір тақырып бойынша ғылыми еңбекті әркім-ақ жазып шығады, ал тұтас бір ғылымды дамыту ісін ұйымдастыру Омашев-профессор сынды таңдаулылардың ғана қолынан келеді.

Тұлғадан ұлағат:

Әрбір күні мен сағатын текке өткізбейтін, бір бойында сан қырлы қасиеттер қатар тоғысқан Омашев-Тұлғадан дәріс тыңдағаныма, қол астында қызмет атқарғаныма 15 жыл болыпты. Ұйымдастырушылық, іскерлік шеберліктеріне талай мәрте тәнті болдық, үлгі-өнеге алдық, маман ретінде қалыптастық. Университет қабырғасында ғана емес, өмірлік Ұстазыма айналды. Намазалы аға қолға алған әрбір ісінің «дөңгеленіп» жүре беретінінің сыры неде деген сұрақ төңірегінде ойлана келіп, кейінгі жастардың қаперінде жүруге тиіс Ұстаз ұлағатын төмендегідей жүйеледім:

- Әр адамның жүрегінде еліне, жеріне деген құрметі қаршадайынан қалыптасуы керек. Ұлтын сүйген, уызына жарыған ұрпақ қана халқының қамын ойлайды.
- Қысқа, нақты, түсінікті жазу. Әр сөз фактілермен шегеленіп, дәлелді болсын. Өзіңе түсініксіз дүниелерді оқырмандарға да ұсынба. Зерттеп жаз, себебіне үңіл.
- Адалдық пен тазалық жолын ұстан. Әр жетістікке өз еңбегімен жеткен адамның абыройы да асқақ.
- «Арық айтып, семіз шық». Сөзіңнен гөрі нақты ісің көп болсын.

- Ештеңе бітірмеген адам азды-көпті іс тындырған адамнан көбірек шаршайды. Сондықтан уақытты тиімді пайдалануға дағдылану керек.

Бұл Намазалы ағаның өмірлік ұстанымдарының бір парасы ғана...

Құдайберген ЕРТАСОВ,
*Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы»
газеті редакторының орынбасары,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі:*

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Студент атанып, университет табалдырығын аттаған біздерге тәлім берген, дәріс оқыған әрбір ұстаз бір-бір мектеп болды деуімізге әбден болады. Олардың бір-біріне ұқсамайтын оқу әдістері, тәжірибелері, дара қасиеттері сәт сайын әр қырынан танылып, таң қалдыра, табындыра түсетіндей еді.

Осынау ұлағатты ұстаздарымыз қатарында Омашұлы Намазалы ағаның тұлғасы тіршілік аямаушысы тақылеттес мамандығымен тамаша үйлесім тауып, жауынгер сала-журналистиканың қызынайнайы символын танытып тұратын. Бала кезімізден журналист болам деп армандаған әрбіріміз елестеткен жасын мінез, жарқылдаған от, өткір жанар, табанды қасиеттің бәрінің Намазалы ағаның бойынан табылуы оған деген ерекше сүйіспеншілік сезімімізді арттырып, биік құрметімізді қалыптастырады.

Н.Омашұлы журналистика факультетіне басшылық жасаған жылдары факультетті халықаралық деңгейге көтерді. Факультетте радио-теле-фотостудия, компьютерлік класс, шағын кітапхана ашып, түлектердің теория жүзінде алған білімдерін практикамен ұштастыруына мол мүмкіндіктер туды.

Әрбір студенттің сапалы біліммен қаруланумен қатар ой-өрісі озық, танымы терең, интеллектуальды тұлға ретінде тәрбиеленіп шығуына тер төккен азаматтың ұлттық журналистиканы жоғары деңгейге көтеруге арналған ғылыми еңбектері мен монографиялық оқу құралдары саланың аса үздік әдістемелік бағдарламаларына қосылған қымбат қазына екендігін білгіміз-кім болсын мойындайды. Өйткені Нәкең ұстаз ғана емес, ғалым, өз кәсібінің сыры мен ерекшесін бес саусақтай білетін, ақпарат таратудағы дүниежүзілік үздік әдіс-тәсілдердің табиғатын терең танып-санап, оны өз болмысының бояуына қанықтырып, тың идея, ұтымды ұсыныс, жарқын талғаммен байытып, БАҚ-та жаңаша жанрлар қалыптастырып, жарыққа шығарып келе жатқан өмірлік тәжірибесінің нағыз майталманы. Осы жетістіктердің барлығында оның ұлы мұраттарға ұмтылысы, алыстағыны болжай білетін көрегенділігі, сергек те сезімталдық қасиеттері көп сүйеу болып, жеке басының ғана емес қазақ журналистика ғылымының да бағын жандырып келе жатқанына оның сан жылдар бойы жалғасын тапқан ғылымдағы құнды еңбектері, өзгеше жаңалықтары куә.

Н.Омашевтың еңбектері қазақстандық ғылыми ортада ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де бағалы бағаға ие болуы, халықаралық конференцияларда жоғары баға алуы тума таланттың шоқтығын көрсетеді.

ының өз әріптестерінен биіктігін кәміл дәлелдейтіндей.

Намазалы Омашұлының есімімен қалың оқырман жалынды журналист, қарымды қаламгер, ерен ойлы публицист ретінде жете таныс. Оның мақалалары республикалық газет-журналдарда дайы жарық көріп тұрады. Радио және телебағдарламаларға жиі қатысады. Публицистің қаламынан туған жолсапар және портреттік очерктер мен түрлі эсселері, ғылыми-танымдық мақалалары мен деректі фельетондары «Ақпарат әлемі» атты таңдамалы шығармаларының екі томдығына топтастырылды. Бұл оның шығармашылық дарыны мен публицистік шеберлігін айғақтайтын факті екені даусыз.

Жүректен шыққан жүрекке жетеді. Н.Омашевтың қай шығармасын алып оқысаңыз да таңдаған тақырыбын жан-жақты ашып көрсете білетін шеберлігімен қатар елжанды тұлғаның қоғамдағы жылт еткен жаңалыққа жан-тәнімен қуанып, жақсыны жарнамалаумен қатар кемшілікке төзбесі, ірпияз мінездің асау арынының тізгінін уытты тілді қаламының құдіретіне еріксіз бас идіріп, қаламгердің жеке басына деген құрметіңіз бен сүйіспеншілігіңіздің кемелдене түсері хақ. Олай дейтініміз, жазғанына қарап жазушының өзін тануға болады.

Журналистика ұғымы мен Нәкеңнің жеке адами болмысы ажырамастай егіз жаратылған тәрізді. Өзінің киелі кәсібіне шын беріліп қана қоймай, ақпарат айдынында өзіндік өрнегін қалыптастырып үлгірген ғажайып талант иесінің қазақ журналистикасы көгінде жұлдызы жоғары тұрғандығы оның шәкірттері - біздер үшін де зор мәртебе.

Біз құрметті ұстазымыз Намазалы Омашұлының дәрістерінен уақыт тынысымен бірге жаңырып, жаһандану кезеңінде кемелдене түскен бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің қыр-сырын танып, шеберлікке шыңдалумен қатар оның жеке басы қасиеттерінен де көп-көп асыл құндылықтарды бойымызға сіңірдік. Шынайы өрлік, биіктік сынды асыл қасиеттерді бойына қинақтай алған алатау тұлғаны аға тұтып, арқа сүйедік, өмірлік қатал қағидасынан қайратымызға қайрат қоссақ, мейірімге толы жұмсақ мінезінен жабыққан көңілдерге мол-мол жылудың шуағын сезініп, жанымыз жадырайтын.

Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған ауылда туып-өскендіктен бе, Намазалы ағаның бойынан заманда халықтық дәстүрдің қайнар бұлағынан қанып ішкен, жомарт та кең пейіл, даланың тархандығын бойына сіңірген сақылық ерекшелік айқын аңғарылып тұратындай. Мүмкін сондықтан болар, шәкірті болған әрбір қазақ баласының ол кісінің алдына еркін кіріп, еркелеп шығып, тыны, көлеңкесін саялап, көңілге қуат алатыны. Біз Нәкеңнің мұндай қамқорлығына талай куә болдық та. Намазалы аға өз ұлтының шын жанашыры. Тегінде бетің бар, жүзің бар демей, ұрасын айтар азаматтық айбары басым, қай ортада болмасын беделі биік, мерейі үстем боларына ұлағатты ұстаздың тайғанақсыз тағдыры жарқын дәлел бола алады десек қателеспеспіз. Жүрегі мейілінше мейірімді, қаталдығының өзінен қайрымыдылығы хабар беріп тұратын атпал азамат әйелетсіздікке, қиянаттылыққа мүлде төзімсіз. Ондайда қабағы қатқылданып, өткір жанарының сұры сұр жебедей жарқылдап, жалғандықтың жолын қиып түсер тазалығына тәнті замандастары да ол кісінің пендешіліктен жоғары тұруға әркез әзір екенін бек пайымдайтын.

Қашан көрсең де өзіне әдемі жарасатын жайдары қалпынан танбай, жер бетінде тек жақсылықтың салтанат құруы жолында қаламгерлік қабілетін сарқа жұмсап келе жатқан журналистік қызметі әр жылға өзіндік мән-мазмұнымен белгі қалдырып, соған лайық атақтарды еншілетіп жүр. 2001 жылы Кембриждің (Англия) халықаралық өмірбаяндық Орталығының «Жыл адамы» атағын жеңіп алуы, «Құрмет» медалімен марапатталуы, 2002 жылы журналистика саласындағы ерен еңбегі үшін «Алтын самұрық» төс белгісіне ие болуы, «ҚР Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағымен марапатталуы, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының лауреаты» атақтарын алуы осынау толағай-теңіз еңбектерінің дәлелі болса керек.

Еліміз Тәуеліздік туын көтеріп, мемлекет болған тұста публицист Намазалы Омашев жас мемлекетіміздің құндылықтарын қалыптастырып, оның жан-жақты қуат алуына күш-қайратын арнады. Мемлекетіміздің ақпараттық кеңістігінде заңдық, құқықтық ережелердің тұрақтануына жанап, жанапшылықпен, біліктілікпен, ұлтжандылықпен үлес қосты. Бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттың, мемлекет мүддесін қорғау мәселелерін жасын жүрегіне тән батылдығымен, өр мінезді өмірліктерімен көтере білді. Оның журналистикадағы қол жеткен жетістіктері қоғамдағы қайраткерлігіне жалғасып келеді.

Біздің білеріміз, Намазалы Омашев аға ұлтының ардақтысына айналған, маңдайының бағын баулаған, ел үшін еткен еңбегі бағаланған бақытты адам.

Журналистика академиясының толық мүшесі Намазалы Омашұлы Омашев 1950 жылы 19 қаңтарда Мерке ауданының Ойыл ауылында туылған. Бала шағынан-ақ зеректігімен болашағынан жою үміт күттірген ол 1974 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп, арада 10 жыл өткенде Мәскеудегі Ломоносов атындағы мемлекеттік университетте кандидаттық, 1992 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Қызметтегі алғашқы баспалдағын жоғары білім саласымен (1974) Қазақ радиосының редакторлығынан бастап, 1977-1995 жылдары өзі оқыған қызылордадағы ақпараттық ортада оқытушы, аға оқытушы, доцент, радиожурналистика кафедрасының меңгерушісі, профессор, ЮНЕСКО жанындағы бұқаралық коммуникация және журналистика бойынша Дүниежүзілік ОРБИКОМ ұйымының мүшесі, журналистика факультетінің деканы лауазымдарында болды. Одан соң ЮНЕСКО-ның бұқаралық байланыс және журналистика кафедрасының меңгерушісі, журналистика бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры, ал 2009 жылдың көктемінен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры ретінде әріптестерінің, өз ортасының қадір-құрметіне бөленіп келеді.

Құрмет дегеннен шығады, ұстаздық қызмет, ғылыми еңбек инемен құдық қазғандай тауқыметі орасан, ерінбегенге рахаты да жетерлік замана белестеріндегі аса ауыр жол. Нәкең осы жолдан сүрінбей өтіп келе жатқандардың бірі. Мұндай дәрежеге ол білімнің биік шыңына көтерілудегі тынымсыз ізденісі, тиянақтылығы мен ұқыптылығы, ұстамдылығы мен ой ұшқырлығы арқасымен қол жеткізді. Журналистика факультетін басқарған жеті жыл ішінде факультет халықаралық деңгейге көтерілді, жаңа мамандықтар даярлайтын 7 кафедра ашылды. Шәкірттерін сапалы білім нәрімен сусындатуды нәтижелі ғылыми еңбектерімен ұтымды ұштастыра білген көрнекті ғылым 6 оқулықтың, 5 монографияның, 5 ғылыми-публицистикалық шығармалар мен очерктер жинағының, 7 оқу құралдарының, 250-ден астам ғылыми-публицистикалық мақалалардың авторы. Оның жетекшілігімен 20 кандидаттық, 3 докторлық диссертация қорғалды. Ғылыми еңбектері тек отандық ғылыми ортада ғана емес алыс-жақын шет елдерде де керемет резонанс тудырған. Айталық, ол Лас-Вегаста (АҚШ, 1998), Парижде (Франция, 1999), Монреал (Канада, 2000), Ресей (Мәскеу, 1980-1992) өзге де халықаралық конференциялардың биік мінберінде жоғары кәсіби бағаға ие болды.

Өзі құлай берілген іске деген өткір ізденісі, осы бағыттағы жауапкершілігі бойтұмардай қысым-сығымдылықтармен біте қайнаса үйлесім табуы арқасында азаматтық тұлғасы құбылмай сомдалған ағаның маңына үйірсектеуге құмартып тұратын, риясыз әңгімелерін құбырлана тыңдауды жаны қалайтын студенттер өте көп болатын. Солардың қатарында ересектеу кезімізде университеттің сырттай оқу бөлімінде оқыған біз де бармыз. Ол ешкімді жатсынбады, төле-жара қарау дегенді білмеді. Өмірде дұрыс жол таңдауымызға жанапшыр көңілімен ықпал етуге тырысып, бәрімізді бірдей көретіндігімен де жадымызда жатталып қалды. Әрине, сабақтың нәтижесіне оқитындарға айрықша ықылас танытып, демеп жіберуге дайын тұратын. Тіпті кейде бізді ескіртті, ол ұстазымыз бола тұра бауырласып кететін кездеріміз де жиі кездесетін. Соның бір дә

елі, ақжарқын ағамыздың ырыс-береке мен сыйластық ұялаған отының басына да еркін барып, ақжарқын ағамен емен-жарқын пікірлесіп, Клара жеңгеміздің қонақжай дастарханынан дәм татып үгінгі күн мен болашақ, дәуір тынысы төңірегінде ағыл-тегіл әңгіме тыңдаған кездеріміз сол сәттерде әрқайсымызды мақтаныш сезіміне бөлесе, енді міне сол күндердің шуағын рухани азық тіп келеміз.

Жаны да, ары да таза, ақиқатты бәрінен жоғары қоятын, ешкімге қылдай қиянаты жоқ, жалғандық пен жағымпаздықты жаны қаламайтын, сол дара қасиеті өзіне жарасып тұратын арда замат әлі де сол қалпынан айнымай, адамдықтың асқар асуларын артқа тастап келеді. «Сүйер ұың болса сен сүй» деген Абай даналығы осы Нәкең секілді алып тұлғаларға арналғандай...

Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
*ҚР Мәдениет қайраткері,
«Дарын» жастар сыйлығының лауреаты:*

ЖАЛАҢ СӨЗГЕ ЖАНЫ ҚАС

Филология ғылымдарының докторы, профессор Омашев Намазалы Омашұлы туралы үзік сыр

Ең алдымен, Намазалы Омашұлы туралы сөз болғанда оның өсіп-өнуіне өзі шыққан ортасының үлкен ықпал еткенін айтпай кете алмайсыз. Өйткені ауыл-аймаққа сыйлы отбасында - қазақтың қарапайым зиялы шаңырағында дүниеге келуі соның айғағы. Марқұм Омаш ақсақал көргенді әрі көшелі кісі болыпты. Бар назарын бала тәрбиесіне аударған, олардың адал да еңбекқор, салауатты әрі саналы өсуіне өмірін арнаған екен. Әрқашанда орнымен ақыл-кеңесін айтып, өрендерінің зерек те ерек жетілуін әкелік парыз санапты. Бұның бәрі болашақ қаламгердің зиялы ғұмыр кешуіне бірден-бір сеп болғаны мәлім.

Жас та болса бас болатынын алғашқы аяқ алысынан-ақ аңғартты. Жасынан алғыр өскен ол алдымен білмекке ұмтылған. Сосын, кейін келе онысын іске асыруға талпынғанын байқар едік.

Өрине, студент кездің өзінде кіл бір "сен тұр, мен атайын" қыз-жігіттер тобын бастап, кейін қатардағы оқытушыдан қара шаңырақ - университеттің проректорлығына дейінгі жолдан өту кім-кімге де оңай жүк артпасы анық. Осы меже биігінен қай орта, қай орында

болсын абыроймен көріне білген Н.Омашұлы қашанда біліктілігін іскерлікпен ұштастыра алатын. Сондықтан да шығар, әр кез сенім күшейген, міндет ұлғайған. Содан өзіне көрсетіліп жататын осындай бар сенім мен жауапкершілікті ынты-шынтысымен атқаруға бел буатын. Ондағысы - қолынан келгенінше ортақ істен аянбау. Ел үмітін үкілеу, шет жұртпен қатардан қалмай, терезесі тең, ауқымы кең байланыстар орнату. Әр істі бастағанда, қалай бітетіні әрі оңай шағылатын жаңғақ еместігі ә дегеннен-ақ аңғарылады. Дегенмен, діттегеніне жетпей қоймайтын қағылездігінен де жұмысты ұтқырлықпен ұйымдастыра білген. Уақыт үдесіне сай іскерлік пен ілкімділік арқасында алдағы қандай да күрделі міндетті орындап шығатын.

Ол журналистика факультетінің деканы болған кезінде істі жоғары деңгейде ұйымдастыру жағына баса мән берді. Соның арқасында атағы әлемге танымал үздік университеттердің журналистика факультеттерімен үзеңгі қағыстырып, тығыз байланыста өркендеуіне мүмкіндік туғызды. Барған сайын алға қойған мақсат ауқымы ұлғая түсті. Оқу процесін қазіргі талап деңгейінде құрып, жетілдіре беру, сондай-ақ жас өркенді отаншылдыққа тәрбиелеуде ұстаздардың алда жүруіне жүйелі жетекшілік етті. Бастапқы қ адамдар баянды болғасын, енді оны дамыта отырып, ырғақты үрдіске айналдыруды естен шығармады.

Осы ретте, дара ұстаз, академик, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Зейнолла Қабдоловтың айтқан мына пікірі ол жайындағы ойды толықтыра түседі. "...Ұстаз деген ардақты атты кіршіксіз таза күйінде алып жүргендердің бірі, бірегейі десе де болады, ол — мына отырған менің Намазалы шәкіртім. Біреулер кресломен көркеюге барады, біреулер креслоны көркейтуге келеді. Шырағым, біз таныған қалпында тұр! Әрбір менің ұстаздық тәрбиемді алып, түлеп ұшқан шәкірт — менің қолымнан шыққан төлтума кітабым іспетті. Мен жазған кітаптардың ішіндегі классикасы — Намазалы Омашұлы!" Бұған алып-қосар жоқ. Ендігісі, мұны дамыту ғана секілді.

Тарихтың омыртқасы хроника болса, жүрісінен жаңылмайтын тек - факті. Н.Омашұлының өмірбаянына үңілсеңіз, тым асығып, албырттыққа салынбайтын, тым баяу қатардан да қалмайтын қоңыраулы қоңыр қаламды серік еткен жорға жүрісті байқайсыз. Туа бітті болмысындағы осы бір сабыр мен саф ауадай тазалық өмір жолындағы іздерінде сайрап жатқаны анық.

Елге тыныштық орнап, дүрбелең мен сүргін басылған сонау 1950 жылы 19 қаңтарда Жамбыл облысы Мерке ауданының Ойтал ауылында дүниеге келеді. 1967 жылы орта мектепті бітіреді. 1969 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1974 жылы университетті "журналистика" мамандығы бойынша ойдағыдай тәмамдайды.

Сөйтіп, өз еңбек жолын Қазақ радиосында бастады. Республиканың орталық радиосында жүріп, көптеген мазмұнды хабарлар мен қызықты репортаждар әзірлеп, эфирден өткізді. Қазақ радиосында тұңғыш тікелей эфир ұйымдастырып, радиоочерк, радиопельетон сынды сан түрлі жанрларға жан бітірді. Осындай өзінің зеректігімен көзге түскен жас маман университеттің журналистика факультетіне 1977 жылы оқытушылық қызметке шақырылды. Жаңа жұмыста да іскерлігін, белсенділігін және біліктілігін көрсетті. Өз дәрістерін тәжірибе мен теорияға ұштастыра құрып, студенттер мен ұжым алдында беделге ие болды. Ол жоғары мектеп оқытушысына тән барлық баспалдақтардан өтті. 1977-1979 ж.ж. - ассисент, 1979-1986 ж.ж. - аға оқытушы, 1986-1992 ж.ж. - доцент, 1993 жылдан бастап профессор қызметтерін атқарды. Намазалы Омашұлы 1984 жылы Мәскеу қаласында Одаққа әйгілі журналистика теоретиктерінің алдында "Фельетон радиожурналистика жанры ретінде" атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, ал 1992 жылы "Қазақ радиобабы: қалыптасу және

даму проблемалары" деген тақырыпта докторлық диссертациясын табысты қорғады. Ол 1993 жылдан бастап радиожурналистика кафедрасының меңгерушісі, 1995 жылдан ЮНЕСКО профессоры және журналистика факультетінің деканы, 1996 жылдан ЮНЕСКО-ның Қазақстан мен Орталық Азиядағы бұқаралық ақпарат құралдары және журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін де қоса атқарды. Қазақ журналистикасының тарихында тұңғыш рет өз басшылығымен ашқан диссертациялық кеңеске төрағалық етіп келеді. Сондай-ақ, журналистикадан республикалық әдістемелік кеңестің де төрағасы. Ал 2001 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры.

Қысқа шолып өтсек – осы. Зады, шығармашылық адамының ғұмырын байытып, өткенін баянды ете түсетін – өнербаян. Енді соны тарқатып көрелік. Алдымен әңгімеге сегіз қырлы бір сырлы жігіт ағасының қаламгерлік қыры сұранып тұрғаны анық.

Өзіндік қолтаңбасы бар Намазалы Омашұлының қарымы мен әр басқан адымы өзінше өрнек. Себебі "асықпай жүріп, анық басатын" табандылығы, алымдылығы жазғандарынан да айқын аңғарылатыны жәйдан жәй емес-ті. Тынымсыз ізденістен туған "Толқындағы "тотияйын" атты іргелі монографиясынан, "Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы", "Белестер", "Жол үстінде – журналист" атты кітаптарынан ілкімділіктің ірге көтергенін көрер едік. Әрбір ғылыми еңбек, мақала, ой толғаныстарында рухани бірізділіктің біте кайнасып жатқанын аңғару қиын емес.

Уақыт шындығын бейнелеуде боямасыз өмір көрінісі, тезге түскен тағдыр талайы, шытырманы мол оқиға өрісі өткірлігімен, шынайылығымен көкейге қона кетеді. Бәрінен бұрын тілдік өрнектің жатық та қарапайымдылығы, әрбір еңбегінің, шығармасының композициялары сананы сарсылтатын күрделілігімен емес, жүрекке жол таба қояр түсінік кеңдігімен ерекше. Бұл - шеберлікке тән қасиет. Қаламгердің осындай қатпарлы құпия сырын шығармаларынан тауып, танып білу арқылы өзінше ойға шомдыратын тәлімнің дәмін тамсана татасың.

"Азамат парызы" очеркінің мына бір жолдарына көз жүгіртейікші:

"Бұрқап тұрған қар ұшқыны басылып, түлкі орнынан тұрып, дүр сілкінді. Одан сайын нарттай құлпырып, күміске көмілген қызыл нүкте алауланып біраз тұрды да, қиырдан асып, ғайып болды. Бір сәттік қана сұлулықтың үзіліп кеткеніне іштей налып тұрғандай..."

Немесе: "... Ғасырды куә еткен сары сіңір сексеуілі мен өздігінен шіріп, құлап түскен дүзгені де ұзақ мезгілдің айғағындай. Бұл өңірдің мінезі де өзге жердің табиғатына ұқсамайды. Кейде дүние көшіп жатса да, сабырлы қалпынан бір аумайтын салиқалы мінезі ауыр жанның табиғатына келеді. Өршіп соғатын дауылы бір көтерілмесін көтерілсе дүние қара түнекке оранып, қиыршық тас пен құм жауады да тұрады. Екіленіп көтерілген жел аптағар жуық басылмай, қойнаудың бей-берекетін алады. Ақыры адуыны қайтқан жандай біртіндеп барып басылар еді.

Осыдан кейін дүние шайдай ашылып, өңірдің жүзі өзгеріп сала береді. Жайма-шуақ мәзіре жай қалпы қайта оранып, қойшы-қолаң, жан-жануар жадырап шыға келетін. Құм мінезі осындай..."

Бір есепте бұл аталған туындылардың шарықтау шегі (кульминациясы) іспетті. Бәрі тайға таңба басқандай апайқын. Бұған дейін де, кейін де оқиға өрісі қалай өрілерінен өзіңше ой түйе бересің. Қойыртпақталған ештеңе жоқ.

Көкірекке қонымды-ақ. Қысқасы, манадан айтқандарымызға мысқалдай ғана мысал - осы.

Н.Омашұлының шығармашылығындағы барша жақсы нышандар мұнымен түгесілмек емес. Ол күрделі тіршілік құбылыстарының ой-шұңқырына үнілуде, өмірдің сан қалтарысының өзін мейлінше шынайы да шымыр жеткізуде шыншыл бағытты ұстанады.

Қаламгердің кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы сонылығы — нағыз нанымды, турасын айтқанда, тірі пендені тірлігімен көз алдыға көлбеңдетіп келтіретіндігінде. Жақсылығы мен жамандығы, қуанышы мен қайғысы қатар жүрер өзіміз өткеріп келе жатқан күйбең өмірдің таусылмас таңғажайыптары - бәрі-бәрі оқиға желісінде көрініс табады. Кейде кейіпкер кейпіне еніп, тағдыр ұқсастығынан тағлым алатының да бар.

Жетпісінші жылдардың екінші жартысында Н.Омашұлы очеркистік қалам-қарымымен танылғанын айтпай кете алмаймыз. Сезім образы мен нәзік лиризм шығармаларының әр кез шырайын келтіргенін көрер едіңіз. Мұнымен қоса фельетон жанрында да өнімді еңбек еткені бөлек әңгіменің жүгі. Оған кеңес қоғамының келеңсіз жайттары мен кемшін тұстарын сынап-міней отырып, тұтас юморлық эпизод, күлкілі диалогтармен езу тартқызған сатириктік қыры айғақ.

Міне, осындай ерекшеліктерімен есінде қалатын қасиетке ие қаламгердің өзіндік өрнегі оқушыны бейтарап қалдырмайды. Сондықтан да әрбір туындысын талдап-таразылаудың қажеттігі жоқ шығар.

Кейде рухы қуатты қаламгердің қандай да болсын суыт соққан суық желдің ығына жығыла кетпей, қайта қарсы қайрат көрсетіп, көңілдің көк дөненіне қамшы басқаны байқалады. Қаламгердің туындыларын оқи түсе осыны байқар едік. Ал азаматтық бейнесі өз алдына. Шығармашылығына көз жүгірте отырып, адамшылық болмысын тану қиын емес.

Н.Омашұлының және бір қыры — журналистиканың теориясына қосқан қомақты үлесі, өз саласының білгір маманы екендігі. Бұл ретте, Н.Омашұлының 300-ден астам ғылыми-публицистикалық мақалалар, жиырмадан аса кітап жазғандығын айтсақ та жеткілікті. Соның ішінде мынадай еңбектерін көзі қарақты оқырман жақсы біледі: Радиожурналистиканың жанрлары мен формалары. — Алматы, 1978; Радиофельетонның қалыптасуы және даму тенденциялары. — Алматы, 1981; Радиожурналистика негіздері: оқу құралы. — Алматы, 1983; Буржуазиялық журналистиканың теориясы мен тәжірибесіне сын: оқу құралы. — Алматы, 1986; Толқындағы "тотияйын": монография. — Алматы: Қазақстан, 1988; В борьбе с негативными: монография. — Алматы: Рауан, 1990; Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы. — Алматы: Қазақ университеті, 1992; Радиожурналистика: оқу құралы. — Алматы, 1995; Жол үстінде — журналист: жол сапар, тарихи тұлғалар және журналистика жайлы очерктер. — Алматы: Атамұра, 1999; Белестер: очерктер, фельетондар, портреттер, мақалалар, рецензиялар. — Алматы: Қазақ университеті, 1999, Қазіргі шетелдік журналистика: оқу құралы. — Алматы, 2001.

Осы тізімнен байқалғандай, ғалым зерттеуінің негізгі бағыты радиотележурналистиканың теориясы мен тарихы, шетел журналистикасы және журналистика ғылымының мәселелері. Сөз ретінде ғалымның іргелі екі еңбегі аз-кем тоқталуды қажет етеді. "Толқындағы "тотияйын" монографиясы-алғашқы ірі ғылыми ізденістерінің бірі. Негізінен қазақ радиосындағы фельетон жанрының қалыптасуы мен дамуын жете зерттейді. Жалпы, Қазақ радиосында сатиралық хабарлар елуінші жылдардың екінші жартысына қарай пайда болғанын ғылыми дәйектейді. Ал, "Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы" атты оқу құралы - 1917-1941 жылдар аралығындағы қазақ радиожурналистикасының нақтылы тарихын, жинақтаған тәжірибесін, қалыптасқан теориясын сөз ететін көлемді зерттеу. Бұл еңбек ғалымның әлі

белгісіз архив құжаттарын, арнаулы әдебиеттер мен әр жылдарда шыққан мерзімді басылымдар жарияланымдарын, ұнтаспадағы хабарлар түпнұсқаларын негізге ала отырып, Қазақ радиожурналистикасының даму тарихын, алғашқы ширек ғасырлық тәжірибесін, қазақ радиохабарларының жанрлық, пішіндік өзгешеліктерін толыққанды ашып көрсеткендігімен құнды.

Бұл ғылыми және оқулық кітаптар жас журналистердің, ғалымдардың және журналистика тақырыбы қызықтыратын барша қауымның пайдаланатын негізгі әдебиеттеріне айналды. Жоғарыда аталған еңбектер -қазақ әдебиеттану және журналистика, публицистика ғылымдарына қосылған үлкен үлес.

Профессор Н.Омашұлының ғылыми-зерттеу еңбектері жиырмадан астам халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда сыннан өтті. Мәселен, Астанада, Алматыда, Таразда, Мәскеуде, Лас-Вегаста (АҚШ), Монреалда (Канада), Парижде (Франция) өткен конференцияларда жасаған баяндамалары лайықты жоғары бағасын алды. Ол "10.01.10 – журналистика" мамандығы бойынша Қазақстандағы тұңғыш ғылым докторларының бірі.

Әр жылдардағы ғылыми-шығармашылық үздік еңбектері үшін Н.Омашұлы "Білім және еңбек" журналы сыйлығының (1981), Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының (1989) және А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының (2000) лауреаты атанды. Және Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақстан Журналистер Одағының белсенді мүшелерінің бірі.

Енді Н.Омашұлы өзі жеті жыл басқарған ҚазҰУ-дің журналистика факультетіне қандай жаңалық әкелді дегенде ауыз толтырып айтарлық істердің бір парасына ғана тоқталсақ жеткілікті. Іргетасы сонау 1934 жылы Коммунистік журналистика институты болып қаланған факультеттің қазіргі келбеті жаңа уақыт межесінде жасақталып, соны ізденістер үстінде. Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық салаларын қамтитын жеті кафедра жұмыс істейді. Арнайы жабдықталған оқу залы, компьютерлік класс, пароболистік антенна, жаңа фотостудия бар. "Журналист" атты оқу-тәжірибе газеті шығарылады. "Сана" теле және радио студиялары студенттердің шеберлігін шыңдайды. "10.01.10-журналистика" мамандығы бойынша диссертация қорғалатын Кеңес ашылды. Онда отыздан аса жас ғалымдар ғылыми аренаға жолдама алды. 1996 жылы ЮНЕСКО Халықаралық ұйымының бұқаралық құралдар және журналистика жөніндегі кафедрасы ашылды. Бұл кафедра - Орталық Азия мен Қазақстандағы қазіргі журналистика проблемаларын зерттейтін бірден-бір орталық, әрі дүние жүзінің 22 елінде ғана бар. Журналистика факультетінің ынтымақтастық, қарым-қатынас аясы кеңейді. Қазір АҚШ, Франция, Германия, Корея, Филиппин, Польша, Канада сияқты мемлекеттердің журналистік білім беру жүйелерімен байланыс орнатылған.

Н.Омашұлы Қазақстан журналистикасының өсіп-өркендеуі мен дамуына ұйытқы болған тұлғаның бірі екенін қадап айту ләзім. Өйткені, ол 1995 жылдан әмбебап журналистер әзірлейтін республикадағы бірден-бір оқу орны - журналистика факультетінің деканы ретінде көп еңбек етті. Бұл күнде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті — республикадағы журналистік білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік орталығы. Заман талабына сай жаңашылдықтың жарқын іздері байқалса, бұл істе, сөз жоқ, ұжым басшысының еңбегі зор. Декандық қызметте Н.Омашұлы өзін іскер басшы, білікті ұйымдастырушы және жаңалық жаршысы ретінде көрсете білді. Ол жетекшілік еткен кезде журналистика факультетінде бұқаралық ақпарат құралдарына қандай журналистер қажет екендігі ескеріле отырып, оқу бағдарламалары түгелдей дерлік жаңартылды. Бұрынғы ескірген пәндердің орнына "Журналистика және менеджмент", "Журналистика және халық

аралық қатынастар", "Газет маркетингі", "Мерзімді баспасөз дизайны", "Баспасөздегі компьютерлік технология", "Публицистика және саясат", "Ғылыми-танымдық журналистика", "Телерадиожурналистиканың теориясы мен методикасы", "БАҚ: заңдылық мәселелері", "Журналистика және әдебиет", "Публицистика өнері", "Мерзімді баспасөздің, ақпарат агенттіктерінің теориясы мен методикасы", "Паблик рилейшинз", тағы басқа да күн талабына сай жаңа пәндер бойынша дәрістер оқытыла бастады.

Бір анығы, жоғары оқу орнын ашатын да, жабатын да - СТУДЕНТ! Бұл қағидаттың растығы қазіргі таза бәсекеге құрылған жоғары оқу орындарына абитуриент тарту науқанында айқын байқалып жүр. Соңғы жылдары факультетте "Баспа ісі", "Бұқарамен байланыс" сияқты заман сұранысы тудырған жаңа мамандықтар мен "Халықаралық журналистика", ЮНЕСКО, "БАҚ және жарнама менеджменті" секілді кафедралар ашылды. Сондай-ақ, факультеттің материалдық-техникалық базасы соңғы технологиямен жасақталды.

Халықаралық байланыс жөнінен журналистика факультеті университетте алдымен аталады. Оған жоғарыда атап кеткен шетелдердің ірі журналистік білім беру жүйелерімен халықаралық байланыс орнатылғаны дәлел. Н.Омашұлының өзі екі мәрте АҚШ-тың Оклахома мемлекеттік университетіне, сондай-ақ, Парижде (Франция) және Монреалда (Канада) өткен ЮНЕСКО-ның Халықаралық конференцияларына барып, ғылыми баяндамалар жасап қайтты. 1996 жылдан құрылған халықаралық ЮНЕСКО ұйымының Орталық Азия мен Қазақстандағы журналистика және коммуникация жөніндегі кафедрада оқытушылар мен студенттер әлемдік деңгейдегі телеарналар хабарларын, ИНТЕРНЕТ байланысын пайдалана отырып, журналистік зерттеулер мен талдаулар жүргізумен айналысады.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Н.Омашұлының талантты жастарға деген қамқорлығы ерекше тоқталуды қажет етеді. Қолынан жазу келетін талай ойлы өренді ғылымға баулып, жолдама берді. Ісіне мығым, білікті шәкіртін жасына қарамай басшылық орынға да қойды. Жалпы, адамның ісіне, талантына қарап бағалауы осы қадамдарынан аңғарылар еді. Жаңа уақыттың техника-технологиясы мен ілім-білімін тел емген жас ғалымға да, оқу орнына да қажет екенін жақсы түсінетін ұстаз кездескен кедергі-қиындыққа қарамай оларға жол ашты. "Ақыл жастан..." деп үлкен сенім білдірді.

Осылайша, "жанам деген жігітке от беретін, шабам деген жігітке ат беретін" орта — журналистика факультетінің барлық жағынан толысып жетіліп, ең бастысы — жаңа уақыттың бар жақсы нышанына қарап бой түзеуіне берік іргетас қаланды. Ендеше, мұны Н.Омашұлының қайраткерлік қыры деп қабылдауға толық негіз бар.

Жалпы, Н.Омашұлының сан қырынан танылған талант иесі екенін тек алдын көрген шәкірттері ғана емес, бүгінде қазақтың қара сөзін қадір тұтқан көпшілік қауым жақсы біледі. Бір бойына тоғысқан қаламгерлігі, ғалымдығы, ұстаздығы - бәрі-бәрі тек қолтығы сөгіле, қан сорпасы шыға төккен тер мен сіңірген еңбегінің бүгінде өтеуі іспеттес. Бәрінен бұрын шәкірттеріне осы ғалым-ұстаздық қыры жақын, әрі жыға таныс.

Соңғы ширек ғасырдың бедерінде университет бітірген, бүгінде қазақ журналистикасының қара қазанын қайнатып жүрген журналистердің барлығына ұстаз, ақылшы. Талай талантты шәкірттердің тұсауын кесіп, ғылымға деген жігерін жаныды. Және бұқаралық ақпарат құралдарына мыңдаған мамандар әзірлеуге үлкен үлес қосқан. Байқап қарасақ, аз уақыт, аз көрсеткіш емес. Бүгінгі бүтін бір ұрпақтың өмірі. Қазақтың "Елу жылда — ел жаңа, жүз жылда - қазан" деген нақылы тұрғысынан келсек, сонша мерзім шәкірт тәрбиелеу де мықтылықтың бір мысқал көрінісі. Н.Омашұлының талғамының биіктігі мен талабының күштілігін сезініп өскен шәкірт күні ертең сол деңгейден көрінуге дағдыланатыны бар. Өйткені,

еңбекке ерте үйренген ұстаздың жалқаулыққа жаны қастығына еш шәкірті шәк келтірмейді. Жөн сөз айтып, жөндем болуға шақыруда қарабайырлықпен емес, қарапайымдылығымен ерек.

2001 жылы Кембридждегі (Англия) Халықаралық биографиялық орталық журналистикадағы, білім берудегі және ғылымдағы ересен зор жетістіктері үшін Н. Омашұлына «Жылдың Халықаралық адамы» атағы мен медалін табыстады. Елдегі бұқаралық ақпарат құралдары мұны қазақ журналистикасы мен ғылымына әлемдік деңгейде берілген жоғары баға деп мәлімдеді. Шындығында солай, ерінің ғана емес, елінің де жеңісі еді.

Еліміздің маңдай алды оқу орны – ҚазҰУ-дің тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры ретінде зор жауапкершілік жүгін арқалағанын университеттің сол кездегі тынысынан аңғарар едік. Білім ордасында жалпы идеологиялық жұмыстар қолға алынып, студенттерді мамандықпен қатар адамдыққа тәрбиелеу жағына жете көңіл бөлінді. Қадап айтқанда, ұлттық өнер – рухани өрісімізді жас өскін, жаңа ұрпақ бойына егу арқылы студенттерді отаншылдыққа баулу мәселесі жолға қойылды. Соның қатарында дәстүрге айналған «Менің Қазақстаным!» фестивалі, «Мемлекеттік тіл-менің тілім» байқауы, ақындар айтысы сынды мәдени шаралар бар. Сондай-ақ, студенттердің қоғамдық жұмысқа белсенділігін арттыратын Студенттер сарайының, Студент-жастар орталығының, университет мұражайының т.б. жұмысына жан бітті. Ұстаздар қауымы ғана емес, студенттер де дер кезінде республикалық газет-журналдармен танысып отыратын болды. Міне, осы сияқты тіл және тәрбие жұмысына қатысты салмақты шаралар басы-қасында жүрген Н.Омашұлы және бір қырынан ашыла түскенін айтуымыз керек.

Қаламгер, ғалым, ұстаз Намазалы Омашұлының еңбек жолы жайлы сыр шерткенде осындай үзік ойларға кенелеріміз кәміл. Оған басты себеп оның көзі қарақты қауымды бейтарап қалдырмай өзіне ғана тән жоғарыдағыдай ерекшеліктерімен есте қалатын қасиетке ие өзгеше өмір өрнегі. Өз биігін, рухани-табиғи мүмкіншілігін іздеуде асықпай анық басар азаматтың талай додаға түсер асуы алда. Яғни, бұл – орта жолға дейінгі ғана жеңісті, жемісті жүріп өткен соқпағы.

Майра САГЫМБАЕВА,
Руководитель пресс-службы КазНУ им. аль-Фараби:

КОГДА СЛОВА СОЗВУЧНЫ ДЕЛАМ

*Краткий очерк о научной, творческой и педагогической деятельности доктора
филологических наук, профессора
Омашева Намазалы Омашевича*

Начиная слово о Намазалы Омашеве, наверное, нужно в первую очередь сказать о том огромном влиянии, которое оказали на него семья и та среда, в которой он вырос. Ведь, как известно, ничто не способно стать выше семьи в воспитании человека.

Намазалы Омашев родился 10 января 1950 года в селе Ойтал Меркенского района Жамбылской области. Это были послевоенные годы, когда разруха и лишения остались позади. Маленький аул, обычная казахская семья, которую почитали и уважали сородичи, – это родной и дорогой ему отчий дом.

Отец Намазалы, аксакал Омаш, был человеком скромным и порядочным, но отличало его от других – особое отношение к воспитанию детей. Он считал своим отцовским долгом воспитать детей трудолюбивыми, образованными и достойными людьми. Аксакал Омаш мечтал, что когда-нибудь будет гордиться своими детьми, и воспитывал их строго – возвышая ум и характер и направляя к достижению высоких целей в жизни.

Обладая с детства хорошими способностями, Намазалы стремится расширить свои познания жизни, и после окончания школы поступает на факультет журналистики Казахского государственного университета.

Уже в студенческие годы он выделялся среди своих сверстников ярко выраженными чертами лидера. И с тех самых пор это лидерство продолжается всю жизнь – со студенчества и по сей день.

После окончания университета восприимчивый к реалиям времени и целеустремленный молодой Намазалы начинает делать уверенные шаги, примеряя к жизни все то, чему он научился за годы учебы в стенах факультета журналистики.

Умение преодолевать трудности, решать любые стоящие перед ним задачи, стремление к профессиональному совершенству в своей работе – эти качества характера становятся залогом успешной деятельности Н. Омашева, позволяя занимать ответственные руководящие должности вплоть до высоких – проректора самого большого и значимого университета страны, а это, следует заметить, не каждому по плечу.

Но какую бы должность ни занимал Намазалы Омашев, он всегда оправдывал возложенное на него доверие, никогда не подводил своих коллег и всегда с уважением относился к подчиненным. Такие черты, наверное, присущи только людям с большой силой воли, умеющим ставить перед собой серьезные цели, одним словом, Личности.

Если факты являются неотъемлемой частью реальности, то хроника – суть истории

вообще и отдельной личности в частности.

Взглянув на биографию Н. Омашева, можно увидеть, как отчетливо вырисовывается жизненный путь человека с чистыми помыслами, не отстающего и не забегающего вперед своего времени, не терпящего суеты по мелочам. Его размеренные шаги по жизни подтверждаются уравновешенностью характера, выдержанностью поступков и стремлением к достижению новых вершин.

Трудовая биография Н. Омашева начинается с Казахского радио. Работая на республиканском радиовещании, он готовит в эфир содержательные передачи и интересные репортажи. Творческий поиск помогает молодому журналисту стать первопроходцем в своей профессии – он одним из первых на Казахском радио осваивает прямой эфир на радиовещании и новые жанры радиожурналистики – радиоочерк и радиофельетон.

Вскоре профессионализм молодого журналиста был отмечен и заслуженно оценен в журналистской среде, и в 1977 году его приглашают на преподавательскую работу на факультете журналистики КазГУ.

Со свойственным ему энтузиазмом Намазалы Омашев начинает деятельность на новом поприще. Он удачно синтезирует теорию и практику в своих лекциях, и тем самым завоевывает авторитет среди студентов и преподавателей.

В последующие годы он успешно проходит все ступени роста преподавателя высшей школы: 1977-1979 гг. – ассистент; 1979-1986 гг. – старший преподаватель; 1986-1992 гг. – доцент; 1993 г. – профессор и заведующий кафедрой радиожурналистики 1995 г. – профессор ЮНЕСКО, в этом же году он становится деканом факультета журналистики КазГУ.

О вкладе Намазалы Омашева в развитие факультета журналистики, которым он руководил в течение семи лет, можно сказать особо.

Возглавляя единственный в стране факультет журналистики, и оставаясь верным своему жизненному принципу – делать все профессионально, он прилагает все усилия, чтобы вывести родной факультет на новый уровень мировых стандартов образования. И надо признать, это ему удается...

Сегодня факультет журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби является учебно-методическим центром, где разрабатываются новые образовательные модели и учебные программы, используемые другими вузами, занимающимися подготовкой журналистов для республиканских средств массовой информации.

Будучи деканом факультета журналистики он проявляет деловые качества руководителя, грамотного организатора, чутко ориентирующегося в новых веяниях времени.

С учетом современных требований к работникам СМИ на факультете стали полностью обновляться учебные программы. Вместо устаревших дисциплин вводятся курсы по новым дисциплинам: “Журналистика и менеджмент”, “Журналистика и международные отношения”, “Журналистика и литература”, “Маркетинг газеты”, “Дизайн периодической печати”, “Компьютерная технология в печати”, “Научно-познавательная журналистика”, “Теория и методика тележурналистики”, “Паблик рилейшнз”, “Искусство публицистики” и др. Существенные изменения претерпела и материально-техническая база факультета. В последние годы были открыты новые кафедры – “Международная журналистика”, кафедра ЮНЕСКО по средствам массовой информации, “Рекламный менеджмент”. Подготовка журналистов теперь осуществляется на семи кафедрах. Учебный процесс оснащен современными технологиями, студенты имеют возможность повысить свое журналистское мастерство, занимаясь в специализированном учебном зале, компьютерном классе,

фотостудии, телерадиостудии “Сана”.

Под руководством Н.Омашева факультет журналистики одним из первых в университете начинает развивать международные связи с ведущими университетами ближнего и дальнего зарубежья. Представляя Казахский национальный университет и, в частности, факультет журналистики за рубежом, он неоднократно выступал на научных форумах в Оклахомском государственном университете, на международных конференциях ЮНЕСКО в Париже и Монреале и др.

На сегодняшний день факультет журналистики является лидером среди факультетов университета, установив тесные деловые связи в области журналистского образования с именитыми университетами США, Франции, Германии, Кореи, Филиппин, Польши и Канады.

Профессия журналиста с каждым годом становится престижной в нашей стране, и сегодня эта специальность в числе первых по количеству желающих учиться на коммерческой основе среди специальностей гуманитарного профиля. И в этом, несомненно, немалая заслуга Н. Омашева.

Н. Омашев не только прекрасный руководитель и талантливый организатор, он известен в научной среде как ученый, внесший весомый вклад в развитие отечественной журналистики.

1980 жылдардың басында мен ҚазМУ-дің заң факультетінің студенті бола жүріп, біраз уақыт Намазалы ағамның, Алматы қаласындағы Гагарин көшесі бойына орналасқан үш бөлмелі пәтерінде, сол кісінің отбасымен бірге тұрдым. Ағам маған күнделікті таң ертемен жүгіруді жақсылап тапсырды. Алғашқы кездері жүгіруге аса құлқым болмағанмен, бірте-бірте өзім де, денем де үйреніп, әжептәуір жүгіретін болдым. Күндердің бір күнінде, неге өзгере қалғанымды қайдам, күнделікті айналып жүгіретін саябақ жаққа бармай, жүгіру бағытымды ауыстырмақ болып, Жароков көшесін айналып жүгіріп кеттім. Жол-жөнекей жүгіріп келе жатып, көлік апатының үстінен түстім. Жастықтан қызық болып көрінді ме, әлгі жерде біраз уақыт тұрып қалыппын. Сәлден соң әрі қарай жүгіріп кеттім, бірақ үйге күндегіден кештеу оралдым. Ағам таңғы ас үстінде менен жүгіру туралы сұрай берді. Мен болсам өзім көрген көлік апаты туралы жасыра алмай, түгел баяндап бердім, алайда апат болған жерді, өзім жүгірген бағытта емес, күнделікті жүгіретін саябақ жақта деп айттым. Сол-ақ екен, Ағам менен ол апаттың мән-жайын, қай жерде екенін, қалай болғанын тәпшітеп сұрады. Мен болсам айтарымды айтып алып, енді бұл әңгімені қалай басқа жаққа бұрудың амалын таппай қысылдым. Әйтеуір сонымен бәрі ұмытылғандай болды. Ағам да күнделікті жүгіретін әдетімен, келесі күні маған: «Сен айтқан жерде ешқандай апаттың ізі де өзі де жоқ, ешқандай да талды көлік қақпаған», - деді. Мен ұялдым. (мен көліктің талды қаққандығы жөнінде айтқан едім).

Сөйтсем, Ағам өзі таңертемен жүгіріп жүріп, біз күнделікті жүгіретін саябақ жақтағы бағытпен жолдың барлығын қарап шығыпты. Ал мен болсам жүгіру бағытымды себепсізден өзгертемін деп, өтірікші атанып қалдым.

Кейін өмір жолында өзім де құқық қорғау органдарында қызмет жасап жүріп, Ағамның осындай сезімтал да қырағы қасиеттерін жанымға сақтап, тіпті тәжрибеде қолданып жүрдім. Ал ең маңыздысы, адам болар-болмас нәрсе үшін өтірік айтып, әбүйір таппайтындығын түсіндім, әсіресе Ағамның алдында.

Темірдей тәртіп – талабы

Тағы да сол студенттік кездердің бірі еді. Мен ағамның үйіне аптасына екі күнге, яғни сенбі және жексенбі күндері келемін. Кейде апталап та жатамын. Сол үйде астыңғы қабатта тұратын Айман атты татар қыз болушы еді. Мен сол қызбен танысып, көрші ретінде сөйлесіп жүрдім. Ондағы негізгі ойым орыс тілін тезірек үйрену болатын. Біз сияқты ауыл балалары университетте орыс тілін білмегендіктен қатты қиналып жүрдік. Оқитын кітаптарымыз да, тапсыратын емтихан да барлығы орыс тілінде еді. Ал Айман көрші болса қазақ тілін жақсы түсініп, бірақ орысша сөйлейтін. Маған керегі де сол. Сөйтіп көрші қыз маған орыс тілін үйретпекші болды. Бірақ ол екеуміз аулада көп кездесе алмаймыз. Ө

йткені мен күндіз шықсам, ол қыз кешке қарай немесе ымырт жабыла аулаға шығады. Ал ондай уақытта біздің Ағамыздың тәртібі бойынша сыртта жүруге болмайды. Бірде Айман екеуміз аулада есік алдына орналасқан орындықта әңгімелесіп отырғанбыз. Дала әлі жарық болатын. Айман болса үйінен жаңа ғана шыққан еді. Қарасам, ағам жұмыстан қайтып келе жатыр екен. Мен ол кісі ешнәрсе айтпай-ақ қойса екен деп тіледім. Бірақ ағам қасымыздан өтіп бара жатып, бізбен амандасқан соң, маған: «уақыт кеш болып қалды, үйге кір» деп айтып салды. Көрші қыз болса маған қарап, таңырқаған сыңай танытып, «еще не вечер, куда в такую рань» - деп сұрап жатыр. Мен болсам, үйде Ағамыз екеуміздің істейтін шаруамыз бар еді деген сылтаумен, қоштасып, үйге кіріп кеттім. Негізінде үйде ешқандай шаруа жоқ еді, бұл тек Ағамның барлық отбасы мүшелеріне қоятын, ымырт жабылмай үйге кіру сияқты, көп талаптарының бірі болатын.

Тек, адамды жақсылық пен тәртіпке, амандық пен сақтыққа жетелейтін Ағамыздың осындай тәрбиесі мен талаптарын кейде түсіне бермей, сол кездері басқаша пікірде болғаным үшін, қазір өзімнен-өзім ыңғайсызданамын. Ал Ағам болса, өзінің өмірлік ұстанымдары мен принциптерін еш өзгертпестен, өмірдің сара жолымен ақ жүріп, алпыс жасты да алқымдап қалыпты. Бауырлары мен балалары үшін өнеге, үлгі болған Өзіңізге, **асқаралы алпысты еңсеріп, ары қарай арындай беріңіз Асыл Аға дегім келеді!**

Тойға тарту

Сүйіншілеп жақсылық хабар үшін,
Өзіңді іздеп ағайын табары шын.
Құтты болсын мерей той, Ағатайым,
Алқымдаған алпысты Ақ Арысым!
Қиын жолда талмаған, жасымаған,
Жеңістерде шалқайып тасымаған.
Аталы сөз аузыңда, Абыз болдың,
Үстем болсын мерейің, Асыл Ағам!
Қуанбаймын мен қалай жырламаймын,
Бар шындықты қалайша жасыра алам.
Қуанғаннан көр де тұр осы тойда,
Ән мен күйді айдан да асыра алам!
Асаба, ал, шарықтат, тостар ұсын,
Тойымыз бір тамаша басқарылсын.
Жарылсын Ақ түйенің қарны бүгін,
Атылсын Аққайнарлар, ақтарылсын!

Рысбек РЫСҚҰЛҰЛЫ, досы:

— Намазалы екеуіміз Жамбыл облысы, Меркі ауданының «Ойтал» деген кішкене ауылының май топырағын белшемізден кешіп, құлын-тайдай тебісіп өскен достармыз. Кеше ғана сияқты еді: ауыл іргесіндегі «Шошқакөлде» шомылып, борпылдақ топырақты бұрқылдата бір-бір талды ат қып мініп шапқылап жүргеніміз. Енді, міне, алпыстың асуына да

аяқ іліктірдік. Уақыт – зымыран.

Бала-Намазалы қандай еді? Ол – кішкене кезінен-ақ қагілез, қайсар болатын. Қайсарлығын айтқаным болар, ол туралы ылғи да «ой, оның жүрегі үлкен зой» дейтінім. Бала-Намазалы мен құсап қыздардың көзіне құм шашып қашқан емес; көзі кеміс үлкен кісіні бір көзін қысып мазақтаған емес. Оның оғаш қылық жасағаны есімде жоқ. Ол – қашанда бізге үлгі болатын.

7-8 класс оқып жүрген кезіміз. Ауылымызға Тұрсынхан деген жас мұғалима апай келді. Мен сабақта тыныш отыра алмайтын әдетімше айналамдағыларды алаңдата бердім. Апайдың жасаған ескертуіне құлақ асқам жоқ. Мұғалимамыздың да мінезі бар екен, жыны келген болуы керек, жазып отырған қаламсабын маған қарай жіберіп-ақ қалғаны. Ол кезде шарикті қалам жоқ қой. Қаламның ондық перосы келді де менің сол жақ шекеме қадалып қалды. Сабы дір-дір етеді. Апайдың зәресі ұшып кетті білем:

– Тәжібеков, әкел ана қаламсапты! – деді.

– Жоқ, апай, дәп осылай директорға барам! – деймін мен де ерегісіп.

– Намазалы, ана қаламсапты алышы, – деді, амалы таусылған апай. Класта оншақты ұлдар отыр зой, бірақ апай Намазалыға өтініш жасады.

Намазалы қаламсапты алайын деп жақындаса – мен партадан секіріп екінші бетке өтіп кетем. Ол солай қарай өтсе, мен секіріп бері өтем. Екеуіміз «ит пен мысық» боп жүрміз. Мен бойыма сеніп жүрмін. Қанша қашсам да – тұтылдым: Намазалы бір-ақ секіріп, шекемдегі қаламсапты жұлып алды. Осы бір эпизод есімде қалып қойыпты.

Намазалының атқа жаны құмар. Ауылда бәйге болса – жарыстың алдын бермейді. Намазалы атқа қонды дегенше, бас жүлдені иеленді дей бер. Бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын қайсар жігіт боп өсті. Арамдық атаулыны жаны жек көреді. Досқа – адал. Ұқыпты.

Қыздарға жігіт боп қырындауды бастаған алғаш мен едім. Және де өз ауылымыздың қыздары аздық еткендей, қант заводынан ары теміржол станциясындағы қыздарда дәмем бар. Станцияның жігіттері ауылдан келген біздерге қыздарын қырындатып қойсын ба? Төбелесеміз. Ондайда Намазалы қасымда болса, оларға бой бермейміз. Сондықтан да станцияға онымен бірге барғанды қалаймын. Ал, ол болса, бәлденеді. Бәлденбей қайтсін?! Мен қыздарға барам, оның қызы жоқ. Жалпы, Клараға қалай сөз айтқанына таңым бар. Осы туралы Клараға айтсам: «досыңды өзім айналдырып алдым зой» деп әзілдейді.

Содан, мен оның үйінің есігінің алдына барып ысқырам. Ол шығады да, «қойшы, ей, бармаймын!» деп, үйге кіріп кетеді. Мен сүйген қызымды күтіп тұрғандай оның есігінің алдында тұра берем. Бір кезде апасы шығады. Менің тұрғанымды көреді. Сірә, Намазалыға айтатын болуы керек, біраз уақыттан соң Нәкең де көрінеді. Содан екеуіміз жаңбырлатып, қарлатып немесе май топырақты борпылдатып қараңғы түнді жамыла теміржол станциясы қайдасың деп кетіп бара жатамыз. Қайран, жастық!

Мектеп бітірген соң тарыдай шашылып жан-жаққа тарап кеттік: ол – оқуға кетті, мен ауылда жұмыс істеп қалдым. Кейін Ресейге кеттім. Сургутта он жеті жыл мұнайшы боп жұмыс істеп, пенсияға шығып, туған еліме қайтып оралдым. Намазалы бұл кезде атағын атан түйе көтере алмайтындай үлкен Азамат болыпты. Академик, профессор адам мен сияқты қарапайым мұнайшыны қайтсін деп қауіптеніп те жүрдім. Жоқ, Намазалым – сол баяғы Намазалы. Уақыт Оны өзгертпейті. Сургуттың суығына тоңып келген мені ыстық құшағына алып, жанымға жылуын төкті.

Газет беттерінен, телевизордан көріп жүретін қазақтың небір айтулы азаматтарымен Намазалының арқасында танысып жүрмін. Ондайда Намазалы:

– Мынау менің Какабай (мені ауылда осылай атайды) деген досым. Жиырма шақты жыл со-о-нау Ресейдің Сургут деген жерінде мұнайшы боп еңбек етіп келген. Көрдіңдер ғой, өзі көрікті жігіт! Сондықтан әйелдеріңе ие болыңдар, – деп, сөзінің аяғын қалжыңға айналдырады. «Менсінбей қояр ма екен» деп жүрген досым менің мерейімді үнемі осылай өсіріп жүреді. Нағыз дос!

Өткенде Ол денсаулығына байланысты Түркияға кетті дегенде қатты уайымдадым. Жоғарыда айттым ғой, «оның жүрегі үлкен» деп. Сол үлкен жүрек ептеп сыр беріп жүр. Но, нешауа! Менің досым анау-мынауға бой бермейді. Әлі-ақ құлан-таза айығып кетеді!

Ал, Нәке, алпыс жасың құтты болсын! Денің сау болып, Клара-ханум екеуің бала-шаға, немере-шөберелеріңнің қызығына тоймай жүре беріңдер! Достық әзіліміз үзілмесін!

Шынар ҚЫРЫҚБАЙҚЫЗЫ,
досының жұбайы:

– Мен Намазалыны Рысбектің айтуы бойынша бұрын сырттай білуші едім. Нәкеңнің отбасымен араласқалы алты жылдың жүзі болды. Содан бері жақынырақ танысып-білісіп жатырмыз. Досы туралы Рысбек айтып жатыр ғой. Мен Намазалының жары – Клара туралы айтсам деймін.

«Мал таппайтын еркек жоқ, құрарын айт...» деген мақал бар. Намазалының «тапқан малын» ұқсатып құрап, түтінін түзу түтетіп отырған Клараның еңбегі зор. Жиі дастархандас боламыз. Оның өзін ұстауы, Намазалыны құрметтеуі – өзгеге өнеге боларлық іс-әрекет. Біз де бір кісідей күйеуімізді құрметтейміз. Дегенмен, Клараның Нәкеңе деген құрметі ерекше.

Қыз анаға қарап өседі дейді. Осы жолы Нәкең денсаулығына байланысты Түркияға барып-қайтты. Қарлығаштың қанатымен су сепкендей қызының өзіне деген қамқорлығын Нәкең аса бір ризашылықпен айтып отырды. Бұны да Клараның еңбегінің нәтижесі деп білем.

Қазір Клара екеуіміз немере сүйген Әже, келін жұмсап отырған Енеміз. Тұрмыс-тіршілік жайлы әңгімелесе қалсақ, сөзіміз жараса кетеді. Ойымыз да бір жерден шығып жатады. Бұның өзі – Олардың бізді өздеріне жақын көргендіктерінен деп түсінем.

Өз басының проблемасын айтып айналасындағыларды шаршатып жіберетін адамдар бар ғой. Бірақ, Намазалы өзін мазалап жүрген денсаулығы туралы айта бермейді. Бұл – жақсы қасиет.

Өткенде Клара шығайын деп жатқан осы кітап жайлы сөз арасында айтып еді. Сонда өзім іштей түйіп қойғам. Намазалы туралы Рысбек екеуіміз айтуымыз керек қой деп. Міне, сол тілектің сәті түсті. Мынадай үлкен той үстінде мен медик ретінде Намазалыға бірінші – денсаулық; екінші – ақжсаулық – Кларасымен бірге ұзақ ғұмыр тілеймін!

Әсел НАМАЗАЛЫҚЫЗЫ:

– Мен нағашы Ата-Әжемнің қолында тәрбиелендім. Атамды – «Ата», Әжемді «Мама» деп атадым. Сондықтан өз Әке-Шешемді «Ағатай», «Әйә» деп атаймын.

Ағатайыммен алғаш «танысуымды» онша еске түсіре алмаймын. Ол кезде небары үш жаста едім ғой... Бірақ, сол кездің өзінде-ақ, «авторитеттің» күшін сезіп ем. Атасы мен Мамасының ерке Әселіне бұл «авторитет» қиындау тиді. Қатаң тәртіп, артық

айтылмайтын сөз, биік талаптар – Ағатайымның синонимі болатын. Әлі де солай. Біздер, балалары, Ол кісіге ойымызды еркін жеткізе алмайтынбыз. Бізге тым қатал көрінетін.

Уақыт бәрін де өзгертті. Біз есейдік. Әрқайсымыздың өз отбасымыз, бала-шағамыз бар, өзіміз де ата-анамыз. Бұрын Ағатайыма емін-еркін ойымды айта алмаушы едім. Енді ойын жасырмай айтатын Әсел, оны мұқият тыңдайтын Ағатайым боп «өзгердік»...

Мектепте оқып жүрген кезімде Ағатайымды танитын кейбір ұстаздарым: «Ә-ә, сен Омашевтың қызысың ба?» немесе «Әкең КазГУ-де жұмыс істейді ғой?» деп сұрағандарында, әжесітәуір мақтанатынын. Әлі де солай мақтанамын! Өйткені, мұндай биіктерге кім-көрінгеннің қолы жете бермейді.

Ағатайымның айтқаны біз үшін – заң. Сондықтан мен озат оқушы болдым. Ағатайымның «сызып» берген «планкасынан» төмен түспеуге тырыстым. Ол кісі бізді әріп танығаннан бастап кітап оқуға үйретті. Күніне оқитын «нормамызды» қарындашпен белгілеп беретін. Соның арқасында алуан түрлі әдеби шығармалармен таныстым. Кітап оқу – күні бүгінге шейін мен үшін ең үлкен демалыс. Иә... «демалыс» қазір сиреді ғой...

Университетте оқып жүргенімде де маған оңай болған жоқ. Өйткені, Ағатайымды танымайтын жан кемде-кем. «Омашевтың қызы» деген атқа кір келтірмеуім керек. Оқуым да, тәртібім де мықты болуы тиіс. Ағатайым өзі болған жерде - өзі, өзі жоқ жерде - Оның аты мені тәрбиелеп жүрді.

Мінезі қатал болғанымен Ағатайым маған ешқашан ұрысқан жан емес. Екі бауырымның тәрбиесімен өзі тікелей, ал менің тәрбиеммен ортадағы Мамам, Әйәм сияқты «делдалдар» арқылы айналысатын. Соның өзі мен үшін үлкен үлгі. Бүгіндері өзім Ертолқынға соны үйретіп жүрмін: «Миникоға айғайлап ұрыспа. Айтарыңды – мен арқылы айт» деп. Қыз баланы тәрбиелеудің дұрыс жолы – осы деп білем.

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» деп бекер айтпаған ғой қазақ. Қазір сол сөздің мәнін жақсы түсінем. Бала өсіру, тәрбиелеу оңай емес. Ағатайым жиендерінің де дұрыс Адам болуын қаперінен еш шығармайды. Кездескен, сөйлескен сайын маған: «Сендердің байлықтарың – екі балаң. Соларға дұрыс бағыт-бағдар берсеңдер – ертең «жемісін» өздерің көресіңдер. Минико – өте ақылды, алғыр. Сондықтан, оның жақсы білім алуына күш салыңдар. Түбінде сол елдің премьер-министрі болады» деп, Мүнезверден үлкен үміт күтеді. «Ал, ана Қабанбайды (Ерасылды) бассейнге апар, спорттың бір түрімен айналыстыр» дейді. Шіркін, Ағатайым сияқты балаларымызға дұрыс тәрбие, бағыт бере білсек деп Ертолқын екеуіміз талпынудамыз.

Жоғарыда айттым ғой, менің бала кезімдегі Ағатайым мен қазіргі Ағатайымның арасында өзгеріс бар деп. Ол уақыттың әкелген өзгерісі ғой. Мен де есейдім, Ағатайымның бір кездері айтқандарын пайымдауым да өзгеше. Баланы тәрбиелеп-өсірудің жауапкершілігін де қазір жақсы білетін болдым. Кейде аңсаймын: «шіркін-ай, Ағатайыма қызы болып еркелемедім-ау» деп. Бірақ, менің сол арманымды Миниконың Атасына еркелеп, «жоспарды» жүз пайызға орындап жүргенін көргенімде – қуанып қаламын. Ол үнемі: «Менің атам – күшті!» деп мақтанып жүреді. Шындығында да, Ағатайым КҮШТІ АТА бола білді.

Әке – асқар таумен бірдей. Тағдырдың дауылынан, ызғарынан ӘКЕ-ТАУ мені әрдайым қорғап тұрады. АСҚАР ТАУ – ӘКЕМ аман болғай!!!

Нұрғалым НАМАЗАЛЫҰЛЫ:

– Мамам маған: «Папаңның алтыс жылдығына арналып кітап шыққалы жатыр. Соны

ң бір тарауын бауырлары мен балаларының Нәкең туралы естелік, жүрекжарды тілекке арнасақ деген ойдамын. Бала кезіңдегі папаңның ойыңда қалған іс-әрекеті жайында естелік жазып бер» дегенде, шынымды айтсам, «не жазам?» деп екі-үш күн ойланып жүрдім. Өзіңе ең жақын Адам туралы жазу... «Ата-ананың балаларына деген қамқорлығы, берген тәлім-тәрбиесі – заңды, солай болуға тиіс. Олай болса, не жазуға болады?» деп ойланғаным рас.

Кешкісін жұмыстан қайтарда мені тағатсыздана күтіп жүрген, мен есіктен кіргеннен қолын шапалақтап қуана айғайлап қарсы алатын Ердулатымды ойлап келе жатып, Папамның менің бала кезімде тамаққа тәбетім шаппай, аурушаң, кілдіреп жүретінім туралы айтқаны есіме түсті.

«Ой, сен үш жасқа дейін не көрсетпедің бізге? Иммунитетің төмен бе, жоқ көз тигіш пе, әйтеуір, аяқ асты қызуың көтеріліп, ауырып қалатынсың. Түнімен ұйықтамайсың. Қабырғалас көрші телевизорының дауысын қатты шығарып қояды. Сенің ұйықтамай жатқаның содан ба екен деп, сол көршімен де жазаласып қалғам. Аурухананың да есігіне дамыл бермейтінбіз.

Бірде, «көз тиді ме екен» деп Қаскелеңдегі тәуіп түрік шалдыкіне алып бардық. Екі қолымды алдыма қарай жая сені өңгеріп алғам. Сен шалқаңнан сұлқ жатырсың. Кірпігің әрең қимылдайды. Тәуіптің үйінің қақпасынан кіре бергеніміз сол еді, байлаулы жатқан дәу қарат арс етті. Қолымда қимылсыз жатқан сен шоршып, жерге түсіп кете жаздадың. Жанарың жарқ етіп, көзіңді бақырайта ашып алдың.

Ой, несін айтасың, сенің азабыңды тарттық қой...» деген-ді. Папамның бұл әңгімесін талай рет естігем. Бірақ, еш мән бермеген едім. Дені сау, қол-аяғы балғадай қазіргі Өзімнің бір кездері осылайша ауырды дегенге, шынын айтсам, сенбейтінмін.

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» деген қандай дана сөз! Рас екен. 2008-ші жылы Алла тағала маған ұл сыйлап, Папам немересінің атын «Ердулат» деп қойды. **Намазалы Ердулат Нұрғалымұлы.** Сол Ердулатым ауырып хирургиялық пышаққа түсетін болды. Сондағы менің жан-дүниемнің астаң-кестеңі шығып, жүрегімнің тілім-тілім болғаны-ай! Не істерімді, қайда барарымды, баламның шыбын жанын қайтіп сақтап қаларымды білмей қиналдым. Алладан – медет, дәрігерлердің саусақтарынан жәрдем тілеп, қатты уайымдадым. Папамның «Сенің бізге тартқызбаған азабың аз болмады ғой» деген сөзін сол кезде ғана ұққандай болдым.

Хирургтің «балаң әлсіз, наркозды көтере алмауы мүмкін» деген сөзі мені біржолата өлтіргендей еді. Операция біткенше екі сағаттың қандай қиындықпен өткенін айтып жеткізе алмаймын. Бүкіл өмірім тоқтап қалғандай болды.

Әкемнің мен ауырғанда қалай уайымдағанын өз басымнан өткізген осы бір сәтте Папамды қатты жақсы көріп кеттім! Осы сәттен бастап ӘКЕ деген есімнің қанишалықты құрметті, жасапкершілігі мол екендігін түсіндім.

Менің бала кезімдегі Папам – қатал папа болатын. Інім Нұржалғас екеуіміз тете болғандықтан шығар, тез төбелесіп, көп бұзықтық жасаушы ек. Соның өтеуін бұрышта тұрып өткізетінбіз. Бұл – Папамның бізге берген қатаң жазасы. Бірақ бұндай «жазадан» біз жаман болдық деп ойламаймын. Немерелері өмірге келгелі Папам «жұмсарды»: оларды айналып-толғанып көп еркелетеді.

Папам өте қабілетті жан. Со-о-нау, 1998 жылы Америкаға алты айға мен оқуға, ал Папам ғылыми жобамен іссапарға бардық. Мен онсегіздемін, ал Папам елуге келіп қалған кезі. Екеуіміз бір партада отырып ағылшын тілін үйренеміз. Ол кісінің жасында бөгде тілді үйрену – оңай емес қой. Бірақ, Папам бұл қиындықты жеңіп шықты. Осылайша Папам екеуіміз Оклахома Штатынан әп-әжептәуір «американдық» боп, шүлдірлеп қайтқамыз.

«Не жазам?» деп қиналып ем, жазатын дүние көп екен ғой. Қалғанын Папамның 70, 80, 90 жылдық мерейтойларының енісіне қалдырайын.

Папамды 60 жылдық мерейтойымен келіні - Айнұр, немересі – Ердулаттың атынан құттықтай отырып, Мамам екеуіне ұзақ ғұмыр тілеймін. Қалған өмірлерінде балаларының – жетістігін, немерелерінің – қызығын көрсе екен деймін!

Нұржалғас НАМАЗАЛЫҰЛЫ:

– Менің балалық көзіммен Әкем бізге қаталдау көрінетін. Бізді еркелетпейтін. Кішкене кезімде Әкемнің қолынан ұстап жүргенді жақсы көретінмін. Бірақ, Ол менің қолымды «өзің жүр» деп жібере салатын. Ондағысы «жетектеген ит ауға жарамайды» (Әкемнің сөзі) дегені ме, әлде, жетекке сүйенбей өссін дегені ме екен... білмедім.

Бізді еркелетпесе де, қазір немерелерінің бірін «алтын қызым»; бірін «академигім», бірін «батырым» деп басына көтере еркелетіп жүр. «Немере – баладан ыстық» деген осы шығар.

Әкем бізді еңбекке баулу үшін саяжайға апарып жер аудартып, шөп жұлдыратын. Мұндайда Әсел екеуіміз мұрнымыз пысылдап жұмыс істейтінбіз де, ал Нұрғалым «тиіп-қашып» Әкемнің ашуын келтіретін. Көз алдымда қалған көрініс: Нұрғалымның үюлі топырақты айнала қашып, Әкемнің қолына борпылдақ топырақ алып оны қуып жүргені.

Саяжайға барғымыз келмейтін. Әкем: «мұнда рахат қой!» дейтін. «Топырақ аудару, шөп жұлу, одан қалса помидор, қиярды сөмке-сөмке ғып көтеріп иін тірескен орыс шал-кемпірлердің арасында ауа жетпей қысылып-қымтырылып автобуспен үйге қайтудың несі рахат?» деп ойлайтынмын. Осы күні сол кездегі өзіміз өсірген «өгіздің жүрегі» деп аталатын сары-қызыл дәу помидорды жегім кеп, аңсаймын. Анда-санда базардан сатып алып кеп, сол бір балалық шақтағы қызық «оқигаларды» есіме аламын. Мені саяжайдағы көршіміз «великий садовод» деп мақтаушы еді.

Кейін саяжайға барғымыз кеп тұратын болды. Өйткені, бұрынғыдай автобуспен емес, өз жекеменшік автокөлігімізбен баратын болдық. Әрі Әкем Нұрғалым екеуімізге машина жүргізуді үйретті. Саяжайға екі-үш шақырымдай қалғанда (МАИ жоқ жерде) мені немесе Нұрғалымды рульге отырғызып қай тетікті қалай іске қосуды, тежегішті қай уақытта басуды үйрететін. Нұрғалым сасқалақтап бір тетікті дұрыс баспай ұрыс еститін. Мені кішісіне ме, әлде өзім алғырлау болдым ба (мақтануды бір кісідей білем!) маған көп ұрыспайтын. Оңаша қалғанымда Нұрғалымнан: «Ана тетікті басуды неге білмей қалдың?» десем : «Білмеймін, папам отырғанда сасқалақтап қалам» дейтін. Шындығында да, папамның мысы басатын болуы керек, екеуіміз Әкемізден машинасын «ұрлап» айдағанымызда, кәдімгідей жап жақсы жүргізетінбіз.

Бірақ ондай «ұрлықтар» көп болмайтын. Өйткені Әкем өте қазілез адам. Бірде ауылға барғанымызда Нұрғалым көкемнің машинасын от алдырып айдап, қайыра орнына қойды. Орнынан сәл-пәл ғана қиғаштау қойылыпты. Машинаның егесі – көкеміз көлігінің қозғалғанын сезген де жоқ, ал Әкеміз бірден: «мына машинаға кім тиген?» деп біліп-ақ қойғаны.

Біз есейдік. Нұрғалым екінші курстың студенті болды. Мен де мектепті аяқтауға жақын қалғам. Нұрекең бір күні шай үстінде: «Папа, мен оқуға бару үшін троллейбустың ішінде жүре берем бе?» деді. Сұрағы қызық болды. Ондағысы «маған машина алып бермейсің бе?» дегені болса керек. Әкем оған: «Е - е, троллейбустың ішінде жүргің келмесе, төбесіне шығып отыр» деді жайымен. Біз күлдік. Бірақ, көп ұзамай-ақ Нұрғалымға өзі «комбайн» деп атаған

ақ Мазданы алып берді.

Маған жол ашылған сияқты. Менің де көлік мінгім келеді. Бірақ, әлі жастаумын. Құлыққа көштім. Әкемнің өзі мініп жүрген машинасына ептеп анау мынау жазулар, түнгі жарыққа жалтылдап жанып тұратын суреттерді жапсыра бердім. Бір күні Әкем: «Бүгін мені МАИ қызметкері тоқтатып: «аға, мынауыңыз не?» деп машинаға жапсырылған ала бажсақ тарды көрсетті. Мен: «сән зой» дедім. Дегенмен маған мұндай әшекей жапсырылған машинаның руліне отыру ұят болады екен. Көлікті сен жүргіз. Мені жұмысқа апарып-әкеліп тұрасың» деді. Сөйтіп менің де тақымыма көлік бітті. Кейін өзіме ұнаған машинамды алып берді. Содан бері Нұрғалым екеуіміз бұйырған көліктің бірнешеуін ауыстырып міндік қой.

Құдайға шүкір, Әкеміздің арқасында астымызда – көлігіміз, басымызда – үйіміз бар. Сол шаңырақ астында қасымызда – жарымыз, бауырымызда – баламыз өмір сүріп жатырмыз.

Барлық Әкелер де өз балаларының болашағын ойлайтын шығар. Дегенмен, біздің Әкеміз өмір ағымынан алға қарай ұмтылады. Нарық заманының небір қитұрқы қырларын жақсы біледі. Сондықтан да менің бизнес жүргізсем деген талпынысыма қолдау көрсеткен, кейбір тұстарда ақыл-кеңес берген - Әкем. Шынын айтсам, Әкемнің ақыл-кеңесінен кенде емеспіз. Өйткені, Ол әр дастархан сайын өзін толғаған ойларын үнемі ортаға салып, жаманшылықтан сақтандырып, бізге бағыт-бағдар беріп отырады.

«Жігіт – сегіз қырлы, бір сырлы» дейді зой. Әкемде қыр көп. Соның бірі - еңбекқорлығы. Тіптен, сенбі, жексенбі күні де тыным жоқ. Әрине, маған да жұмыс тауып береді. Үйде де, «үкімет пен партияның жұмысында» да – сол. «Дұрыс дем алуды білмейсіңдер. Сендердің ендігі «жұмыстарың» – немерелеріңнің қызығын көру» деп Әкем мен Шешеме кейде ренжесімін. Қайтеміз, Олардың жаратылысы – солай зой...

Осы өзіміз тұрып жатқан екі қабатты үйді салғанда Әкем әлі өмірге келмеген немерелерінің жағдайын ойластырды. Екінші қабаттағы балконды салғанда, үйді айналдыра тротуар төсеткізіп, газон еккізгенде «мына жерде келінім немеремді коляскада тербетіп, өзі қасында кітабын оқып отырады; ал мына жолмен олар аяқтары шығып жүрген соң велосипедпен ызғытады; ал мына газонға көрпе төсеп ойнайды» деген. Расында да, менің балаларыма жақсы болды: аяқтары шыққанша қысы-жазы коляскамен сыртта болды; жазда көрпе төсеп ойыншықтарын шашып тастап жұмсақ жасыл газонның үстінде аунап-қунап ойнады. Әсіресе, түркиялықтар келгенде... Қазір өздері-ақ, Атасы айтқандай «шауып жүр». Адикош пен Асякош Аталарына дән риза!

Әкемнің қазір ептеп жүрегі ауырып жүр. Түркиядан аман-есен жазылып келсе деп тілеймін. Адикош, Едукош, Асякош, Ерасыл, Миниколар «Аталап!» алдынан шығып, Аталарының кең құшағына енгенде, қалған-құтқан ауруынан айықтырып жібереді деп сенемін. Құдай соған жеткізсін, ӘКЕ!

Сурет 3, Сурет 4

Мүневвер ЕРТОЛҚЫНҚЫЗЫ,
5- сынып оқушысы, жиені:

АТА

Атаммен өткізген Ыстықкөлдегі демалысым керемет болды! Көлге Атам екеуіміз

бірге барамыз. Әжептәуір алыс. Көлге келе салысымен суға түсеміз. Демалушылардың көбісі суда жүзе алмайды екен. Ал, Атам екеуіміз көлдің терең жеріне дейін бірге жүзетінбіз. Көп емес, небары бір-ақ сағат. Соған кейде мен налимын.

Атам екеуіміз асханадан тамақтанамыз. Тағамдары маған бейтаныс болғандықтан, онша тәбетім болмайтын. Атам ішімнің пысқанын білетін де, мені интернет-кафеге құрбыларыммен ойнап келуге жіберетін.

Атаммен бірге базар аралайтынбыз. Базар аралағанды онша жақсы көрмеймін, әрі ішім пысады. Бірақ қазақша «ішім пысып кетті» дегенді білмегендіктен амалсыз ілесетінмін. Кейін ол сөзді үйреніп алғаным жақсы болды. Атам мені түсте ұйықтатады. «Мен кішкене бөнемін бе» десем де ұйықтап қалатынымын. Ал, одан кейін оянуудың өзі күш болатын...

Дегенмен, күшті демалыс болды.

** * **

Мен бір нәрсені дұрыс жасасам Атам: «Молодец, Минико!» дейді. Мен қуанып кетемін. Өйткені, мен Атамды жақсы көремін. Атам да мені жақсы көреді білем! Есейіп мамандық иесі болғанымды Атам көрсе деймін. «Минико қандай күшті болды!» деп сүйсінгенін қалаймын. Әрдайым маған: «Молодец, Минико!» деп күлімсірегенін қалаймын! Өйткені, Атамның мені бағалап, мақтауы мен үшін өте маңызды.

Папам мен мамам кейде маған ұрысқанда Атам оларға: «Миникоға ұрыспаңдар!» дейді қабағын түйіп. Мен сонда Атамды жақсы көріп, құшақтаймын. Атамның қасында өзімді бақытты сезінемін. Мені қыдыртады, ойнатады, айтқанымды істейді, ең маңыздысы – мені жақсы көреді.

Атам салмақты, «серьезный» кісі, бірақ екеуіміз бірге болғанда менімен ойнай біледі. Атамның бильярд ойнағанын көргенде таң қалдым. Мықты профессионал!

Қазір ауырып жүр, операция болады... Бірақ мен білемін – Атам ауруды жеңіп шығады, жазылып кетеді. Өйткені, ОЛ – менің АТАМ!!!

17. 11.2009.

Қазақша тәржімалаған – Әсел Намазалықызы

Саламат БОЛАТҰЛЫ,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
4-курс студенті:*

МЕНИҢ АТАМ

*Дүрсілде, соқ,
Себебің жоқ,
Алып жүрек, асығар.
Күн ашылар,
Нұр шашылар,
Сырқатың да басылар.
Сенің иең –
Биік кісі,*

Сүйіктісі елінің.
Намазалы Омашевтің
Алтыс атты жасы бар.

Балғын дәурен өткен жері – Меркіні айт, Ойталды,
Сонда жүріп талабының зор екені байқалды.
Жүрегінің қайратымен қиындықты қайтарды.
Мағыналы сөздерімен көпшілікке ой салды.

Әулетінің қамын ойлап, елі үшін елеңдеп,
Ірі тұлға тарихтарда қалар мәңгі өлең боп.
Бәйтерек те қанишалықты биіктесе аспанға –
Сонишалықты тамыры да қатаяды тереңдеп.

Атам барда тұра алмаймын атын айтпай, мақтанбай,
Ағайынның ақылышысы, елі үшін бақ қандай!
Алтыс асу бағындырып, келесі бір заңғарға
Даналықтың нәрін алып кетіп бара жатқандай.

Ақылменен аңдап басқан әр қадамды, әр ізді,
Менің Атам ғылыми бір кітапхана тәрізді.
Елі танып бағалайтын ғалым болып үлгерді
Абыроймен атқарады қызметтегі парызды.

«Жыл адамы» деген аттың биік келер шоқтығы,
Ғалымдығын айқындайды жақсы атақтың көптігі.
Академик, елі үшін еңбек еткен қайраткер
Профессор, филология ғылымының докторы.

Алтыс жылда адалдықтың ала жібін аттамай,
Әлсіздердің ар-намысын аяғына таптамай.
Дөкейлерге дес берместен жол бастады жасынан
Менің Атам – қара түнді жарық қылған әппақ Ай!

Менің Атам – мен аңсаған шыңдардан да жоғары,
Менің Атам – алтыс жаста, ол қартайған жоқ әлі.
Немеренің тәтті иісіне алып жүрек елжіреп
Зымыраған секундпенен жарыса кеп соғады.

60 деген – ардақты жас, салмақты жас, кемел шың,
Менің Атам – аспандай кең, айтар болсам егер, шын.
Бақытты өмір болмайды-мыс, тек бақытты күндер бар,
Олай болса, әрбір күні тек бақытқа кенелсін!

Дүрсілде, соқ,
Алып жүрек,

Тамырыңды тар қыспа!
Дүрсілде, соқ,
Керегі жоқ,
Тағдырменен тартыспа!
Дүрсілде, соқ,
Өлеңім боп,
Алда әлі өмір көп.
Менің Атам –
Намазалы Омашұлы
Алпыста!

Клара ХАМЗАҚЫЗЫ:

– «Жазу» идеясын «ойлап тапқан», әрі балаларым мен Нәкеңнің бауырларының «құлақ етін жеген» Өзім болғандықтан – Намазалы туралы жазуым орынды деп білем. Өзіңе жақын адам туралы жазу оңай емес. Дегенмен, «тойда айтпаған өлеңді, қайда айтамыз?!»

Үйдегі фотоальбомдарды парақтап отырып, Намазалы екеуіміздің шаңырақ құрған анымызға ширек гасыр толғандағы ағайынмен бас қосқан кішігірім дастарханымызды бейнелеген суреттерді көрдім. Соның бірінің астында:

25 жыл талай қырат, жар асып,
Кейде тату, кейде ұрсып, таласып...
Өткізіппіз күміс Күн мен алтын Ай
Аясында дәм-тұзымыз жарасып, – деппін.

Иә, дәм-тұзымыз жарасып бір шаңырақ астында күн кешіп жатқанымызға биыл тура 38 жыл болады екен. Аз ба, көп пе, білмеймін. Білетінім – Біз бір-бірімізді қас-қабағымыздан тани алатын дәрежеге жеткеніміз; тағдырдың «қаттысын» да, «тәттісін» де бірге татып жүргеніміз.

Мені Намазалымен жолықтырған тағдырыма ризамын! Өйткені, Ол – менің өмірлік ұстазым бола білген жан.

Оң-солын толық танып білмеген, сезімнің жетегімен ата-ана әлпешіндегі он сегіздегі ерке қыздың ерте тұрмысқа шығуы – «үйлену – оңай, үй болудың – қиындығымен» бетпе-бет кездестірді. Мені сол қиындықтан алып шыққан – Нәкең болатын. Оның бәрін тәптіштеп жазар болсам – ұзаққа кетермін...

Сыртқы бейнесі суық, сұсты көрінгенімен Оның жаны жұмсақ, бауырмал жан. Біз университет бітірер жылы қайын атам қайтыс болды да, Нәкең (сегіз ағайынды) өзінен кейінгі іні-қарындастарын түгел өз қамқорлығына алды. Оқимын дегенін – оқытты; жұмыс істеймін дегенін – жұмысқа орналастырды; ұлдарды – үйлендірді; қыздарды – ұзатты; бастарына үй алып берді.

Намазалының жанының жұмсақтығы болмаса мен шешемді қолыма алар ма едім?! Анаммен бірге 28 жыл бір шаңырақ астында тұрдық. Күйеу баласы енесімен «мамшкелеп» қ

алжыңдасып отыратын. Жасы ұлғайған сайын өзінің мәңгілік мекені туралы ойлайтын болуы керек, шешем бірде:

«ертең мен өле қалсам, қалай аттандырасыңдар» дегенді бізге жұмбақтап жеткізді. Сонда Нәкең: «Мамашке, шұрқ етпе, сіз олай-пұлай боп кетсеңіз, басқаны қайдам, өзім жұмыс істейтін ұжымдағылардың бәрі «апалап» жылайтын болады» деп қалжыңдаған-ды.

Кейін шешем қайтыс болғанда ағайындардан басқа, Нәкеңді сыйлайтын Алматының бұт зиялы қауымы – академик-профессорлар, жазушы-журналистер сияқты сыйлы азаматтардың Анамның жаназасында қаздай тізіліп тұруы – Нәкеңнің жоғарыда айтқан сөзінің дәлелі еді.

Кірпігі шаң-шаң көптің ішінде білінер-білінбес боп жүргенді Нәкеңнің суқаны сүймейді. Сондықтан, өте талапшыл. Ең алдымен өзіне талап қояды және айналасындағылардың ойынан шыға білгенін қалайды. Алдыңғылардың қатарынан табылуға тырысады. Бұл – Оның өмірлік ұстанымы. Алдыңғы шепте жүру – оңай емес.

Ол күні бүгінге шейін «ауырдың астымен» келе жатыр. Ғалымдық жолындағы кедергілерді де өзінің қайрат-жігерінің арқасында жеңе білді. Екінші бірі өз елінде, өз ортасында ғылым кандидаты, докторы болып жатқанда, Оның осы атақтарды Мәскеу оқымыстыларының алдында дәлелдеп шығуының өзі – қайсарлық дер едім. «Онда тұрған не бар?» деулеріңіз мүмкін. Ауылында бір орыс жоқ, қазақ мектебін, одан кейін университеттің қазақ бөлімін бітірген қазақ баласына түстері сұп-сұр, өңдерінде жылылықтың ізі байқалмайтын орыс оқымыстыларының алдында өз еңбегін дәлелдеп шығуын ерлік дегенде не дейін?! Дегенмен, сол сұсты оқымыстылар әділетті екен. Алдарында сөйлеп тұрған қазақ жігітінің еңбегіне тәнті болған Олар бірауыздан мақұлдап, диссертациясына оң бағаларын берді.

Сол бір сәттері туралы Намазалы: «архив материалдарын парақтай бергеннен саусақтарым ақ жем боп кететін. Кешке дейін бір орыннан қозғалмай отырғаннан болар, архивтен шығар кезімде көзім қарауытып, басым айналатын. Содан, жатақханама келіп шәйнекті тыз еткізіп бір шыны ыстық қара шайды ішкенімде, па, шіркін, қазы-қарта жеп, сорпа ішкендей сел-сел терлеп бір рахат күйге түсуші ем!» дейді.

Иә, сол Мәскеуде өзі айтқандай «тепеңдеп» 12 жыл жүрді. Бір емес, бірнеше диссертацияға жетерліктей көп материал жинап қайтты. Материалдары тақырып бойынша жылдарымен қатталып «қыздың жисан жүгіндей» ұқыпты реттелген. Басшылық жұмыстарда жүріп ол материалдарды пайдалана алмады. Уақыт жетпеді. Беттерін қызыл, көк, қара сиямен деректеп жазған қызыл-қоңыр дәптерді анда көшсек те, мында көшсек те «Намазалының көз майын тауысып жазған еңбегі зой» деп мен осыған дейін тастауға қимай сақтап жүрмін. «Мүмкін балаларыма керек болар» деп ойлап ем. Бірақ олар да қажетсінбеді.

Намазалының ешқашан қиындықтан қашпайтынын жоғарыда айттым. Керісінше, қиындықпен бетпе-бет келгенде – ширай түседі. Сондықтан да маған Онымен бірге өмір сүру – жеңіл. Өйткені, Ол бар ауыртпалықты өз мойнымен көтере білетін жан. Тағы бір артықшылығы – бүгін бітіретін істі ертеңге қалдырмайтындығы; тығырыққа тірелген жағдайда – шапшаң шешім қабылдай білетіндігі.

Денсаулыққа байланысты Нәкең екеуіміздің астаналық болғанымызға тоғыз айдың жүзі болыпты. Арқадан дертімізге иіпа іздеп келген едік. Аллаға шүкір, жаман емес.

Жастығымыздың, махаббатымыздың куәсі болған, қырық жылғы қонысымыз – әсем Алматыны жасымыз жер ортасына келгенде қиып кетуіміз – тек Намазалының нартәуекелінің арқасында ғана болды. «Басқа түссе – баспақшыл» деп мұндай тәуекелге екінші бірі

бара бермес те. Ал, Нәкең бір-ақ кесті. Өйткені, ОЛ өзін-өзі бағалай, қадірлей білетін жан. Адам әуелі өзін-өзі сүюі шарт. Өзін құрметтемеген адамның өзгенің қадірін білуі – екіталай.

Алматыдан Астанаға аттанарымызда Мейірхан-құдам: «Құдағи, өйтіп-бүйтіп Нәкең ді төркінің әкетіп барасың-ау» деген еді. Керісінше, Нәкең мені қайын жұртына алып келді ғой. Алматыға екі айда бір барып балаларымыз бен немерелерімізге деген сағынышымызды «басып» келеміз. Өмір – күрес. Қазір аурумен «күресіп» «қайтсек те жеңеміз» деп, өз-өзімізді рухтандырып жүрміз.

Үйленгеннен кейін өмірге балалар келді – оларды жеткіземіз дедік; жұмыс істейміз, ғалым боламыз дедік; тұрмысымызды түзейміз дедік... әйтеуір, ұшы-қиыры жоқ қым-қуыт тірлікпен жүре беріппіз. Шүйіркелесіп әңгімелесуге де уақыт болмапты. Енді, Екеуімізде де Уақыт жетерлік. Әппақ қарға оранған ару Астананың қақ төсінде, Арқаның саф ауасын сіміре жұтып, Есіл өзенінің жағалауында өткен күндерді еске түсіре «есілтін» жүріп жатырмыз. Өткен-кеткенді айтамыз; алыстағы балаларымыздың болашағын; немерелеріміздің тәтті қылықтарын әңгімелейміз, өмірде болып жатқан жаңалықтар... әйтеуір, әңгімеміз бітпейді. Жастық шағымызда пайдалана алмаған Ұлы Уақытымызды рахаттана өткеріп жатырмыз.

Нәке, Өзіңе арнаған осы бір шағын «әпсанамды» аяқтай келе айтарым: Екеуіміздің Есілдің жағасында жүріп айтар әңгімеміз таусылмасын! Аллаһ тағалам Бізге балалар мен немере-шөберенің қызығын бірге көруді нәсіп еткей! Жасыңа – жас қосылып, денсаулығың мықты болсын!

СУРЕТКЕ

- Сурет 5. *Нәкең жұбайы – Кларамен*
- Сурет 6. *Нәкеңнің әулеті*
- Сурет 7. *Стамбулдағы қызы, күйеубаласы, жиендері*
- Сурет 8. *Қазіргі жұмыс орны*
- Сурет 9. *Намазалы Омашұлы дәрісті ынта-шынтасымен оқиды*
- Сурет 10. *Намазалы Омашұлы ЮНЕСКО-ның мінберінде*
- Сурет 11. *Ол демала да біледі*
- Сурет 12. *Ердулат, Арслан, Адина НАМАЗАЛЫЛАР*

Филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлы өмір жолының 60 жылдық, ғылыми-шығармашылық, педагогикалық қызметінің 35 жылдығына орай құрастырылған ғылыми-публицистикалық еңбектерінің биобиблиографиясы.

ОҚЫРМАНДАРҒА

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлына арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері мен ол туралы жазылған дүниелер енгізілді.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель — продолжение серии биобиблиографий ученых Казахстана — посвящен доктору филологических наук, профессору Намазалы Омашевичу Омашеву.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и творческую деятельность ученого, перечень его публикаций и материалы о нем. Они в указателе расположены в хронологическом порядке.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор
ОМАШЕВ НАМАЗАЛЫ ОМАШҰЛЫНЫҢ
ғылыми-шығармашылық, педагогикалық
қызметі туралы қысқаша очерк**

Омашев Намазалы Омашұлы 1950 жылдың 19 қаңтарында Жамбыл облысының Мерке ауданы Ойтал ауылында дүниеге келген. Ол филология ғылымдарының докторы, профессор, 2003 жылдан Қазақстан Республикасының жоғары мектеп Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі (академик), 2002 жылдан Қазақстан журналистикасы академиясының толық мүшесі (академик), Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығ

ының лауреаты.

1974 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдаған Намазалы Омашұлы өз еңбек жолын Қазақ радиосында бастады. Республиканың орталық радиосында жүріп, көптеген мазмұнды хабарлар мен қызықты репортаждар әзірлеп, эфирден өткізді. Өзінің зеректігімен көзге түскен жас маман университеттің журналистика факультетіне 1977 жылы оқытушылық қызметке шақырылды. Жаңа жұмыста да іскерлігін, белсенділігін және біліктілігін көрсетті. Өз дәрістерін тәжірибе мен теорияны ұштастыра жүргізіп, студенттер мен ұжым алдында үлкен беделге ие болды. Ол жоғары мектеп оқытушысына тән барлық баспалдақтардан өтті. 1977-1979 ж.ж. ассистент, 1979-1986 ж.ж. аға оқытушы, 1986-1992 ж.ж. доцент, 1993 жылдан бастап профессор. Намазалы Омашұлы 1984 жылы Мәскеу қаласында Одаққа әйгілі журналистика теоретиктерінің алдында "Фельетон радиожурналистика жанры ретінде" атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын, ал 1992 жылы "Қазақ радиохабары: қалыптасу және даму проблемалары" деген тақырыпта докторлық диссертациясын табысты қорғады. Ол 1993 жылдан бастап радиожурналистика кафедрасының меңгерушісі, профессор. 1995 – 2001 жылдары журналистика факультетінің деканы, 1995 жылдан ЮНЕСКО жанындағы бұқаралық коммуникация және журналистика бойынша Дүниежүзілік ОРБИКОМ ұйымының мүшесі, ЮНЕСКО-ның бұқаралық байланыс және журналистика кафедрасының меңгерушісі, журналистика бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы (1996). 2001 – 2008 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры қызметін атқарған. Қазір Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры.

Намазалы Омашұлы — ең алдымен республикаға танымал журналист. Оның журналистік қаламынан туған шығармаларынан өтіп жатқан өмірдің бедер-белестерін, сурет, көріністерін көргендей күй кешеміз. Өткен уақыттың қайырылыстарына автормен бірге қайта оралғандай боламыз. Бұған дәлел — Намазалы Омашұлының 70-жылдардың екінші жартысында жазған очерктері. Очерк жазу — екіншісінің бірінің қолынан келе бермейді. Кеңестік кезеңде очерк жазып, жариялау — тек батыл да ойлы, тілі шұрайлы қаламгерлердің еншісі болатын. Очеркпен көрінген автор — өзінің білікті журналист екендігін сөзсіз дәлелдейтін. Намазалы Омашұлы кезінде осы жанрда өзінің очеркистік қалам қарымын байқатқан екен. Әсіресе қаламгердің очеркті бастаудағы нәзік лиризмге баратындығы, шығарма шырайын енгізетін астамтөк сезім образы жанға шуақ шашады.

«Ақ түн. Ақын көсіле жырға қосатын суреттей аппақ кеш. Көгілдір әлем күміс жұлдызша тағынған, жарық нұр сеуіп тұр.

Көңіл жұлдыздары да сондай. Сенің жүзіңнен де шуақты қуаныш нұры еседі ғой, мен де шексіз елжіреп шаттанып тұрмын. Тындашы, құрбым, менің жұдырықтай жүрегім кеудеме сыймай, лүпілдеп барады. Көкірекке сусып жылы нұр құйылатын тәрізді...» немесе: «... Ғасырды куә еткен сары сіңір сексеуілі мен өздігінен шіріп, құлап түскен дүзгені де ұзақ мезгілдің айғағындай. Бұл өңірдің мінезі де өзге жердің табиғатына ұқсамайды. Кейде дүние көшіп жатса да, сабырлы қалпынан бір аумайтын салиқалы, мінезі ауыр жанның табиғатына келеді. Өршіп соғатын дауылы бір көтерілмесін, көтерілсе дүние қара түнекке оранып, қиыршық тас пен құм жауады да тұрады. Екіленіп көтерілген жел аптаға жуық басылмай, қойнаудың бейберекетін алады. Ақыры адуыны қайтқан жандай біртіндеп барып басылар еді.

Осыдан кейін дүние шайдай ашылып, өңірдің жүзі өзгеріп сала береді. Жайма-шуақ мәзіре жай қалпы қайта орнап, қойшы-қолаң, жан-жануар жадырап шыға келетін. Құм мінезі осындай...".

Адам мен табиғат арасындағы ұқсастық, егіздік, психологиялық параллелизм тәсілімен әдемі өріледі. Мұндай тебіреністер мен толғаныстар Н.Омашев очерктерінен мол кездеседі. Очерк кейіпкерлері сан алуан кәсіп иелері: қарапайым еңбек адамдары, өнер тарландары, сөз зергерлері, темір тұлпар тізгінін ұстағандар, т.б.

Қоғам қайраткері Әшімбек Бектасов, әнші Бибігүл Төлегенова, майдангер-қаламгерлер Ғазиз Әбішев, Әзілхан Нұршайықов, Қасым Шәріпов, т.б. елге танымал есімдер туралы тың деректерге көз қанығады.

Журналист Намазалы Омашевтің тағы бір шоғыр туындылары фельетон жанрында жазылған. "Май шелпек", "Сүйкеп жатыр", "Түрлі-түрлі жегіш бар", "Сен салар да мен салар", "Сауда сақал сипағанша" сияқты фельетондары тақырыбынан көрініп тұрғандай қоғамдағы келеңсіз жайттарды, кемшін тұстарды сынап-мінеуге бағытталған. Еріксіз езу тартқызатын, күлкі тудыратын сөз тіркестері, тұтас юморлық эпизодтар, күлкілі диалогтар, ұйқасқа құрылған жеңіл әзіл-қалжындар шығарма иесінің сатириктік қырын айқындай түседі.

Намазалы Омашұлы — журналистиканың танымал теоретигі, өз саласының білгір маманы, оны дамытуға зор үлес қосқан ғалым. Бұл ретте Намазалы Омашұлының 250-ден астам ғылыми, публицистикалық мақалалар, жиырмадан астам кітап жазғандығын айтсақ та жеткілікті. Соның ішінде салмақты еңбектерін атап айтқан ләзім:

Радиожурналистика негіздері: оқу құралы. — Алматы, 1983; Буржуазиялық журналистиканың теориясы мен тәжірибесіне сын: оқу құралы. — Алматы, 1986; Толқындағы "тотияйын": монография. — Алматы: Қазақстан, 1988; В борьбе с негативными...: монография. — Алматы: Рауан, 1990; Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы. — Алматы: Қазақ университеті, 1992; Жол үстінде — журналист: жол сапар, тарихи тұлғалар және журналистика жайлы очерктер. — Алматы: Атамұра, 1999; Белестер: очерктер, фельетондар, портреттер, мақалалар, рецензиялар. — Алматы: Қазақ университеті, 1999; Радиожурналистика. — Алматы: Экономика, 2005; Ақпарат әлемі. Екітомдық. — Алматы: Қазығұрт, 2006; Ұзынқұлақтан Қазақ радиосына дейін. — Алматы: Санат, 2007; Қазақ журналистикасы. Үштомдық. — Алматы: Таймас баспа үйі, 2008; Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. — Астана, 2009., т.б.

Намазалы Омашұлының "Толқындағы "тотияйын" монографиясы - ғалымның іргелі ғылыми ізденістерінің бірі. Автор Қазақ радиосында фельетон жанрының қалыптасуы мен дамуы жолдарына ой жүгіртеді. Алғашқы хабарлардағы сын-сықаққа тоқталады, микрофондық материалдардан қоғам кемшілігін сын тезіне алатын хабарларды екшеп шығарып, талдау объектісіне айналдырады. Жалпы, Қазақ радиосында сатиралық хабарлар 50-жылдардың екінші жартысына қарай пайда болғанын ғылыми дәйектейді. Белгілі қаламгерлер: А. Тоқмағанбетов, С. Шаймерденов, А. Шамкенов, Ш. Смаханұлы, Ғ. Жұмабаев, Т. Исмайыловтың фельетондары талдана отырып, жанрдың тууы туралы сөз болады.

Радиофельетонның жанрлық өзгешеліктері айқындалады, оның синтетикалық табиғаты дәлелденеді, басқа радиожурналистика жанрларымен салыстырылады, тілдік-стильдік, сюжеттік-композициялық, мазмұндық-пішіндік өзгешеліктері сараланады.

"Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы" атты оқулық — 1917-1941 жылдар аралығындағы қазақ радиожурналистикасының нақтылы тарихын, жинақтаған тәжірибесін, қалыптасқан теориясын сөз ететін көлемді зерттеу еңбек. Қазақстандағы алғашқы радиостанцияның Александр Фортинда 1912 жылдан бастап жұмыс істейтіндігін архив материалдарын мысалға ала отырып дәлелдейді. Қазан

төңкерісінен кейін қазақ жерінде Орда, Қостанай, Орынбор, Павлодар қабылдаушы радиостанциялары мен Гурьев, Есіл, Орал, Ақтөбе, Семей қуаты аз таратушы радиостанцияларының жұмысқа кіріскендігіне тоқталады. Олардың сандық, сапалық өсуі, қуаты, хабар тарата бастаған уақыты мұрағаттан алынған кескіндемелік мәліметтер арқылы көрсетіледі.

1919-20 жылдары Қырғыз (Қазақ) өлкесі жөніндегі әскери-революциялық Кеңестің төрағасы болған С.С. Пестковскиймен бірге Ахмет Байтұрсынов Ленинмен жүздесіп, граммафондар мен ластинкаларды қазақ тілінде таратудың ұйытқысы болғандығы туралы тың деректер келтіреді. Әсіресе, қоғамдық-саяси хабарлар, музыкалық хабарлар, әдеби-драмалық хабарлар, балалар мен жастар хабарлары, сыни хабарлар құрылымдық тұрғыдан негізделіп, жан-жақты талданады. Сондай-ақ зерттеушінің радиохабарының табиғаты, радиогазет, радиомитинг, радиоүндесу, радиожиналыс, радиокөңес, радиохабарлама, радиорепортаж, радиоинтервью, радиоочерк, радиоэңгімелесу, радиофельетон туралы теориялық тұжырымдары болашақтағы көптеген жас ғалымдардың ізденістеріне бастау, негіз бола алады. Ғалым әлі көпшілікке белгісіз архив құжаттарын, арнаулы әдебиеттер мен әр жылдарда шыққан мерзімді басылымдар жарияланымдарын, ұнтаспадағы хабарлар түпнұсқаларын негізге ала отырып, Қазақ радиожурналистикасының даму тарихын, алғашқы ширек ғасырлық тәжірибесін, қазақ радиохабарларының жанрлық, пішіндік өзгешеліктерін жан-жақты ашып көрсете білген.

"Жол үстінде - журналист" кітабында — қазақ журналистикасының бүгінгі таңдағы хал-ахуалы туралы сөз қозғайды. Шетел журналистикасындағы кейбір жайттар біздің бұқаралық ақпарат құралдарындағы іс-тәжірибемен салыстырылады, кадрлар даярлаудағы міндеттер сараланады. Бұл еңбектегі үлкен олжа — шетел журналистикасынан алған сабақтар. Бұрын бір ғана радиожурналистика мәселелерін сөз ететін ғалым-зерттеуші қанатын кеңге жаяды, көрер көкжиегі, барар жағалауы да ұлғая түседі. Намазалы Омашұлын АҚШ-тың газет индустриясынан, телерадиоалыптарынан үйренерлік жақсы нышандар толғантады. Қазақстан мен Орта Азиядағы журналистік білім берудің алар асулары ойланады. Қазақ журналистикасының ұлттық бояуының қанық болуы керектігі журналист даярлаудағы замана қойған талаптардың іске асу барысы, бүгінгі журналистиканың жаңа стилі, жарқын бет-әлпеті, ақпарат агенттіктерінің, газет-журналдардың, телекомпаниялардың тарихынан бастап болашаққа бет алысы тереңнен қозғалады. Оның ғылыми ой-пікірінің жаңа қайнар көздері ашылады.

